65.050
Х23

УНИВЕРСИТЕТ «ТУРАН-АСТАНА»

К.Қ. Хасенова

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Оқу құралы

УДК 330 (075)
ББК 65.012.2я7
Х 23

Пікір жазғандар:

Толысбаев Б.С. – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Шамшиева Н.Қ. – экономика ғылымдарының кандидаты, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті

Серікбаева С.Ғ. – экономика ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің доценті

Х 23 ***Хасенова К.Қ.*** Экономиканы мемлекеттік реттеу: Оқу құралы. – Астана, «Тұран-Астана», 2013. – 159 б.

ISBN 978-601-214-218-1

Оқу құралында экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі сұрақтары мен үлгілері жинақы түрде келтірілген. Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты түсініктері теория жүзінде және сызбалар көмегімен түсіндірілген. Әр тарауға қатысты талдау сұрақтары, тест тапсырмалары, глоссарий берілген.

Оқу құралы экономика бағыты бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға және оқытушылар мен экономиканы мемлекеттік реттеу механизмдерін өздігінен оқып үйренушілерге, сондай-ақ, экономика саласындағы мамандарға арналған.

УДК 330
ББК 65.012.2я7

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған.

ISBN 978-601-214-218-1

© Хасенова К.Қ., 2013
© «Тұран- Астана» Университеті, 2013

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....6

I тарау. Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық астары мен оның объектісі

1.1 Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні, міндеттері және қажеттілігі.....8

1.2 Экономиканы мемлекеттік реттеудегі теориялық көзқарастардың қалыптасуы және дамуы.....11

1.3 Экономиканы мемлекеттік реттеу объектілері мен субъектілері.....12

II тарау. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдіснамасы жөніндегі ұғым және оның элементтері

2.1 Мемлекеттік реттеу тұжырымдамасы.....15

2.2 Мақсаттарды анықтау, бәсекелес және әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды басымдықтары.....16

III тарау. Мемлекеттік реттеу нысандарының жалпы сипаттамасы

3.1 Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдары.....19

3.2 Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды ұйымдыстырушылық-құқықтық қамтамасыз ету.....21

3.3 Қазақстандағы мемлекеттің экономикалық билік ету жүйесі.....25

3.4 Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні және даму белгілері.....27

IV тарау. Болжау мен жоспарлау мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері ретінде

4.1 Болжаудың мәні, түрлері және әдістері.....31

4.2 Жоспарлаудың мәні, негізгі мақсаттары және түрлері.....34

4.3 Экономикалық бағдарлама жасау. Мемлекеттік бағдарламалар: сипаттары, мақсаттары.....35

V тарау. Экономиканы реттеудің қаржы-бюджеттік әдістері

5.1 Фискалдық саясат қаржы-бюджеттік реттеудің негізі ретінде: мақсаттары, негізгі құралдары.....38

5.2 Мемлекеттік бюджет жүйесі, бюджет тапшылығы және экономикалық реттеу.....42

5.3 Салық жүйесі және оны қалыптастырудың негізгі қағидалары.....48

VI тарау. Экономиканы ақша-несиелік реттеудің негізгі механизмдері

6.1 Ақша-несиелік реттеудің теориялық негіздері.....52

6.2 Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары.....54

6.3 Орталық банктің қызметтері. Классикалық монетарлық құралдар: ашық нарықтағы операциялар, пайыз қойылымы саясаты, міндетті резервтерді реттеу.....55

VII тарау. Экономикалық өсу: негізгі факторлары және оны қамтамасыз етудің мемлекеттік іс-шаралары
7.1 Экономикалық өсудің мақсаттары, типтері, факторлары.....60
7.2 Экономикалық өсудің үлгілері.....64
7.3 Адам капиталы өсудің маңызды факторы. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі әрекет ету бағыттары 65

VIII тарау. Ғылыми-техникалық ілгерілеу бағыттары және оны жеделдетудегі мемлекеттің рөлі
8.1 ҒТП-ті дамытудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы.....69
8.2 ҒТП-ті жеделдету мен оның тиімділігін арттыру шаралары.....70
8.3 ҒТП-ті дамытуды мемлекеттік ынталандыруы.....71
8.4 Мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асыру шараларының жүйесі.....72

IX тарау. Аграрлық аяны мемлекеттік реттеу
9.1 Табиғатты тиімді пайдаланудың мәні және оны мемлекеттік реттеу қажеттіліктері.....75
9.2 Қазақстан Республикасының аграрлық саясатының ерекшеліктері: бағыттары, механизмдері, әдістері.....77
9.3 Ауылшаруашылық өндірушілерін қолдаудың мемлекеттік саясаты....79

X тарау. Жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу мен халықты әлеуметтік қорғау
10.1 Жұмыссыздықтың экономикалық мәні.....81
10.2 Жұмыспен қамту және еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің әдістері.....83
10.3 Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары.....87
10.4 Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері.....89

XI тарау. Бәсекелік ортаны қалыптастыру және монополияны реттеу
11.1 Бәсекелік ортаны қалыптастыру постиндустриалды экономикаға өтудің маңызды шарты ретінде.....93
11.2 Монополияға қарсы саясат: мазмұны, түрлері, әсер ету әдістері.....97
11.3 Мемлекет – бәсекелік ортаны қамтамасыз етудің кепілі.....102

XII тарау. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу
12.1 Аймақтық экономикалық саясаттың мәні.....105
12.2 Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің мәні мен қажеттілігі.....107
12.3 Аймақтық дамуды реттеудің макроэкономикалық және микроэкономикалық аспектілері.....110

XIII тарау. Сыртқы экономикалық іс-әрекетті мемлекеттік реттеу
13.1 Мемлекеттің сыртқы экономикалық іс-әрекеті: мәні және негізгі бағыттары.....112
13.2 Сыртқы сауда саясатының мақсаттары.....114
13.3 Протекционизм: мәні және формалары.....116
13.4 Сауда саясатының сипаты және халықаралық сауданы реттеудің кедендік әдістері.....118

Әдебиеттер.....127
Тесттік тапсырмалар.....129
Глоссарий.....155

АЛҒЫ СӨЗ

Әлемдік шаруашылық дамуының соңғы жүзжылдығында макроэкономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық үрдістердің тиімді балансталынуындағы мемлекеттік реттеу ролінің маңыздылығы мен объективті қажеттілігі айшықтала түсті. Қазіргі таңда басты мәселе мемлекеттің экономикаға араласпауы емес, араласудың ауқымы мен шектерінде болып отыр.

Заманауи нарықтық қатынастар жағдайында мемлекетке қоғам дамуының жалпы жағдайын қамтамасыз ету мақсатында, қажетті әдістері мен құралдарын пайдалана отырып реттеу шараларын жүргізу міндеттеліп отыр. Әлемдік тәжірибе мемлекеттің күші мен нарықтық күштердің оңтайлы ара-қатынастарын тұрақты іздестіруде.

Оқу құралының негізгі мақсаты экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі теориялық аспектілерін жүйелі түрде қарастыра отырып, көп жағдайда әрбір тараудың маңызды деп саналатын түсініктері мен ережелерін, қағидаларын логикалық сызбалар түрінде баяндау. Және де осындай баяндау, аталмыш оқу құралының жазылу стиліндегі өзіндік ерекшелігін білдіреді.

Оқу құралында тараулар бойынша басты мәселелердің сызбылық нұсқада рәсімделуі, автордың ойынша, оқырман қауым, әсіресе жоғарғы оқу орындары студенттері мен магистранттарының пән тақырыптарының негізгі тұстарына тез мән аударуларына ықпалын тигізеді. Яғни, негізгі түсініктер мен ережелерді лезде тауып алулары үшін бағдарлы-бағыттық сілтеме бола алады. Сонымен қатар, сызба-суреттердегі түсініктер мен категориялардың және т.б. мән-маңызын айшықтау қажеттілігі негізінде мәтіндік мазмұнды қоса қарастыруы орын алса, оның нәтижесі оқырманның тақырып материалдарын толықтай қамтуын қамтамасыз етері анық. Автордың ойынша, мәтіннің көбінесе көрнекілік сипатта түзілуі оқылған материалдардың тез игерілуімен қатар, есте сақтауды шыңдауға да тікелей әсерін тигізеді.

Экономика ғылымындағы экономиканы мемлекеттік реттеу саласының салыстырмалы жас болуына қарай үнемі даму үрдісіндегі сала болып табылады. Сондықтан қазіргі белгілі оқулықтардың құрылымы, логикасы, қарастырылатын мәселелерді баяндау және мазмұндау сипаттары мен талдау тереңдіктері, стильдері жағынан өзара айырмашылықтар мен ерекшеліктерге ие. Сондай-ақ мемлекеттік тілде оқу құралының көп болуы студенттер, магистранттар және өзге де оқырмандар үшін таңдау мүмкіндігін тудырады.

Ұсынылып отырған басылымда экономиканы мемлекеттік реттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздері, мақсаттары мен міндеттері қарастырылған. Оқу құралы экономиканы мемлекеттік реттеу курсы

бойынша мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сай келеді және типтік оқу бағдарламадағы негізгі тақырыптарды қамтиды.

Сонымен қатар, басылымдағы басты назар экономиканы ақша-несиелік, қаржы-бюджеттік және сыртқы экономикалық қызметтерді мемелекеттік реттеу саясаттарының мәнін ашатын тарауларға аударылып отыр.

Ұсынылып отырған оқу құралы 13 тараудан тұрады және әр тараудың құрылымы жалпы қабылданған тәжірибеге сәйкес: теориялық бөлімнен, тақырып бойынша талқыланатын сұрақтардан тұрады. Сонымен қатар қарастырылған барлық мәселелер бойынша алынған білімді бекітуге бағытталған тесттік тапсырмалар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және глоссарий келтірілген.

Автор ұсынылып отырған оқу құралы экономикалық мәселелермен айналысатын оқырман қауымға көмек болады деген сенімде және оқырмандардың сын-ескертпелері мен ұсыныстарын ризашылықпен қабылдайды (байланыс үшін: n_kenzhegul@mail.ru).

I тарау. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСТАРЫ МЕН ОНЫҢ ОБЪЕКТІСІ

1.1 Экономиканы мемлекеттік реттеудің мәні, міндеттері және қажеттілігі

Экономиканы мемлекеттік реттеу, мемлекеттің экономикалық саясаты немесе мемлекеттің экономикаға араласуы деген терминдер мына мағынаны білдіреді: қоғамның дамуындағы әлеуметтік-экономикалық процестерді қолдаумен, экономикалық өсуді қамтамасыздандыратын және халықтың игілігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеумен, түзетумен және қолдаумен байланысты іс-шаралардың жиынтығы.

Негізінен экономиканы мемлекеттік реттеу немесе мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізуде мына жағдайларды ескеру қажет:

- экономикалық саясат, негізгі екі фактордың әсерінен, яғни үнемі өзгеретін экономикалық жағдайлардың және экономикалық ойлардың деңгейін ескеріп отыруы қажет;
- экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімділігі, елдің даму ерекшеліктерін ескерген уақытта жоғары деп саналады;
- елдің экономикалық саясаты, елдің саяси бағыттарын қолдаудағы негізгі шешуші құрал болып табылады.

Осыған орай, мемлекеттің экономикалық саясаты дегеніміз - ұлттық мүдделерге қол жеткізу үшін нақты уақыт аралығында сол құралдарды жүзеге асыруды реттеуші механизм деп айтуға болады.

Мемлекеттің экономикалық саясаты екі тұрғыдан, теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылады.

Мемлекеттің экономикалық саясатын теориялық тұрғыдан қарастырғанда, ұлттық экономиканың тиімді дамуын қамтамасыздандыру үшін және экономикалық ойларды қалыптастыру үшін жүйелі түрде жүргізілетін ғылыми-зерттеу әдістерін, іс-әрекеттерін, шараларын қолдану болып табылады.

Мемлекеттің экономикалық саясатын практикалық тұрғыдан қарастырғанда, бұл саясат мемлекеттің экономикалық реттеуді жүргізу бойынша нақты шаралар жүйесін жасаумен байланысты.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің мынандай анықтамаларын келтіруге болады:


1) Экономиканы мемлекеттік реттеу дегеніміз – нарықтық механизмдердің қызмет етуі үшін экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз ету

мақсатындағы мемлекеттің шаруашылық субъектілері мен нарық конъюнктурасына мақсатты бағдарланған әсері;

2) Экономиканы мемлекеттік реттеу дегеніміз – экономикалық құбылыстар мен олардың байланыстарын қолдауды немесе өзгертуді қамтамасыз ететін мақсатты бағдарланған процесс.

Қорыта айтқанда, *экономиканы мемлекеттік реттеу* дегеніміз – ұлттық экономиканың тиімді қызмет етуіне бағдарланған, ұлттық экономиканы тұрақтандыру, әлеуметтік дамуын қолдау, ұлттық экономиканы дамытудағы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, қоғам мүшелерінің мүдделерін біріктіру мақсатындағы мемлекеттік құрылымдардың және қоғамдық ұйымдармен жүзеге асырылатын заңдық, орындаушылық және бақылау сипатындағы іс-шаралар жүйесі.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің міндеттері дегеніміз, бұл экономикалық қарым-қатынастарды реттеу кезіндегі билік органдары жүргізетін мақсатты қағидалардың немесе іс-шаралардың жиынтығы.



Сурет 1 – Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері

Мемлекеттік реттеудің мақсаттар көпбұрыштары – әлеуметтік-экономикалық мақсатты ұстанымдардың өзара байланысқан маңызды құралдар жиынтығы. Кеңінен таралған түрі – «сиқырлы төртбұрыш», бұл ел экономикасы үшін маңызды 4 мақсатты біріктіреді және мемлекет оларды жүзеге асыруға міндетті.



Сурет 2 – Мемлекеттік реттеудің мақсаттар көпбұрыштары


Экономикаға мемлекеттің араласуы экономиканы басқару жүйесінің типінен тәуелсіз, кез-келген үкімет үшін объективті қажет болып есептеледі.

Қазіргі заманғы нарықтық жүйе шарттарында жеке меншік шеңберінде шешілмейтін, яғни экономиканың өзін-өзі реттеу қағидалары негізінде экономикалық және әлеуметтік проблемалардың туындайтынын және олардың өзара шиеленісіп жатқандығын ескерсек, аталмыш механизмге мемлекет тарапынан ықпал етуінсіз мүмкін емес. Қазіргі таңда өндіріс күшінің дамуы айтарлықтай инвестицияны қажет ететіндігі, өндірісті мамандандыру, капитал шоғырлануының күшеюі, өндіріс пен капитал арасындағы байланыстың ұлғаюы және елдер арасындағы өзара тәуелділіктердің артқандығын айта аламыз. Сондай-ақ, еңбек пен капитал арасындағы қарама-қайшылық күшейді, жұмыссыздық арта түсті, салалық сипаттағы экономикалық дағдарыстар ұлттық және әлемдік дағдарыстық сипаттар ала бастады. Осы жағдайлар салдарында пайда болатын монополиялық үстемдіктің пайда болуы, ақша айналымының бұзылуы, шаруашылық жүйенің ары қарай тиімді жүргізілуі мен дамуына ықпал ететін, нарықтық шаруашылық субъектілерінің өзара қарым-қатынасындағы қарама-қайшылықтарды бәсеңсітетін сыртқы күштердің әсерін, яғни мемлекет күшін меңзейді.

Мемлекет дегеніміз - қоғамның саяси ұйымдастырылған түрі болып табылады. Оның негізгі міндеті – қалыптастырылған қоғамдық құрылымдарды қорғау және тәртіп сақтауды, адамдардың мінез-құлқына және қоғамға билік жүргізу арқылы және түрлі билік нұсқауларын қолдану арқылы реттеу болып табылады.

Мемлекеттің негізгі белгілері: территориясы, ондағы бекітілген заң құқықтары, бекітілген санкциялар нормаларының жүйесі және осы функцияларды жүзеге асыратын амалдары мен әдістері. Мемлекет құрылған күннен бастап, өзінің институт ретіндегі міндеті сәйкес жалпы халықтың еркі мен мүддесін қорғауға тиісті. Мемлекет реттеу жүргізгенде экономикалық шешімдердің құқықтық негіздерін қамтамасыздандыру, шаруашылық жүргізу жағдайлары мен тұрақтылықты қамтамасыздандыру, экономиканың секторларын дамыту, нарықтық

инфрақұрылымдарды дамыту, ұдайы өндіріс пен ақша айналымының негізгі параметрлеріне бақылау жүргізуі және қоғамдағы әрбір адамның, мемлекеттің дамуына үлес қосушы, мәдениетті тұлға ретінде қарастырылуы қажет.



Сурет 3 – Экономиканы мемлекеттік реттеудің объективті себептері

1.2 Экономиканы мемлекеттік реттеудегі теориялық көзқарастардың қалыптасуы және дамуы

Экономикалық ғылымдағы теориялық көзқарастардың дамуы мен кезеңдерінде әрбір мектеп өкілдерінің көзқарастарында экономика мен мемлекет арасындағы байланыс пен қарым қатынас процесстеріне қатысты әртүрлі теориялық ойлардың бар екендігін айтуға болады.

Дегенмен, нарықтық экономиканы реттеудің тарихи тұрғыдан екі негізгі теориялық және әдіснамалық көзқарастары кең қолданыс тапты: кейнсиандық мектеп және консервативтік, қоғамның шаруашылық өміріне мемлекеттің араласпауы доктриналары.

XV-XVIII ғасырларда экономикалық ойлардың, саясаттың дамуының басты бағыты – меркантелизм ілімі деп аталды. Меркантелизмнің мәні - экономикалық саясаттағы, елдегі және мемлекеттегі қазынадағы бағалы металдарды жинақтау.

Меркантелизммен жалғас XVIII ғ. ортасында физиократтар мектебі қалыптасты. Физиократтар экономикалық талдауды айналым сферасынан материалдық өндіріс сферасына ауыстырды, бірақ олардың идеялары ұлттық баюдың негізгі көзі ретінде тек ауыл шаруашылығына келіп тіреледі.



Сурет 4 – Экономиканы мемлекеттік реттеудегі негізгі теориялық көзқарастар

Экономиканы мемлекеттік реттеуге қатысты кейнсиандық теория біркелкі емес. Ол негізгі үш ағымнан тұрады: сол жақ (либералды), консервативтік және неоклассикалық.



Сурет 5 – Экономиканы мемлекеттік реттеудегі кейнсиандық ағымдар

1.3 Экономиканы мемлекеттік реттеу объектілері мен субъектілері

Экономиканы мемлекеттік реттеудің субъектілері ретінде мемлекеттік құзырлы органдарды айта аламыз. Яғни елдегі барлық экономикалық процесстерге араласу мен реттеу шараларын жүргізе алатын органдар.



Сурет 6 – ЭМР-дің субъектілері

Экономиканы реттеу объектілері халық шаруашылығының элементі, саласы, оның қарым-қатынасы, қарым-қатынасын жасау жағдайы мен процесі жатады және оның қызмет етуін белгілі бір дәрежеде нарықтық механизм атқарады.

Қазіргі уақытта ұлттық экономиканың мемлекеттік реттеу *объектілері* ретінде:

- Көп деңгейлі шаруашылық жүйе ретінде қарастырылады және оған өзара байланысты, әрекеттесу элементі немесе кіші жүйелер еніп, оның құрылымын құрайды;
- Мемлекеттік реттеу объектілері экономикалық, экологиялық және аймақтық даму аспектілерін қарастыратын күрделі жүйе ретінде;
- Мемлекеттік реттеу объектілері көпқырлылығымен және белгілі бір дәрежеде анықсыздығымен ерекшеленетін шаруашылық объектілердің интегралданатын, өзара байланысатын жүйе;
- Ұлттық дәстүрлердің, тарихи ерекшеліктердің, идеологиялық өзгерістердің және ұлттық немесе халықтың негізгі бөлігінің мақсаттары мен мүдделерінің өзгеруі арқылы қалыптасатын динамикалық жүйе.

Шешілетін міндеттер деңгейі бойынша ЭМР объектілері келесідей бөлінеді:

- фирмалар;
- салалар;
- аймақтар;
- экономика секторлары (өнеркәсіп, қызмет, ауыл шаруашылығы);
- жалпы шаруашылық процесі мен қатынастар (жұмыспен қамтамасыз ету, ақша айналымы, экономикалық цикл);
- глобальді процесс;
- сыртқы экономикалық байланыс;
- әлемдік шаруашылық қатынастар (интеграциялық мақсатта болуы мүмкін).

Талқылауға арналған сұрақтар:

Мемлекеттің экономикадағы рөлі туралы әр түрлі мектеп өкілдерінің көзқарастары.

Экономика мен әлеуметтік сферадағы дағдарыстан шығудағы мемлекеттің рөлі.

Институтционализм және оның негізін салушылар.

ЭМР-дің объектісі мен құралдары, мақсаттары, экономикалық қызметтері.

Мемлекеттің ролі және оның экономикаға араласу мөлшеріне қатысты өткен дәуір теоретиктерінің көзқарастары.

Қоғамдық-экономикалық негізгі жүйелердің типтері және шаруашылық жүргізудің негізгі моделдері.

Мемлекеттік реттеудің әр түрлі моделдері.

Мемлекеттік реттеу туралы қазіргі неоконсерваторлық тұжырымдама.

«Нарықтың кемшіліктері» және «мемлекеттің кемшіліктері».

II тарау. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰҒЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

2.1 Мемлекеттік реттеу тұжырымдамасы

Мемлекеттік реттеу ғылыми негізделген тұжырымдамасыз мүмкін емес. Экономиканы мемлекеттік реттеудің тұжырымдамасы бұл макроэкономикалық, құрылымдық инвестициялық және қоғамның шаруашылық қызметін үйлестірудің нарықтық моделін және жоспарлы басымдылығын оңтайлы пайдалану кезіндегі сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыру бойынша тиімді және практикалық бағытын әзірлеу.



Сурет 7 – ЭМР-дің негізгі үлгілері

Мемлекет, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеуді жүзеге асыра отырып, әдістер мен құралдар жүйесін пайдаланады және олар мемлекеттің материалдық мүмкіндіктерінен, реттеудегі жинақталған тәжірибесінен және экономикалық міндеттерінен тәуелді түрде өзгеріп отырады. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдарына қатысты әлемдік тәжірибені ескерсек, реттеудегі ұлттық үлгілердің кездесетіндігін және қалыптасқан стандартты қоғамдық формалары мен әдістердің бар екендігін айтуға болады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу құралдары негізінен сегіз түрлі сипатта кездеседі. Олардың қатарында: болжау және стратегиялық жоспарлау, қаржы-бюджеттік реттеу, салықтық реттеу, ақша-несиелік реттеу, бағалық реттеу, кедендік баж реттеуі, нормативтік-тарифтік реттеу, әкімшілік-құқықтық және лицензиялық реттеу.



Сурет 8 – ЭМР-дің құралдары

2.2 Мақсаттарды анықтау, бәсекелес және әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды басымдықтары

Экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаты – экономикалық қатынастарды реттеуде үкімет органдары алдында тұрған мақсатты ұстанымдар жиынтығы. Оның құрамына келесі ұстанымдар кіреді:

- экономикалық өсу және экономикалық даму;
- толық және тиімді жұмыспен қамтылу;
- экономикалық тиімділікке жету;
- бағалардың тұрақты деңгейі;
- экономикалық еркіндік;
- табыстарды әділ бөлу;
- сыртқы сауда балансының үйлесімділігі.

Аталмыш негізгі мақсаттар жүйесі негізінде экономиканы мемлекет тарапынан реттеудің нақты мақсаттары анықтала бастайды, оларды жүзеге асырмай негізгі мақсатқа қол жеткізілмейді. Нақты мақсаттар ЭМР объектілерімен ажырамастай байланысты. Мақсат – экономикалық циклді түзету – объектіге, яғни экономикалық циклге; шаруашылықтың салалық және аймақтық құрылымын жетілдіру – секторлық және салалық, аймақтық құрылымға; қоршаған ортаны жақсарту – қоршаған ортаға бағытталады.

Мақсаттар *сандық* және *сапалық* болады. Оларға қол жеткізу үшін қажетті уақыты бойынша мақсаттар жақын, қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болады.

Сипаты бойынша ЭМР мақсаттарын келесідей типтерге бөлуге болады:

- қалыптасқан жағдайды сақтауға бағытталған;
- экономикада болып жатқан, бірақ жеделдету қажет прогрессивті процестерді ынталандырушы;
- экономикаға қызметтің жаңа нысандарын немесе жаңа технологияларды енгізуге бағытталған;
- негізгі мақсаттарды жүзеге асыруға жанама әсер етуші бейтарап;
- қалыптасқан құрылымға адекватты емес, бірақ ақырғы соңында оны күшейтуге бағытталған қысқа мерзімді.

Нақты мақсаттар негізгіге бағыныштылығана емес, олар өзара тығыз байланысты.

Мақсаттар үйлесімді, яғни бірін бірі қолдаушы, автономды, яғни бір бірінен тәуелсіз: қарама қарсы және бірін бірі жоққа шығаратын болады.

Экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары үкіметтік және партиялық бағдарламаларда көпбұрыштылар түрінде қалыптасады. Магиялық төртбұрышта төрт өзара байланысты мақсаттар бар: тұрақты экономикалық өсім, жұмысбастылықтың жоғары деңгейі, баға тұрақтылығы, сыртқы экономикалық тепе-теңдік. Магиялық бес бұрышқа аталғандарға әділетті білім беру және табыстар мен меншікті бөлу қосылады. Магиялық алтыбұрышқа қоршаған ортаны қорғау және жақсарту кіреді.

Әлеуметтік экономикалық дамудың шешімін қабылдау барысында негізделуі көрсеткіштердің әдістері:

- экономиканың математикалық, құрылымдық логикалық модельдері;
- келешектегі экономикалық көрсеткіштердің баланстық және факторлық әдістері;
- «мақсат ағашы» құралын пайдаланумен әлеуметтік экономикалық дамуды мақсатты белгілеудің әдістерін әзірлеу;
- әлеуметтік экономикалық даму түрлерінің оңтайлы әдістері және осы негізде мемлекет тарапынан басымды қолдау бағытын айқындау;
- салааралық баланс келешектегі экономиканың салалық құрылымының негіздеме құралы ретінде;
- аймақаралық байланыстарды ұтымды қамтамасыз етудің баланстық әдісі.

29188

Талқылауға арналған сұрақтар:

Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдіснамасы және оны дамыту.

Жиынтық сұраныс пен жиынтық ұсыныс, олардың өзара байланыстылығы.

Мемлекеттік реттеу тұжырымдамасын дайындау.

Мақсаттарды анықтау, бәсекелес және бірін-бірі қолдаушы мақсаттар.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды басымдықтарын анықтау.

Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастыру қағидаларын дайындау, мақсаттарға жету үшін құралдар тобын анықтау.

III тарау. МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдары

Экономикалық саясат бұл белгілі бір мәселелерді шешу мақсатымен шаруашылық үрдістерге әсер етудің мемлекеттік іс-шаралар жиынтығы. Экономикалық саясат бір жағынан шаруашылық үрдістердің өзгерісін сипаттайды, екінші жағынан – экономикалық шешімнің өзгерістерін анықтайды. Экономикалық саясат перспективті мәселелермен қатар ағымдағы мәселелердің шешуін қамтамасыз ететін әдістер жиынтығынан тұрады.

Тікелей реттеу әдістері немесе әкімшілік реттеу әдістері экономикалық үрдіспен оның параметрлеріне әсер етуімен байланысты. Олар белгілі бір адрестік сипатта болады және қандай да бір объектіге бағытталады.

Жанама реттеу әдістері немесе экономикалық әдістер адрестік сипатта емес, бірақ шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін міндетті. Олар экономикалық қызмет жағдайлары мен нәтижелеріне әсер етеді.

Салықтық (фискальдық) саясат – мемлекеттік бюджеттен реттеу құралдарын қамтиды. Бұған ең алдымен мемлекеттік сатып алуды көбейту немесе азайту, ірі қаржылар жұмсау бағдарламасы, әлеуметтік төлемдер, кейбір өндіріс салаларына, кәсіпорындарға бюджеттің есебінен берілетін жәрдем қаржылар (субсидия), салық шаралары жатады.

Ақша-несие саясаты – мемлекет нақты салалық және аймақтық проблемаларды шешу, ерекше мемлекеттік бағдарламарды жүзеге асыру мақсатты жеңілдікпен пайдаланатын несие береді. Оларға: несиенің пайыз ставкасының өзгеруі, эмиссиялық банктің есептік ставкасының өзгертуі, эмиссиялық банкке ақша резервтерін салудың міндетті минимумын арттыру, "Ашық нарықтағы операциялар".

Бағаны және табысты реттеу саясаты – фискальдық және несие саясаты көп жағдайда баға мен табыстарды реттеудің құрамы бола алмайды. Сондықтан мемлекет барынша тікелей әсер ету құралдарын қолдануға тырысады. Осы мақсатта мемлекет баға мен табыстардың өсуінің жоғарғы шегін белгілейді, кейде олардың өсуіне тыйым салады.

Әкімшілік реттеулер – оларға кейбір әдейі ерекшеленген салалар, мысалы қоғамдық пайдалану салаларына (электроэнергетика, көлік) бақылау шаралары, қор биржасы үстінен қойылатын әкімшілік бақылау, әділ бәсеке күресі деп аталатын тәртіпті сақтауға бағытталған бақылау және басқа да осы секілді істер.

Мемлекет орындайтын қызметтерге ең алдымен мыналар жатады:

- экономиканың қызмет етуі үшін құқықтық негіздерді құру мен реттеу;
- монополияға қарсы реттеу;
- макроэкономикалық тұрақтандыру саясатын жүргізу;
- ресурстарды орналастыруға ықпал ету;
- табыстарды бөлу аясындағы қызмет;
- мүліктік қатынастар субъектісі ретіндегі мемлекет қызметі.

Заңдық базаны құру бұл барлық тауар өндірушілер, тұтынушылар және мемлекеттің өзі іс әрекетінде жетекшілікке алуға тиісті экономикалық агенттің тәртібінің ережесін, экономикалық араласудың заңдық қағидаларын белгілеу.

Макроэкономикалық тұрақтану экономикалық өсумен, жұмыспен толық қамтамасыз етілумен және бағаның тұрақты деңгейімен байланысты.

Ресурстарды қайта бөлу өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысты болуы мүмкін. Әрбір нақты жағдайда мемлекеттік ықпал етудің белгілі бір түрлері қолданылады. Салықтар, демеу қаржылар, тікелей реттеу және т.б. – құралдар ретінде қолданылуы мүмкін.

Бәсекелестік тетіктерін қамтамасыз етудегі бөлу – әлеуметтік топқа жіктелуге және кедейлікке әкеледі. Қоғам әлеуметтік қорғау бағдарламасында қабылданған, таабыстарды салықты қайта бөлу арқылы ауқатсыз азаматтарға қамқорлық жасауды өз мойнына алады.

Мемлекеттік меншік – сату-сатып алу объектісі болмайтын және пайда әкелмейтін ұлттық игілікті көрсетеді. Мемлекеттік меншіктің қалыптасу көзі мемлекет меншігіне айналдыру және мемлекеттік кәсіпкерлік болып табылады.

Қысқа мерзімді реттеулер – оның мақсаты – бірнеше айдың ішінде нәтиже алуға есептелген ұдайы өндіріс процесіне әсер ету. Нарыққа өту жағдайында қысқа мерзімді реттеулер бағаның шамадан тыс өсуімен күрес немесе инфляцияны тоқтату үшін қолданылады. Қысқа мерзімді реттеудің мұндай бағыты *дефляциялық саясат* деп аталады.

Ұзақ мерзімді реттеу – бірнеше және бойына нәтиже алуға есептелген ұдайы өндіріс процесіне мақсатты бағытта әсер ету болып табылатын нақты шаруашылық немесе белгілі бір әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қолданылатын арнайы шаралар жиынтығы түрінде болатын мақсатты бағдарлама ұзақ мерзімді реттеудің барынша тиімді түрі және т.б.



Сурет 9 – Нарықты реттеу әдістерінің жалпылама жіктелуі

3.2 Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды ұйымдыстырушылық-құқықтық қамтамасыз ету

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау принциптерімен қатар жүретін мәселелердің негізгілерінің бірі – бизнес кәсіпорындары арасындағы бәсекелестікті тудыру. Яғни бәсекелестіктің орнауы – дамудың негізгі көзі болмақ.

Нарықтық экономика мен бәсеке бір-бірімен ажырамастай етене жақын. Нарықтық шаруашылыққа *бәсекелік экономика* деген анықтама беруге болады. Өндірістің даму бағыты бәсекеге байланысты және ол салалардың пропорцияларын реттейтін механизм ретінде жөн сілтейді.

Тиімділіктің өлшемі сияқты ол экономикалық бақылау әдісіне, сонымен бірге қызметті үнемі жетілдіруге ынталандыратын тәсілге айналды.

Бәсеке кәсіпкерлік тұрғыдан алып қарағанда кәсіпкерлердің сол бір мақсатқа жету үшін жарысуы сияқты. Сондықтан *бәсекенің тегі* бір адамның дәл сол уақытта дәл осыны алуға тырысуынан басталады деп айтуға болады.

Бәсекенің арқасында ұтымды жұмыс істейтін кәсіпкерлердің сыйақы алуымен және тиімсіз кәсіпкерлік құрылмдардың өзінен-өзі жойылады. Бәсеке кәсіпкерлікті шектеп қана қоймайды, сонымен бірге ол кәсіпкерлікті ынталандырады.

Мемлекет жүргізетін бәсекелестік саясаты екі талапқа жауап беруге тиіс. *Біріншіден,* бәсекелестіктің проблемалары жағдаятқа (қысқа мерзімді) емес құрылымдық (ұзақ мерзімді) факторлармен байланысты болуына орай, ол тек нормативтік-құқықтық реттеумен шектелмеуге тиіс. *Екіншіден,* ол бәсекелестік саясаты бәсекені енгізудің отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал ететін үлгісін таңдауға бағдарлануға тиіс. Айтылғанға сүйене отырып, бәсекелік ортаны құру күрделі әрі ұзақ процесс және оны тек кезең-кезеңмен жүзеге асыруға болады деген қорытынды шығаруға болады.

Бәсекенің жай-күйін бағалау – екі жақты күрделі экономикалық міндет. Бір жағынан, бәсекенің деңгейін дәл көрсететін нақты көрсеткіштерді табу қиын, сондықтан бәсекенің жай-күйі бәсекелестік күреске қатысушылардың жеке бағаларының негізінде анықталады.Екінші жағынан, бәсеке қарқынының көрсеткіштері оның кәсіпкерліктің дамуына жасайтын ықпалын тиісінше көрсетпейтіні қиындық тудырады.

Нарықтағы бәсеке мен бәсеке қарқынының бағасы кәсіпкердің шешім қабылдаудағы еркіндігінің дәрежесін айғақтайды. Саланың нарқындағы бәсеке неғұрлым қарқынды болса, осы нарықта жұмыс істейтін кәсіпкердің еркіндігі солғұрлым тар. Осы орайда еркіндігі тар деген ұғым шаруашылық параметрлерінің көпшілігін нарықтың өзі ұсынатынын, ал кәсіпкер тек соларға бейімделуі тиіс екенін білдіреді. Осы тұрғыда бәсеке кемеліне жеткен нарық кәсіпкер (фирма) жасайтын іс-әрекеттің параметрлері сырттан берілетін шекті нарық екені кездейсоқтық нәрсе емес. Бұл жағдайда кәсіпкерлердің жеке пікірлері бәсекенің жай-күйін нақты сипаттауы мүмкін.

Кәсіпкерлік қызметтің құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген:

1-бап. «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен еркіндіктері».

3-бап. «…мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде билік жүргізеді».

6-бап. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады».

14-бап. «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды».

23-бап. «Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

26-бап. «…Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар…».

35-бап. «Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады».

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. 10-бап. Кәсіпкерлер мен тұтынушылардың құқықтарын қорғау

Мемлекет кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне кепілдік береді және оны қорғау мен қолдауды қамтамасыз етеді.

Заңдарда тыйым салынбаған қызметті жүзеге асырушы кәсіпкерлердің құқықтары:

- лицензия берілетін қызмет түрлерінен басқа кәсіпкерлік қызметті кімнің болса да рұқсатын алмай-ақ жүзеге асыру мүмкіндігі арқылы;
- экономиканың барлық салаларындағы кәсіпкерліктің барлық түрін бір ғана тіркеуші органда тіркеудің барынша қарапайым өз бетімен жүргізетін тәртібімен;
- кәсіпкерлік қызметке мемлекеттік органдар жүргізетін тексерулерді заң құжаттарымен шектеу арқылы;
- кәсіпкерлік қызметті заң құжаттарында көрсетілген негіз бойынша шығарылған сот шешімі бойынша ғана еріксіз тоқтату арқылы;
- жеке кәсіпкерлік үшін тыйым салынған, экспорт пен импорт үшін тыйым салынған немесе шек қойылған жұмыс, тауарлардың түрлері мен қызмет тізбесін заң құжаттарында белгілеу арқылы;
- мемлекеттік органдарды, лауазымды адамдарды, сондай-ақ өзге де жақтар мен ұйымдарды кәсіпкерлердің қызметіне заңсыз кедергі жасағаны үшін олардың алдындағы заңдарда белгіленген мүліктік жауапкершілікке тарту арқылы;
- атқарушы бақылау және қадағалау органдарына кәсіпкерлік субъектілерімен осы органдардың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде шарттық қатынастарға кіруге тыйым салу арқылы;

- заңдарда көзделген өзге де амалдармен қорғалады.



Сурет 10 – Кәсіпкерліктің мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары

Экономикадағы кәсіпкерлік белсенділікті арттыру мақсатында экономиканы монополиясыздандыру шаралары жүзеге асырылады.

Монополиясыздандырудың экономикалық мәні – нарықта жекелеген шаруашылық жүргізуші субъектілердің өктемдік етуін шектеу мен кәсіпкерлік қызметке барлық қатысушыларға тең жағдай жасуды білдіреді. Монополиясыздандыру мыналардың көмегімен жүзеге асырылады;

- бәсекеге қойылатын кедергілерді жоюды қамтамасыз ететін *заңнамалық іс-шаралар* және нарықта өктемдік жағдайға жету мақсатында қосылу мен жұтылудың алдын алу;
- өндірісті бөлшектеу мен өндірушілердің санын көбейту арқылы нарықтың шоғырлану деңгейін төмендетуге бағытталған *экономиканың құрылымын қайта құру.*

Орталықтандырылған экономикадан қалған монополизм – *ерекше монополизм*, сол себептен өтпелі экономикада монополиясыздандыру проблемасының ерекшелігі көп. Біріншіден ол монополия өндірісті, бөлуді, алмастыру мен тұтынуды,яғни барлығын тегіс қамтыды. Екіншіден, ол нарықтан туындамаған,өйткені кеңес экономикасында шаруашылық жүргізушісубъектілердің нарықтық түсінігінің монополиясы емес экономиканы мемлекеттендіру тән болды. Сондықтан экономиканы монополиясыздандыру үшін ең алдыменмемлект иелігінен шығару қажет болды. Ол үшін біріншіден,әкімшілік-командалық басқару жүйесін бұзу, екіншіден, экономика субъектілерін ынталандыру іс-әрекетін кәсіпкерлік бастама мен бәсекені көтермелейтін механизм арқылы өзгерту,үшіншіден,мемлекеттік органдар мен шаруашылық айналымға

қатысушылардың монополиялық іс-қимылына жол бермейтін құқықтық негіздерді бекіту қажет болды.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті Мемлекеттік бақылау келесі принциптерге негізделумен жүзеге асырылады:

1) заңдылық;

2) жеке меншік кәсіпкерлік субъектісінің адалдық презумпциясы;

3) жариялылық;

4) барлаының заң мен сот алдындағы теңдігі;

5) мемлекет органдарының лауазымды тұлғаларының кәсіби шеберлігі мен біліктілігі;

6) мемлекет органдарының лауазымды тұлғаларының лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін және өз құзырлықтарын асыра пайдаланғаны үшін жауапкершілікке тартылуы;

7) құқық бұзушылықтың алдын-алудың жазалаудың алдындағы басымдылығы;

8) қажеттілік және жеткіліктілік;

9) мемлекет органдарының арасында бақылаулық құзырлықтарының бөлінуі;

10) жеке меншік кәсіпкерліктің адал субъектілерін көтермелеу, бұзушыларға қатысты бақылауды шоғырландыру;

11) жеке меншік кәсіпкерлік субъектілері мен тұтынушылардың өзінің заңды құқықтарын өз бетінше қорғау қабілетін арттыру;

12) мемлекеттік бақылау жүйесінің есеп беру мен айқындылығы.

3.3 Қазақстандағы мемлекеттің экономикалық билік ету жүйесі

Қоғамдық өмірдің экономикалық жағы туралы сөз еткен кезде, оны басқару органдары мемлекеттік және мемлекеттік емес болып бөлінеді. Нарықтық қатынастар мен жеке меншіктің дамуы жағдайларында мемлекеттік емес органдардың ролдері бірте-бірте артуда.

Дегенмен ары қарай артқан сайын елдердің экономикалық интеграциясы, халықаралық еңбек бөлінісі және адам өмірінің экологиялық қауіпсіздігі үшін күрес мәселелерінің мәні экономиканы басқарудың мемлекеттік органдары үшін әрекет етудің маңыздылығы қала бермек. Олар өз кезегінде бірнеше түрлерге жіктеледі.

Біздің мемлекеттің Конституциясында: «Қазақстан Республикасы президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет және өзін зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады», деп атап көрсетілген.



Сурет 11 – Мемлекеттік органдардың әрекет етулерінің шекаралық сыныптамасы

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің Негізгі Заңы ретінде төмендегіге қатысты негізгі ережелерді бекітеді:

1. республиканың мемлекеттілігін;
2. басқару нысаны;
3. мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілердің өзара қатынастарының тәсілдерін;
4. адамдар мен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін.

Мемлекеттік құрылғы құрылымында мемлекеттік билікті заңдық, атқарушылық және соттық сияқты құрамдас бөлімдер бар.

Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтайтын және Қазақстанды ел ішінде, халықаралық қатынастарда таныстыратын мемлекет басшысы және оның лауазымды тұлғасы болып табылады.

Заңдық қызметтерді жүзеге асыратын жоғары өкілетті орган, сенат пен мәжілістен тұратын парламент болып табылады.

Заң шығарушы билік экономиканы басқару тетігінің негізі болып табылатын заң актілерін әзірлейді және қабылдайды.


Үкімет республикада атқарушы органдар жүйесін басқарады және оның қызметіне жетекшілік етеді. Өзінің барлық қызметімен ол президент алдында жауапты, сондай-ақ парламент алдында жауап береді. Экономиканы реттеу аясында үкіметтің міндеті – елдің барлық азаматтарының игілігі үшін, экономиканың дағдарыссыз және тиімді дамуы үшін жағдай тудыру.

Премьер министрдің міндетіне салалық министрліктер мен ведомстваларды басқару және бағыттау енеді. Сот билігі биліктің заң органдарымен қабылданған заңдардың қатаң сақталуын қадағалайды. Оны

Жоғары сот және Конституциялық Кеңес жүзеге асырады. Елдегі экономикалық жағдайға жауапты, маңызды органдардың қатарына: Қаржы министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, елдің Ұлттық банкі жатады.

3.4 Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні және даму белгілері

Мемлекеттік кәсіпкерліктің ауқымы әр елде әртүрлі және ол уақытқа орай өзгеріп отырады. Мемлекеттік кәсіпкерлік қоғамдық игілік өндірумен шектеліп қалмайды. Экономиканың барлық нарықтық секторының жұмыс істеуі үшін макроэкономикалық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін базалық салалар (тау-кен өндірісі, болат қорыту, энергетика) мен инфрақұрылымда (көлік және байланыс) мемлекеттік кәсіпорындар көп және мемлекеттік кәсіпорындар үшін пайымды көп қажет ететін салалардың маңызы зор. Мемлекет дағдарысқа ұшыраған салаларда кәсіпкерлік функцияны өзіне алады. Осының барлығы мемлекеттік кәсіпкерлік ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдауды көздейтінін, ал міндетті пайданы барынша арттыру емес, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету арқылы қоғамның әл-ауқатын жақсарту екендігін растайды. Мемлекеттік кәсіпкерлікті экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдайтын құрал ретінде қарастыра отырып, оның ауқымының ұлттық шаруашылықта қалыптасатын жағдайға байланысты екенін атап өту қажет.



Сурет 12 – ҚР-ғы мемлекеттік кәсіпкерлік нысандары

Отпелі экономикада нарықтық экономикамен салыстырғанда мемлекеттік кәсіпкерліктің маңызы мен рөлі едәуір жоғары. Өтпелі кезеңде кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің басымды қатысуының қажет екендігін дәлелдейтін ең кемі үш фактор бар, яғни, біріншіден, барлық ұдайы өндіріс процесін қамтуға дәрменсіз жеке меншік секторы жалпы әлсіз. Екіншіден, жеке меншік капиталдың жетіспеуі мен инвестициялардың ұзақ мерзімде сақталуының салдарынан өндірістік салаға барудан бас тартуы. Үшіншіден, қаржылық сауықтыру мен

техникалық жаңартуды қажет ететін пайда әкелмейтін кәсіпорындардың бар екендігі.

Еліміздегі кәсіпкерлік субъектілерінің құрылуына мемлекет тарапынан қолдау шараларын ұйымдастыру мен оларды дамытуға барынша ықпал жасау мақсатында әрекет етуші бірқатар институттық құрылымдар қызмет етуде.

Кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы жеке кәсіпкерлік қызметті құрудың, қызмет етуі мен дамуының қолайлы жағдайларын қамтамасыз ететін ұйымдар кешенін сипаттайды.

Қазақстан Республикасында мұндай ұйымдарға келесілерді жатқызуға болады:

- мемлекеттік ұйымдар және мемлекеттің қолдауымен құрылған ұйымдар;
- үкіметтік емес ұйымдар;
- халықаралық және шетелдік ұйымдар;
- коммерциялық ұйымдар.

Функционалдық бағытталуына байланысты инфрақұрылым институттарының құрылымы келесідей түрде болады:

- кәсіпкерліктің қалыптасуы, қызмет етуі мен даму кезеңдерінде мемлекет тарапынан қолдау көрсету;
- қаржылық қолдау;
- ақпараттық-талдаушылық қолдау;
- білім беру мен кадрлардың біліктілігін арттыру аясындағы қолдау;
- материалдық-техникалық қоолдау.

Ұйымдық және функционалдық құрылымдарды сәйкестендіру Қазақстандағы кәсіпкерліктің даму үрдісіндегі институттардың оған қатысу деңгейінің матрицасын құрастыруға мүмкіндік береді (8-кесте).

Кесте мәліметтеріне жүгінетін болсақ мемлекеттік басқару органдарына жоғарыда аталған бағыттар бойынша кәсіпкерлікке септігін тигізу саясатын қалыптастыру мен жүзеге асыру бойынша құқықтар мен құзіреттілік берілген. Мемлекет олардың сапалы түрде өтуі мен алынған нәтиже үшін жауапты болады.

Кәсіпкерлікті дамытуға септігін тигізетін барлық ұйымдардың қызметіне әсер ететін факторларға байланысты олардың өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Кәсіпкерлерге қатысты шешімдер қабылданған жағдайда, біреулерге мотивация ретінде коммерциялық мақсат басым болса, ал басқа жағдайда басшылық тарапынан өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға деген мүдде көбірек әсер етуі мүмкін.

Мемлекеттік ұйымдар мен мемлекет бастамасымен құрылған ұйымдар.

Кесте 1 - Қазақстандағы бизнес кәсіпорындарының даму үрдісіндегі инфрақұрылым институттарының қатысу матрицасы

Инфрақұрылым ұйымдары	Функциялары				
	Мемлекеттік қолдау	Қаржылық қолдау	Ақпараттық-талдаушылық қолдау	Білім беру аясындағы қолдау	Материалдық-техникалық қолдау
Мемлекеттік басқару органдары	**Ж**	**Ж**	**Ж**	**Ж**	**Ж**
Халықаралық және шетелдік ұйымдар		**Қ**	**Қ**	**Қ**	
Үкіметтік емес ұйымдар			**Қ**	**Қ**	
Коммерциялық ұйымдар		**Қ**	**Қ**	**Қ**	
Ескерту – мұндағы, «Ж» - жауапты тұлға, ол үрдістің өтуі мен шекті нәтижесіне жауап береді; «Қ» - үрдісті өткізуге қатысады.					

Кәсіпкерліктің дамуы үшін жауапты және саясатты жүзеге асыратын жоғары мемлекеттік орган – Қазақстан республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (ИЖТМ). Министрлік орталық атқарушы органға жатады және ел Президенті мен Үкіметке есеп береді.

Ұйымдық құрылым ретінде ИЖТМ-нің құрамына *Кәсіпкерлікті дамыту департаменті* кіреді. Ол кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау аясындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен нормативтік-құқықтық реттеу бағыттары бойынша функцияларды жүзеге асырады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастырудың маңызды теориялық мәселелері.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру процесі.

Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні, даму тенденциясы.

Экономиканы мемлекеттік реттеудегі мемлекеттік емес субъектілер.

Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру механизмдерін қалыптастыру.

Мемлекеттің дәстүрлі және жаңа қызметтері.

Әкімшілік-құқықтық реттеу.

Экономикаға мемлекеттің тікелей және жанама әсер ету нысандарын анықтайтын жағдайлар.
Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен құралдары.
Қазақстандағы мемлекеттің экономикалық билік ету жүйесі.
Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды ұйымдыстырушылық-құқықтық қамтамасыз ету.
Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні және даму белгілері.

IV тарау. БОЛЖАУ МЕН ЖОСПАРЛАУ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ РЕТІНДЕ

4.1 Болжаудың мәні, түрлері және әдістері

Экономикалық болжау "Табиғат – адам – қоғам " жүйесіндегі процестерді түсінудің тәсілі бола отырып, болашақта осы процестердің жағдайын тиімді қалыптастырудың ғылыми базасын жасайды. Әлеуметтік-экономикалық болжаулар мемлекеттің экономикалық саясатын жүргізуі барысында макроэкономикалық процестерді жоспарлаудың ғылыми негізін жасау үшін және оларды мәліметтермен қамтамасыз ету үшін қолданылады. Әлеуметтік-экономикалық болжаулардың объектісі болып макроэкономикалық көрсеткіштер, салалар мен аймақтардың даму болашағы, халық шаруашылығының бастапқы звенолары жатады. Болжау жұмыстарының субъектілері болып ғылыми-зерттеу институттары, министрліктер мен ведомстволар, жоғары оқу орындары, жетекші ғылымдардан тұратын творчестволық топтар саналады.

Болжаулар таңдап алынған кезеңге байланысты шұғыл, қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Ұзақ жылдар бойғы болжау мен жоспарлау тәжірибесінің нәтижесінде оның көптеген әдістері қалыптасты. Ғалымдардың бағалауы бойынша 150-ге жуық болжау әдістері бар, олардың ішінде практикада қолданылатыны 15-20-ға жуық. Әсіресе соңғы кездегі ақпараттық технологиялардың дамуы болжау әдістерінің көбеюіне мүмкіндік жасап отыр.

Экономикалық болжамдар негізінде қоғамның даму мақсатын, сол мақсатқа жетуге қажетті экономикалық ресурстар көлемін – ұзақ, орта, қысқа мерзімдік жоспардың тиімді варианттарын, үкіметтің экономикалық, техникалық саясаттырының негізгі бағыттарын анықтау үшін қажет. Яғни, қоғамның даму үрдестерін болжау деңгейі неғұрлым жоғары болса экономиканы басқару ісі де соғұрлым тиімді болады.

Халық шаруашылығын кешенді болжауда кең қолданылатын болжау әдістеріне тоқталамыз.


Интуитивтік болжау логикалық ойлауға сүйенеді. Оның кең тараған түрі эксперттік бағалау. Бұл әдісте болжау мамандардың кәсіби, ғылыми біліміне және тәжірибесіне сүйене отырып жасаған көзқарасын басшылыққа алады.

Тарихи аналогия немесе нұсқаға қарап болжау әдісінде болжанатын объект өзіне ұқсас жоғары дәрежеде дамыған жүйемен (ел, аймақ, сала) салыстырылады. Оның тарихи даму жағдайын зерттей отырып, зерттеу


нәтижесін болжауда пайдаланады. Мысалы ол жаңа салаларды дамытуда (ЭЕМ өндірісі, телевизор өндірісі) қолданылады.




Сурет 13 – Мемлекеттік болжамдар түрлері



Сурет 14 – Болжамның ақпаратты беру тәсілдері



Сурет 15 – Болжамдардың мерзімдік жіктелуі



Сурет 16 – Кеңістігіне байланысты болжаудың түрлері

Моделдеу әдісі әртүрлі экономикалық-математикалық моделдер қолдану, зерттелетін экономикалық процестерді математикалық байланыстар түрінде сипаттау түрінде жүргізіледі. Макроэкономикалық, салааралық, аймақтық, салалық моделдер болады.

Экстраполяциялық әдіс болжанатын объектінің қазіргі даму бағытын болашаққа аударып болжау арқылы жүргізіледі.

Экономикалық талдау әдісі экономикалық процестерді оның құрамдас бөлімдеріне бөледі және процесстердің даму барысындағы осы бөлімдердің бір-бірімен байланысы және өзара әсерін қарастырады.

Мөлшерлеу әдісінің мағынасы болжау мен жоспарларды мөлшерлер мен мөлшерлеуге негіздеумен анықталады. Мөлшерлеу арқылы халық шаруашылығындағы материалдық және материалдық емес сала арасындағы пропорциялар бекітіледі. Болжау әдістерінің түрлерінің топтастырылған сызба-нұсқасы 17-суретте келтірілген.



Сурет 17 – Мемлекеттік болжаудың әдістері

4.2 Жоспарлаудың мәні, негізгі мақсаттары және түрлері

Экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық жақтары, жоспар мен болжау мақсаты мен талаптары, қоғамдық өндірістің салалары мен құрылымдарының дамуындағы сандық және сапалы өзгерістер бір-бірімен тығыз байланысқан көрсеткіштер арқылы беріледі.

Жалпы әлеуметтік-экономикалық жүйенің тиімді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттің мақсаты әрекеттерінің бірі – жоспарлау. Дүниежүзі елдерінің тәжірибесі артта қалған елдердің тез дамуы экономикалық процесстерді белсенді және мақсатты түрде жоспарлауды қолдана білгенінде екендігін дәлелдеп отыр.

Мемлекеттік реттеу әдістерінің ішінде жоспарлаудың ең басты болып саналатындығы мыналарға байланысты:

1. Шаруашылықты тиімді жүргізу үшін макроэкономикада тұрақтылық болуы қажет. Ал ол өз алдына халық шаруашылығы біртұтас жоспарлау объектісі болса ғана іске асады.

2. Кәсіпкерлер мен мемлекеттің шаруашылық әрекеттері, пікірлері мен мақсаттары бір бағытқа бағытталуы қажет.

3. Табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу проблемалары өндіргіш күштерді тиімді орналастыру мәселесін туғызады.

Жоспарлау – экономиканың объективті заңдары мен заңдылықтарын зерттеп түсіне білу, әлеуметтік – экономикалық дамудың жоспарларын ғылыми негізде дайындау мен олардың орындалуын ұйымдастыру процесі.

Жоспар нақты сандық параметрлерге (көрсеткіштерге) негізделеді. Сандық көрсеткіштер әлеуметтік-экономиканың дамуындағы соңғы және аралық нәтижелерін, ресурстарға шығындарды бейнелейді. Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау басқарудың барлық деңгейінде дайындалады, олар:

– мемлекеттік және аймақтық жоспарлау – бұл жоспарды мемлекеттік басқару органдары атқарады;

– жергілікті жоспарлау – бұл жергілікті басқару органдары арқылы жүргізіледі;

– кәсіпорын жоспары – кәсіпорынның өз мүмкіндіктерін ескере отырып жасалады.

Директивті жоспарлау – заңды күші бар жоспарларды құру үрдісі. Директивті жоспарлаудың ерекшелігі нақты объектке бағытталуы және де мұндай жоспардың орындалуы міндетті болып келеді.

Индикативті жоспарлау – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын нақты параметрлер арқылы (индикаторлар) анықтау үрдісі мен белгіленген индикаторларды жүзеге асырудағы жанама мемлекеттік экономикалық шараларды әзірлеу. Индикативті жоспарды әзірлеуде

әртүрлі субъектілер тең құқылы жоспар көрсеткіштерін орындау міндетті емеспін үйымдастыруда бағыт-бағдар беруші.



Сурет 18 – Жоспарлаудың түрлері

Стратегиялық жоспарлау – экономиканың дамуындағы басты басымдылықты таңдау. Стратегиялық жоспарлау ұзақ мерзімге бағытталады, стратегиялық жоспарлаудың, біртұтас болғанымен, икемді қабілеті бар (нақты жағдайларға байланысты).

Тактикалық жоспарлау – стратегиялық мақсаттарға жетуге нақты іс-шараларды жоспарлау мен оны жүзеге асыруға қажетті ресурстардың көлемін анықтау. Трактикалық жоспар қысқа және орта мерзімге жоспарланады.

Жоспарлауды мерзіміне қарай: қысқа, орташа, ұзақ мерзімдік деп бөледі, ең алдымен ұзақ мерзімдік мақсаттар белгіленеді, кейін оны жүзеге асыру үшін орташа және қысқа мерзімдік жоспарлар құрылады.

4.3 Экономикалық бағдарлама жасау. Мемлекеттік бағдарламалар: сипаттары, мақсаттары

Мемлекеттік реттеудің жоғарғы формасы – экономикалық бағдарламалар болып табылады. Оның міндеті – ел үшін маңыздылығы бар мақсаттарға жету үшін мемлекеттік реттеу құралдарын кешенді пайдалану. Бағдарламаларда ұзақ, қысқа және орта мерзімге арналған міндеттерді шешудің тәртібі мен бағдарламардың орындалуын басқаратын органдар анықталады, қажетті қаржы ресурстарын бөлу және оның құралу көздері қарастырылады. Бағдарламалар арнайы мемлекеттік органдармен немесе экономикалық министрліктермен жасалады. Бағдарламаларды жасауға сонымен бірге ОБ, кәсіпкерлер одағы, сауда-өнеркәсіп палаталары, кәсіподақтар қатысады. Бағдарламалар Парламентпен бекітіледі.

Шаруашылық міндесттерін шешуде экономикалық бағдарламалар тиімді саналады. Нарықтық экономика жағдайында олар тек индикативті

сипатта болады, яғни олар белгілі бір мақсатты көздеген нұсқауынталандырушы бағытында болады. Экономикалық бағдарламалар әлеуметтік-экономикалық дамуды қалаған бағытта дамытуға мүмкіндік береді. Экономикалық бағдарламалар шеңберіндегі қаржыландыру, мемлекеттік тапсырыстар салалардың дамуына, аймақтық саясатқа, әлеуметтік топтарға тікелей әсер етеді.

Экономикалық *бағдарламалар жай және төтенше* болуы мүмкін. Төтенше бағдарламалар инфляция, жұмыссыздық, дағдарыс, стихиялық жағдайларда жасалады.

Барлық экономикасы дамыған елдерде *мақсатты бағдарламалар* қолданылады. Мысалы ФРГ еліне қосылғаннан кейінгі Шығыс Германиядағы жаңа жерлерді жекешелендіру бағдарламасы.


Бағдарламалардың қызмет ету бағытына байланысты *ғылыми-техникалық, инвестициялық, өндірістік, экологиялық, әлеуметтік және кешенді бағдарламалар* болады.

Мемлекеттік экономикалық бағдарламалау – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеудің ең жоғары нысаны. Мемлекеттік бағдарламалау бір уақытта экономика дамуының ғаламдық мақсатын қамтамасыз ету үшін экономикалық ресурстарды кешенді пайдалану әдісі болып табылады.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің болжамдау, жоспарлау және бағдарламалау сияқты құралдары өзара бірін-бірі толықтырушы, сатылы сипатта қолданылатын құралдар болып табылады.



Сурет 19 – Бағдарламалардың түрлері



Сурет 20 – Жоспарлау мен болжау тәсілдерінің топтастырылуы

Жүйелі-кешенді тәсіл ғылыми негізделу және тиімді басқару қағидасы бойынша құрылады.

Бағдарламалы-мақсатты тәсіл мақсатты бағыттың, белгеленген шаралардың кешенділігін, тапсырманың нақты адресін, міндеттілігін және шараларды жүзеге асыру мерзімінің белгіленгенін, реурстардың негізгі көздерінің қатаң бірлігін көрсетеді.

Тақырыпқа арналған сұрақтар:

Халық мемлекеттік жоспарлаудың түрлері

Халық шаруашылығын кешенді жоспарлауды жақсарту шаралары

Экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық, әлеуметтік салаларының дамуын индикативті жоспарлау

Мемлекеттік реттеудің қазіргі әдістері: ғылыми болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау.

Болжаудың негізгі түрлері.

Болжаудың қағидалары: кешенділігі, ғылыми негізделуі, баламалығы, мақсатқа сай бағытталуы.

Болжау әдістері.

Жоспарлаудың мәні және негізгі мақсаттары.

Жоспарлаудың түрлері: директивті және индикативті.

Жоспарлаудың қағидалары. Экономикалық бағдарлама жасау.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаттары, мерзімі, сипаты және жүзеге асыру тәсілдері.

V тарау. ЭКОНОМИКАНЫ РЕТТЕУДІҢ ҚАРЖЫ-БЮДЖЕТТІК ӘДІСТЕРІ

5.1 Фискалдық саясат қаржы-бюджеттік реттеудің негізі ретінде: мақсаттары, негізгі құралдары

Мемлекеттің қаржылық саясаты екі негізгі сипатқа ие:


Біріншіден, *бюджеттік процестерді реттеу* – бюджеттік саясатты қолдану арқылы бюджеттік тепе-теңдікке қол жеткізу. Бюджеттік саясат құрамына *секвестирлендіру* жатады, ол – белгілі бір жағдайларда ғана, мысалы өндірістің құлдырауы, инфляция, дағдарыстың ұлғаюы және т.б. жағдайларда мемлекеттік шығындардың жекелеген статьяларын қысқарту.

Әртүрлі елдер үкіметтері тарапынан «экономиканы ынталандыру» мен «инфляциядан арылу» мақсатында бірқатар іс-шаралар қабылдауларын *фискалдық саясат* деп түсінуге болады.

Екіншіден, фискалдық саясат көмегімен *экономиканы реттеу.*

Фискалдық саясат – экономикалық өсімді ынталандыру үшін, инфляцияға бақылау орнату және толық жұмысбастылыққа қол жеткізу мақсатындағы жиналатын салық және мемлекеттік шығындар көлемдерін мақсатты түрде өзгерту. Бұл шаралар жұмыспен толық қамтылуды, төлем балансының тепе-теңдігін және экономиканың өсуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Ынталандырушы бюджеттік-салық саясаты (қазыналық экспансия) – бұл саясат қысқа мерзімді кезеңде экономикадағы циклдық құлдырауды жою мақсатын көздейді. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін мемлекет шығындарды өсіріп, салық мөлшерін төмендету арқылы немесе біріктірген, құрастырма шаралар арқылы жүзеге асырылады.



Сурет 21 – Фискалдық саясаттың типтерге жіктелуі



Сурет 22 – Дискрециялық саясат

Ұзақ мерзімдік кезеңде салықты төмендету саясаты, өндіріс факторларының ұсынысын көбейтуге және экономикалық әлеуеттің өсуіне ықпал ете алуы мүмкін. Мұндай мақсаттардың жүзеге асуы кешенді салық реформасының жүргізілуіне байланысты болады. Бұл шаралардың орындалуы Орталық банк жүргізетін тежеуші ақша-несие саясатымен және мемлекеттік шығындардың құрылымын оңтайландырумен байланысты.

Тежеуші бюджет-салық саясаты (қазыналық шектеу) – экономикадағы циклдық өсуді тежеу мақсатын көздейді. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін, мемлекеттік шығындар төмендеп, салық мөлшері көтеріледі немесе біріктірген, құрастырма шаралар арқылы жүзеге асырылады. Қысқа мерзімдік кезеңде бұл шаралардың нәтижесінде, өндірістің құлдырауы және жұмыссыздық деңгейінің өсуі салдарынан болған сұраныс инфляциясын төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазыналық саясаттың екі түрі (типі) болады: дискрециялық және дискрециялық емес.



Сурет 23 – Қазыналық (фискалдық) саясат типтері

Дискрециялық қазыналық (фискалдық) саясат – үкіметтің арнайы шешімі бойынша салықты, мемлекеттік бюджеттің сальдосын және мемлекеттік шығындардың көлемін мақсатты бағытта өзгерту. Бұл шаралар төлем балансының жағдайын, инфляция қарқынын, өнім көлемін, жұмысбастылық деңгейін өзгертуге бағытталған. Бұл саясатты қолдану кезінде, көп жағдайда, заңдар қабылданады.


Дискрециялық фискалдық саясат сипатына экономиканың жағдайы көп әсерін тигізеді. Құлдырау кезінде ынталандырушы фискалдық саясат жүзеге асырылады. Ал сұраныстың шектен көп болуы жағдайында бұл саясат ұстанымды-тежегіш сипатта қолданылады. Яғни бұл жағдайларда, құлдырау және баяу өсім кезінде ығыстыру (шеттету) немесе экспансиялық саясат қолданылса, ал инфляция кезінде ұстанымды-тежегіш фискалдық саясат қолданылады. Яғни, аталмыш саясат кезінде мақсатты түрде мемлекеттік шығындарды өсіре отырып, немесе салық мөлшерін төмендете отырып мемлекеттік бюджетте тапшылық туындатады. Ал экономиканың өрлеуі кезінде сәйкесінше бюджет артықшылығын туындатады.

Дискрециялық емес қазыналық (фискалдық) саясат – мемлекеттік шығындар мен салықтар деңгейіне қажетті өзгертулер автоматты түрде (автоматты тұрақтандырғыштар) енгізілетін пассивті саясат түрі, яғни үкіметтің арнайы шешімін талап етпейді.


Автоматты (кіріктірме) тұрақтандырғыштар – саяси шешімдерсіз, құлдырау кезіндегі жиынтық сұранысты ынталандыруға бағытталған қаржы-бюджеттік саясаттағы өзгерістер. Яғни, үкіметтің экономикалық саясатын жиі өзгертпей-ақ, өнім көлемі мен жұмысбастылық деңгейінің циклдық ауытқуын төмендетуге мүмкіндік беретін экономикалық тетік. Бұларға үдемелі салық салу, мемлекеттік трансферттер жүйесі, жұмыссыздықтан сақтандыру және пайданы бөлуге қатысу жүйесі жатады. Аталмыш саясат экономиканың өрлеуі кезеңінде бюджетке салық төлемдерінің көптеп түсуіне және нәтижесінде бюджеттік артықшылықтың орын алуына әкеледі.

Экономиканың *«автоматты тұрақтандырғыштары»* дискрециялық қазыналық саясаттың уақытша кешеуілдеу мерзімі ұзақтығының проблемасын салыстырмалы түрде жұмсартады өйткені бұл механизмдер парламенттің қатысуынсыз да жұмыс істейді.

Мемлекеттік сатып алулардың өсуі тауарлар мен қызметтерге деген сұранысты ынталандырады, бірақ бұл пайыздық ставканың өсуіне алып келеді, яғни оның нәтижесінде тауарлар мен қызметтерге деген сұранысты төмендетеді.



Сурет 24 – Экспансиялық фискалдық саясат



Сурет 25 – Ұстанымды-тежегіш фискалдық саясат


5.2 Мемлекеттік бюджет жүйесі, бюджет тапшылығы және экономикалық реттеу

Қаржы жүйесінің күре тамыры мемлекеттік бюджет болып табылады.

Мемлекеттік бюджет – бұл мемлекеттік шығындардың және оларды қаржылық жабу көздерінің жылдық жоспары. Ол ұлттық табыстың бір бөлігінің қайта бөлуге жататынын көрсетеді және есептік кезеңдегі табыстар мен шығындардың балансы түрінде жасалады.

Мемлекеттік бюджет табысы ең алдымен жергілікті және орталық билік органдары алатын салықтардың есебінен, әлеуметтік сақтандыру бойынша түсімдердің есебінен, капиталмен операциялардан түсетін кірістер т.б. есебінен қалыптасады.

Мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігі: экономиканы қаржыландыру, әлеуметтік-мәдени, ғылыми бағдарламалар, мемлекеттік басқару, қорғаныс, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру, мемлекеттік қарыздарды жабу бағыттарына жұмсалады.



Сурет 26 – Мемлекеттік қаржы құрылымы

Мемлекеттік шығындар институционалдық, функционалдық және халық шаруашылығындағы қызметі белгілеріне байланысты бөлінеді.


Мемлекеттік шығындарды *институционалдық бөлу* – бұл қаржыны министрліктер, департаменттерге бөлуді білдіреді.

Функционалдық бөлу мемлекеттің басым мақсаттары туралы мәлімет береді: білім, қорғаныс, әлеуметтік сала;


Мемлекеттік шығындар *халық шаруашылығы қызметіне байланысты* қайтарылатын (трансформациондық) және қайтарылмайтын (трансферттік) болып бөлінеді. Трансформациондық шығындардың орнына мемлекеттік тауарлар мен қызметтер алады (бюджеттен жалақы төлеу, бюджет есебінен қарыз беру т.б.).



Сурет 27 – Мемлекеттік бюджет табыстары мен шығындарының балансы



Сурет 28 – ҚР бюджет жүйесінің құрылымы



Сурет 29 – Мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру



Сурет 30 – Мемлекеттік бюджет тапшылығының себептері мен қысқарту шаралары


Бюджет тапшылығын жою үшін ақша шығару жағдайында мемлекет сеньораж табады. *Сеньораж* – мемлекеттің айналымға қосымша ақша шығару арқылы табатын пайдасы.

Ақша жиынының өсу қарқыны нақты ЖҰӨ өсуі қарқынынан артық болған жағдайда сеньораж пайда болады, бұл жағдай орташа баға деңгейін өсіреді. Мұндай кезде экономикалық агенттер *инфляциялық салық* төлейді және олардың табыстарының бір бөлігі бағаның көтерілуы арқылы мемлекетке түседі.

Қазіргі кезде сеньораж ақша шығару арқылы пайда табу ғана емес, сондай-ақ коммерциялық банктердің резервтерін құру арқылы да жүзеге асырылады.

Ал, егер мемлекеттік бюджет тапшылығын мемлекеттік заемдар шығару арқылы жабатын болса, онда орташа нарықтық пайыз мөлшерлемесі өседі, ол жеке секторларға берілетін инвестицияны төмендетеді. Бұл таза экспорттың және тұтыну шығынының төмендеуіне алып келеді. Осы кезде ығыстыру эффектісі (әсері) пайда болады.


Ығыстыру эффектісі (әсері) – бюджеттік экспансия нәтижесінде пайыздық ставканың жоғарылауымен болатын сұраныстың азаюы.



Сурет 31 – Бюджет тапшылығының түрлері




Сурет 32 – Мемлекеттік ішкі қарыздар құрылымы



Сурет 34 – Мемлекеттік несие мен мемлекеттік борыштың сыныптамасы

Бюджет тапшылығын бәсеңдету үшін мемлекет тек қана ішкі мүмкіндіктермен шектеліп қана қоймай сыртқы заемдарды да пайдаланады. Олар мемлекеттің сыртқы қарыздарын құрайды.



Сурет 33 – Мемлекеттік қарызды басқару шаралары

Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі мемлекеттік бюджет жүйесіне кіретін барлық бюджеттердің бірлігі, дербестігі, толықтығы, реалистігі, дәйектілігі, жариялылығы және т.б. қағидаттарына негізделеді.

Бюджет шығыстарын функциялық сыныптауды топтастыру мынадай деңгейлерден тұрады: функциялық топтар, функциялық кіші топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар және ішкі бағдарламалар.

Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау үш кезеңде — бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде, бюджетті атқару кезінде және бюджеттің атқарылуын бақылау кезінде жүзеге асырылады.

Жоғарғы және төменгі бюджеттердің бюджет процесіндегі қатынастары бюджетаралық қатынастар болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында бюджет процесінде жоғарғы және төменгі бюджет арасындағы *бюджетаралық қатынастар* және кірістер мен шығыстарды бюджеттер деңгейлері арасында бөлу аса маңызды проблемалардың бірі болып отыр.

Бюджетаралық реттеу - теңгерімділік мақсаттарында жоғарғы бюджет ресурстарының бір бөлігін төменгі бюджетке беруден тұратын және керісінше, ақша қаражаттарын бөлудің жүйесі. Реттеу механизміне бюджеттік субвенциялар, бюджеттік алынымдар, реттеуші кіріс көздері жатады.

Бюджеттік алынымдар — заңнамалық актілермен немесе маслихаттардың шешімдерімен бекітілген соммалар шегінде төменгі бюджеттердің жоғарғы бюджеттерге беретін ресми трансферттері.

Субвенциялар – бюджеттердің жоғарғы бюджеттерден заңнамалық актілермен және маслихаттардың шешімдерімен бекітілген соммалар шегінде алатын ресми трансферттері.

Реттеуші кіріс көздері бекітіліп берілген және реттеуші болып бөлінеді.

Бекітіліп берілген кірістер — бұл түгелдей немесе ішінара белгілі бір бюджетке берілетін бюджет қаражаттары.

Жергілікті бюджеттерде салықтық және салықтық емес кірістер 85-70% құрайды.

5.3 Салық жүйесі және оны қалыптастырудың негізгі қағидалары

Салық салу – табыстар мен мемлекеттік қаражаттардың толығу көзін реттеу әдісі.

Елімізде салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Қазақстанның *салық жүйесі* оның бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге қатысты бірынғай болып келеді. Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

Қазіргі кезде салықтар фискалдық, реттеуші және қайта бөлуші болып үшке бөлінеді. Бұлардың әрқайсысы осы қаржы категориясының ішкі белгілері мен өзіндік ерекшеліктерін білдіреді.

Фискалдық функциясы – барлық мемлекеттерге тән негізгі функция. Оның көмегімен бюджеттік қор қалыптасады, мұның өзі салықтардың қоғамдық міндеттерін арттыра түседі. Өйткені салықтар мемлекеттік бюджеттің кірістерін салыстыра отырып, экономиканы, әлеуметтік-мәдени шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Реттеуші функциясы – мемлекеттің экономикалық қызметінің ұлғаюымен байланысты пайда болады. Ол ұлттық шаруашылықтың дамуына қабылданатын бағдарламаларға сәйкес ықпал етеді. Бұл салықтардың нысандарын таңдау, олардың мөлшерлемелерінің, алу әдістерінің өзгеруі, жеңілдіктер мен шегерімдер пайдаланылады.

Қайта бөлу функциясы – бұл арқылы түрлі субъектілер табысының бір бөлігі мемлекеттің қарамағына өтеді. Бұл функцияның іс-әрекетінің ауқымы жалпы ұлттық өнімде салықтардан алатын үлесі арқылы анықталады.




Сурет 35 – Салықтардың сипаты және мәні

Мемлекет салық саясатын салық саласындағы шаралар жүйесін қолданып оның нақтылы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық және басқа мақсаттар мен міндеттеріне қарай әзірленген экономикалық саясатқа сәйкес жүргізеді.



Сурет 36 – Салықтың қызметтері



Сурет 37 – Экономикаға салықтық әсер ету құралдары

Қазіргі салық салудың принциптері:

1. Салық төлеушінің мүмкіндігі немесе табыс деңгейі есепке алынып, салық ставкасының деңгейі анықталуы қажет;
2. Табыстарға салық салу бір-ақ рет алынуы қажет;
3. Салықты төлеу – бұл міндетті төлем болып табылады;
4. Салық төлеушінің және салықты жинайтын экономикалық мекемелерге салық төлеу процедурасы мен жүйесі қарапайым, түсінікті және ыңғайлы болуы керек;
5. Салық жүйесі икемді және өзгермелі қажеттіліктерге бейімделе алуы керек;

6. Салық салу жүйесі ұлттық жиынтық өнімді қайта бөлуді қамтамасыз етуі және мемлекеттің экономикалық саясатының тиімді құралы болуы қажет.

Мемлекет экономикаға салық жүйесімен әсер етудің түрлі құралдарына ие.

Салықтық жеңілдіктер. Олар келесідей сипаттарда көрініс табуы мүмкін: а) кейбір кәсіпорындар үшін салық салудың *төмендетілген ставкасында.* Оларды өзгерту не *аймақтық сипатқа*, яғни салық жеңілдіктері дағдарыстық аудандардағы кәсіпорындарға қолданылады, немесе егер олар басымдыққа ие өндірістерге (ғылыми сыйымды немесе экспорттық) қатысты болса, *селективті, таңдаулы сипатқа* ие болады. Салық жеңілдіктер келесідей түрде болуы мүмкін б) *салық несиелері* – бастапқы салық көлемінен шегерімдер, мысалы, салық салудан ҒЗТКЖ-ң қандай да бір сферасын дамытуға шығындар өсімінің белгілі бір үлесі босатылады; в) *салық төлеуді кейінге қалдыру немесе одан толықтай босату.* Мұндай жеңілдікті негізінен шағын және қайта құрылған кәсіпорындар алғашқы құрылған 2-3 жыл бойы пайдаланады; г) *жеделдетілген амортизация*, яғни тозған капиталды жеделдетіп орнын толтыру. Жеделдетілген амортизация жүйесі кәсіпорындарға тозған капиталдың өзіндік құнын оның моральдық тозуына дейін қайтаруға, ал амортизациялық қаржыны өндірістік аппаратты жаңғырту үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Салық жеңілдіктері АҚШ-та 100-ден аса болса, Ұлыбританияда – 80-ге жуық.

Салық ставкаларын манипулияциялау – дамыған елдердің салық саясатының міндетті элементі. Қалыптасқан экономикалық жағдайға, шешілетін экономикалық міндеттерге, ҒТП-ны ынталандыру қажеттілігіне және құрылымдық өзгерістерге және басқа мәселелерге байланысты салық ставкалары төмендетілуі де, көтерілуі де мүмкін.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Мемлекеттің қаржы шаруашылығы және қаржы жүйесі мен элементтері

Мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыздары және оны жабу шаралары

Қазақстан Республикасының қаржы-бюджеттік жүйесі

Бюджет тапшылығының себептері және оны жою жолдары

Фискалды саясат қаржы-бюджеттік реттеудің негізі ретінде: мақсаттары, негізгі құралдары.

Мемлекеттік бюджет экономиканы қаржылық реттеудің негізі.

Бюджет жүйесін құрудың қағидалары: ашықтық, ғылымилық, толықтық, әрестік.

Мемлекеттік бюджеттің қызметтері.

Салық жүйесі мемлекеттің экономикалық саясатының әдісі ретінде.

Салық жүйесін құрудың қағидалары, негізгі құралдары: салықтық жеңілдіктер, салықтық несиелер, жеделдетілген амортизация.

Бюджеттің тапшылығы және мемлекеттік қарыз-экономиканы реттеудің құралдары.

Қазақстан Республикасындағы қаржы саясатының еркешеліктері.

VI тарау. ЭКОНОМИКАНЫ АҚША-НЕСИЕЛІК РЕТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ МЕХАНИЗМДЕРІ

6.1 Ақша-несиелік реттеудің теориялық негіздері

Ақша-несие саясатын қолдану арқылы мемлекет неғұрлым төмен инфляция және неғұрлым төмен жұмыссыздық орнаған экономиканы қалыптастыруға ұмтылады.

Бұл міндеттердің шешімін табу үшін мемлекет ақша ұсынымына бақылау орнатуды жүзеге асыруы керек. Ақша айналымын реттеу үшін манетарлық реттеудің ашық нарықтағы операциялар, міндетті резервтер нормасын өзгерту және есептік ставка сияқты классикалық құралдары қолданылады.

Қазіргі заманғы жағдайда экономикасы дамыған елдерде үш негізгі құралдар пайдаланылады, олардың көмегімен Орталық банк қаржы-несие саласын реттеуді – ашық нарықтағы операцияларды, міндетті резервтердің мөлшері мен есептік ставка саясатын жүзеге асырады.

Ашық нарықтағы операциялар – бұл есептік саясатты жоғарылату құралы. Орталық банк бағалы қағаздарды, банк акцептерін және басқа да несиелік төлемдерді сатады және сатып алады. Ашық нарықтағы операциялардың ерекшелігі, олар нарықтық пайыздық мөлшер бойынша емес, бұрын белгіленген бағам бойынша өткізіледі. Пайыздық мөлшер мемлекеттік бағалы қағаздардың мерзімділігіне байланысты Орталық банкпен сараланымды белгіленеді.

Есептік ставка – бұрын коммерциялық банкпен есептелген вексельдерді қайта есептеу немесе сатып алуға негізделген.

Дисконттық саясаттың мәні – кредиттік институттарды қайта қаржыландыру жағдайының өзгеруімен ақша нарығындағы және капитал нарығындағы жағдайға ықпал етуінде.

Міндетті резервтер саясаты. Міндетті резервтер саясаты экономиканы ақша-несиелік реттеудің құралы ретінде, ақша нарығына мемлекеттің тікелей әкімшілік әдісімен ықпал етуімен байланысты. Бұл – Орталық банктің коммерциялық банктердің қолда бар ақша ресурстарының көлеміне және олардың несиелік мүмкіндіктеріне ықпал етуінің тәсілі.

Мемлекеттің ақша-несиелік реттеу саясатына қатысты қалыптасқан теориялық көзқарастар үш негізгі бағытта қалыптасқан, олар: неоклассикалық, кейнстік және монетарлық теория.



Сурет 38 – Ақша-несие саясатының макроэкономикалық-теориялық көзқарастары

Неоклассикалық мектеп өкілдерінің ұстанымдары бойынша ұлттық өндірістің көлемі экономикада бар өндірістік ресурстарға тәуелді болғандықтан, олардың серпіні мен ақшаның нақты деңгейіне ықпал ете алуы мүмкін емес.

Монетаристер пікірінше, ақша массасының өсім қарқыны мен номиналды және нақты ЖҰӨ өсім қарқыны өзгерістері арасында өзара тығыз байланыс бар.

И.Фишердің айырбас теңдеуі:

$$MV = P * Q$$

мұнда: M – айналымдағы ақша көлемі;

V – бір ақша бірлігінің айналым жылдамдығы;

P – тауарлар мен қызметтің орташа бағасы;

Q – жыл ішінде ұлттық экономика шеңберінде өндірілген тауарлар мен қызметтердің саны немесе жалпы ұлттық өнімнің нақты көлемі.

Кейнсшандық базалық негізделетін негізгі теориялық теңдеу:

$$Y = C + Q + I + XN$$

мұндағы: Y – ЖҰӨ-нің атаулы көлемі;

C – тұтыну шығындары;


Q – тауарлар мен қызметтерге кеткен мемлекеттік шығындар;

I – жеке инвестициялар;

XN – таза экспорт.

6.2 Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары

Ақша-несиелік реттеу жүйесі саласында жүргізілетін мемлекеттік шаралар жиынтығы ақша-несие саясатының түпкілікті мақсатын анықтайды. Ақша-несие саясатының бірқатар өзіндік көздейтін мақсаттары бар. Мақсаттарды жүйелендірілген түрде соңғы және аралық деп екі негізгі топқа бөліп қарастырады.



Сурет 39 – Ақша-несие саясаты мақсатының жіктелуі



Сурет 40 – Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары мен құралдары

6.3 Орталық банктің қызметтері. Классикалық монетарлық құралдар: ашық нарықтағы операциялар, пайыз қойылымы саясаты, міндетті резервтерді реттеу

Орталық банктің басты міндеті – ақша ұсынысын немесе жиынтығын бақылау және реттеу.

Ақша жиынтығы – бұл тауарлар мен қызметтер үшін сатушылармен қабылданатын, қазіргі заманғы ақшалай қаражаттың жалпы сомасы.

Ақша-несие саясаты салық-бюджет және сыртқы экономикалық саясатпен тығыз байланысты.

Егер Орталық банк тұрақты айналым курсын ұстап тұруды көздесе, онда дербес, тәуелсіз ішкі ақша саясаты болуы мүмкін емес, себебі айналымды курсты ұстау мақсатындағы әрекеттер, валюталық резервтердің көбеюі және азаюы экономикадағы ақша жиынының өзгеруіне әкеледі.



Сурет 41 – Ақша айналымын мемлекеттік реттеу механизмі

Мысалы, валюта сатып алған кезде экономикада ақша ұсынысы өседі. Салық-бюджет және ақша саясаттарын бір-біріне сәйкес келтіру белгілі қиындықтарды тудырады. Егер мемлекет экономиканы мемлекеттік шығындарды көбейту арқылы ынталандырса, онда мұндай іс-әрекеттердің нәтижесі ақша саясатымен байланысты болады.

Қазыналық саясаттың нәтижесінде бюджетте тапшылық болса, онда мұндай жағдайда тиімді, тұрақты монетарлық саясат болмайды.

Арзан ақша саясатының мақсаты несиені арзандату және беру тәртібін жеңілдету арқылы халық шаруашылығын дамыту, сондай-ақ елдің жиынтық шығындары мен жұмыс орындарын молайту.



Сурет 42 – Жұмыссыздық және экономиканың құлдырауы кезіндегі мемлекеттік саясат – «арзан ақша» саясаты

Қымбат ақша саясатының мақсаты ақша ұсынысын қысқарту арқылы қоғамның жиынтық шығындары мен инфляция деңгейін төмендету.

Бағалы қағаздар нарығы дамыған елдерде ақша-несиелік реттеудің көп тараған әдісі – ашық нарықтағы операциялар.

Біріншіден бұл операция коммерциялық банктердің қызметіне олардың ресурстарының көлемі арқылы әсер етеді. Егер орталық банк бағалы ағаздарды ашық нарықта сатып, ал коммерциялық банктер оларды сатып алса, онда осы банктердің орталық банктегі ашқан

корреспонденттік шотындағы қаражат қалдығы сатып алған бағалы қағаздар сомасына азаяды. Бұл айналыстағы ақша массасының қысқаруына әкеп соқтырады. Ал орталық банк бағалы қағаздарды коммерциялық банктерден сатып алса, онда сол соманы олардың корреспонденттік шотына жазады, ол банктердің қарыз беру мүмкіндігін кеңейтеді.



Сурет 43 – Жоғары инфляция кезіндегі мемлекеттік саясат – «қымбат ақша» саясаты

Екіншіден ашық нарықтағы операциялар мемлекеттік бағалы қағаздардың проценттік мөлшерін және оның курсын реттеу үшін қолданылуы мүмкін. Қысқа мерзімді пайыздық мөлшерді реттеу үшін орталық банктің вексельдермен және қысқа мерзімді мемлекеттік облигациялармен жүргізетін дәстүрлі операциялары қолданылады.

Ақша несие саясатының келесі маңызды әдісінің бірі – валюта курсының саясаты, несие курстық саясат. Ұлттық валюта курсының тұрақтылығын сақтаудың баға және ақша айналысының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін маңызы өте зор. Ұлттық валюта курсының төмендеуі ішкі нарықтағы алдымен шетел, содан соң отандық тауарлар бағасын көтеру, яғни ұлттық ақша өлшемінің сатып алу мүмкіндігін азайтады. Курстың төмендеуі инфляцияны тудыратын факторға айналады. Валюта курсын реттеу мақсатында ресми пайыз мөлшерін дәл осындай өзгерту қарыз капиталы нарығы мен ақша айналымына үйлесімді әсер етеді.

Орталық банк өз қызметтерін банктік пассив және актив операциялары арқылы атқарады. Пассив операциясы деп – банктердің өзіне ақша қаражатын тартып, банктік ресурстар құру операцияларын, ал актив операциялары деп осы қаражатты орналастыру операцияларын айтады.

Орталық банктің негізгі пассив операцияларына: банкнота эмиссиясы, коммерциялық банктердің және мемлекеттік қазынашылықтың ақша салымын қабылдауы, банктің өз капиталын құру операциялары жатады. Көп елдерде орталық банктердің ақша қорларының негізгі көзі – банкнота шығару, яғни 40-тан 85 пайызға дейін пассивті операциялары. Қазіргі кезде шығарылатын банкноталар алтынмен қамтамасыз етілмеген өз құны жоқ ақшалар. Басқаша айтқанда, банкнота эмиссиясы орталық банктің актив операцияларымен қамтамасыз етіледі. Осыдан оның пассив және актив операцияларының байланысы көрінеді. Орталық банктің «банкнота эмиссиясы» деп аталатын пассивті операцияларының мөлшері онын: банктерге қарыз, мемлекеттік бағалы қағаздарды, шетел валютасын және алтынды сатып алу деген актив операцияларына байланысты болады. Осы тұрғыдан алғанда орталық банктің активті операциялары пассив операцияларына қарағанда алдымен құрылады. Орталық банктің ақша ресурстарының келесі көзі – коммерциялық банктер мен қаржы министрлігінің ақшалы салымы. Коммерциялық банктер орталық банктегі ашылған пайызсыз шотқа міндетті резервтерімен қоса өзінің кассалық қорының бір бөлігін сақтауы мүмкін. Орталық банк коммерциялық банктерде белгілі бір бекітілген пайыздық мөлшермен мерзімдік шоттарды да ашуы мүмкін. Ал орталық банктің өз капиталының үлесі пассив операцияларының 4 пайызын құрайды.

Активті операцияларына негізінен: есеп-несие операциялары, бағалы қағаздарға салымдар, алтын және шетел валютасымен жүргізілетін операциялары жатады.

Есеп-несие операциялары – есептеу операциясы және мемлекет пен банктерге қысқа мерзімді қарыз беру операциялары болып екі түрге бөлінеді.

Есептеу операциясы – орталық банктің мемлекет пен банктерден вексельдерді сатып алуы. Орталық банктің коммерциялық банктерден вексельдерді сатып алуын *вексельді қайта есептеу* деп атайды. Себебі коммерциялық банктердің өз клиенттерінен сатып алған вексельдерін орталық банкке сатқанда, олар екінші рет сатып алынып, екінші рет есептеледі.

Кассалық ауытқуды жоюдың келесі әдісі үкіметке бір жылға дейінгі мерзімге *тікелей банктік қарыз беруі* болуы мүмкін. Коммерциялық банктерге қысқа мерзімді қарыз жай және аударым вексельдерімен,

бағалы қағаздармен және басқа активтермен қамтамасыз етілген жағдайда беріледі. Бұндай операциялардың бір түрі – *ломбард несиесі.*

Орталық әртүрлі мақсатпен бағалы қағаздарға ақша жұмсауы мүмкін: бірінішіден көптеген өркендеген елдерде бюджеттің тапшылығын жабу мақсатында орталық банктің мемлекеттік облигацияларды сатып алуы үкіметті несиелеудің ең басты және жалғыз формасы болып табылады.

Екіншіден орталық банктер мемлекеттік облигацияларды банк жүйесін, ақша массасын және ақша несие саясатын жүргізу барысында мемлекеттік облигациялардың курсын реттеу мақсатында сатып алады. Коммерциялық банктердің ресурстарын ұлғайту үшін орталық банк мысалы: *репо типті операцияларды* қолданады. Яғни банктерден мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алумен қатар оларды белгілі бір мерзімнен кейін алдын-ала бекітілген бағамен сату жөнінде өзіне міндеттеме алады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Мемлекеттің ақша-несие қатынастары мен ақша айналымын реттеуді ұйымдастыру негіздері

Макроэкономикалық тұрақтылықты сақтауға негізделген монетарлық саясатты жүргізу әдістері және оның маңыздылығы

Баға қалыптасуын мемлекеттік реттеу

Ақша-несиелік реттеудің теориялық негіздері.

Ақша-несиелік реттеудің неоклассикалық және кейнстік модельдері.

Ақша-несиелік реттеудің мақсаттары.

Орталық банктің қызметтері. Классикалық монетарлық құралдар: ашық рынoктағы операциялар, пайыз қойылымы саясаты, міндетті резервтерді реттеу.

VII тарау. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ: НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ІС-ШАРАЛАРЫ

7.1 Экономикалық өсудің мақсаттары, типтері, факторлары

Экономикалық өсу – әлемнің барлық елдерінің алдында тұрған негізгі, басты мәселе. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы Германия мен Жапонияның даму тарихы олардың экономикаларының толықтай күйрегенін көрсетеді. Алғ қазіргі кезде бұл елдер тұрақты экономикалық өсудің озық тәжірибелік мысалдарын көрсетіп отыр.

Экономикалық өсу кез-келген елдің экономикалық саясатының негізгі мақсаты. Экономикалық өсу қарқыны проблемасы ұдайы өндіріс процесін интенсификациялаудың шешуші факторы және осыған байланысты болатын қоғамдағы әлеуметтік сұрақтарды шешуге көмектеседі. Экономикалық өсудің шамалы қарқыны жағдайында да қоғамда экономикалық әрі әлеуметтік тиімділік өседі.

Экономикалық өсуді қамтамасыз ету проблемасы сапалы өнім шығару, өндіріске ғылыми-техникалық жаңалықтарын енгізуді, өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды, бір сөзбен айтқанда мироденгейдегі кәсіпорындарды басқаруды жаңаша ұйымдастыруды қажет етеді.

Экономикалық өсу – бұл ұлттық өнімнің сандық өсуі мен сапалық жетілдірілуі.

Кез келген ел үкіметі ішкі жинақтаулар мен инвестицияларды қолдау арқылы, шетелдік инвесторларды тарту, меншік құқықтарын сақтау және т.б. арқылы экономикалық өсім қарқынын жоғарылатуға ұмтылады.

Ұлттық экономиканың өсуін мөлшерлеу үшін келесі көрсеткіштерді пайдаланады: жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ).

ЖҰӨ – елде жыл ішінде шығарылған барлық дайын өнімдер мен қызметтердің жалпы нарықтың құны.

Экономикалық ғылымда экономикалық өсудің үш негізгі факторларының тұрпаттары бөліп көрсетіледі *ұсыныс факторы және сұраныс факторы, бөлу факторы.*

Ұсыныс факторы деп өндіріс көлемінің өсуін жүзеге асыру мүмкіндігінің жағдайы түсініледі. Олардың құрамына енетіндер:

а) табиғи ресурстардың саны мен сапасы;

ә) еңбек ресурстарының саны мен сапасы;

б) негізгі капиталдың көлемі мен сапасы;

в) пайдаланылатын технологиялар;

ғ) ғылыми жұмыстар.

Ұсыныс факторы экономикалық өсу үшін, әлеуетті мүмкіндіктерді

көрсетеді. Шынайы экономикалық өсу өсіп келе жатқан ресурстар көлемін пайдаланумен байланысты, яғни соларға сұранысты қамтамасыз етудің қажеттігі.

Экономикалық өсу факторларының екінші тұрпаты сұраныс факторы болып табылады:

а) қоғамдағы жиынтықты табыс пен шығындардың деңгейі;

ә) табыстар мен шығындардың құрылымы;

б) қоғамдағы еркін капиталдың болуы;

в) несиелік қатынастар жүйесінің дамуы;

г) тұтынушылардың несие алуының мүмкіндігі.

Факторлардың үшінші тұрпаты – *бөлу факторы.*

Мәселе, тиімді бөлу жолға қойылған жағдайда ғана, қолда бар ресурстардың үдемелі саны өнім көлемінің өсуіне жол ашады.

Бөлу факторына төмендегілерді жатқызуға болады:

а) өндіріс факторлары мен өндіріс ресурстарын оңтайлы орналастыру;

ә) қоғамдағы табыстарды бөлу сипаты;

б) елдің экономикалық құрылымының өзгерістері;

в) елдегі баға серпіні;

г) экономикадағы инфляциялық беталыстар.

Бөлу факторының маңызды элементтері өндіріс ауқымының бірі болып табылады.



Сурет 44 – Экономикалық өсу типтері

Экстенсивті – өндіріс факторын көбейту, яғни, өндірістің бұрынғы техникалық негіздерін сақтау кезіндегі қолданатын ресурстардың сандық көбеюі (жұмыспен қамтамасыз етудің санын көбейту, негізгі өндіріс қорларының сапасын сақтау кезіндегі инвестиция көлемінің өсуі және т.б.).

Экономикалық өсудің экстенсивті факторларына мыналар жатады:

- қолда бар технология деңгейін сақтай отырып, инвестиция көлемін өсіру;
- жұмысшылар санын өсіру;

- өндірісте пайдаланылатын шикізат, материал, отын және т.б. айналым құралдарын өсіру.

Интенсивті – өндіріс үдерісінде өндірістің көбірек жетілген факторларын пайдалану, сондай-ақ, өндіріс әлеуетін пайдалануды жақсарту (шеберлікті көтеру, өндірістің ұйымдастырылуын жақсарту, экономиканы құрылымдық қайта құру).


Экономикалық өсудің интенсивті факторларына мыналар жатады:

- ғылыми-техникалық прогрестің жедел дамуы (жаңа техника, технология ендіру, қондырғыларды жаңарту);
- қызметшілер біліктілігінің артуы;
- негізгі және айналмалы қорларды пайдалану деңгейін жақсарту;
- шаруашылық қызмет тиімділігін оны ұйымдастыруды жақсарту ақылы жетілдіру.

Кез келген елдің экономикалық өсімі алты негізгі факторлармен анықталады және оларды ұсыныс факторы, сұраныс және тиімділік факторы деп топтастыруға болады.



Сурет 45 – Экономикалық өсу факторлары



Сурет 46 – Экономикалық өсу көрсеткіштері

Кез келген елде де экономикалық өсудің факторлары болып мыналар саналады: 1) ғылыми-техникалық прогресс; 2) табиғи ресурстардың саны мен сапасы; 3) еңбек пен капитал ресурстарының өнімділігі.

Қазақстан бойынша осы ресурстарға баға берсек, онда табиғат ресурстары орташа, ал капитал ресурстары тозу деңгейінің жоғары болуына байланысты төменгі деңгейде деп бағалауға болады.

Ғылыми-техникалық прогресс технологияны жетілдіруді, өндірісті басқару мен ұйымдастырудың жаңа әдістерін енгізуді білдіреді. Қазір дүниежүзі елдерінде индустриализмнен постиндустриализмге өту жүріп жатыр. Егер индустриализмге дейінгі жүйеде ауыл шаруашылығы типі басым болса, индустриализм дәуірінде - өнеркәсіп басты орын алады. Ал постиндустриализмге ақпараттық технологияның (ақпараттық ресурстар мен ғылыми білімдер) басым болуы тән. Қазақстанда басқа да бұрынғы кеңес одағының елдері секілді постиндустриализм элементтері әлі көп байқалмайды.

Еңбек ресурстары. Бұл фактор ең алдымен елдегі тұрғындар саны және олардың еңбегінің нәтижелілігімен сипатталады.

Капитал ресурстары. Капитал мен жоғары деңгейде жарықтану өндірілетін өнім санын өсіреді. Қазіргі кезеңдегі өндіріс құрал жабдықтарының моральдық және физикалық тозуы жоғары деңгейде (дағдарыстың алғашқы жылдары өнеркәсіптегі тозу 41,7%, металлургия – 51,6% құрады). Дағдарыс кезеңінде өндіріс-құрал-жабдықтарын сатып алу мен орнату күрт төмендегені белгілі. Дүниежүзі елдеріндегідей ғылым мен техника жаңалықтарын өндіріске енгізген кәсіпорынға жеңілдіктер беру бізде де қолданылып келеді.

Қазақстанның салауатты экономикалық өрлеу стратегиясы мықты нарықтық экономикаға, мемлекеттің белсенді рөліне және айтарлықтай шетел инвестицияларын тартуға негізделеді. Қазақстанның экономикалық өсуді қамтамасыз ететін бірнеше мүмкіншіліктері бар.

Біріншіден, біздің *табиғи ресурстарымыз* – орасан зор байлық. Алайда әлемдік тәжірибе табиғи байлығы бар көптеген елдердің оны дұрыс игере білмегендіктен, ақыры кедейлер қатарынан шыға алмағанын көрсетеді. Ал Шығыс Азияның неғұрлым серпінді дамыған елдері – табиғи ресурстары жоқ елдер. Осының бәрі жетекші фактор – бұл адамның өзі, олардың білімі екенін тағы дәлелдейді.

Екіншіден, *территорияның кеңдігі.* Қазақстан үшін өрлеуді қамтамасыз етудің бір жолы – жер ресурсын тиімді пайдалану. Болашақта жер әлемдегі ең құнды ресурстардың біріне айналады, өйткені халықтыазық-түлікпен қамтамасыз етуге қажетті жер тапшылыққа айналып барады. Қазақстанды ауыл шаруашылығы өнімдерімен жабдықтайтын негізгі елдердің бірі болады деп болжауға болады.

Үшіншіден, Қазақстан *транзиттік әлеуетінің* жоғары болуымен ерекшеленеді. Европа мен Азияның түйіскен жол торабында орналасуы, болашақта елге миллиондаған табыс әкеледі деп күтіледі.

Экономикалық өсуді қамтамасыз ету жолында кездесетін мынадай кедергілер бар: жиынтық ұсынымға қарағанда жиынтық сұранымның төмен болуы, демографиялық өнімсіздік, ұлттық жинақтардың ұлғаюы мен капитал қорлануының баяу жүруі.


7.2 Экономикалық өсудің үлгілері

Экономикалық өсу модельдері көп факторлы және екі факторлы болып келеді. Экономикалық ғылымда экономикалық өсудің үш негізгі факторларының тұрпаттары бөліп көрсетіледі ұсыныс факторы және сұраныс факторы, бөлу факторы. Барлық факторлардың өсуге әсер ету процесі көп факторлы модель ұғымын қалыптастырады.

Екі факторлы модель өзіне еңбек пен капиталды ғана қосады. Американдық экономист Денисонның мәліметі бойынша, өнім өсуінің 2/3 еңбек (капитал) өнімділігінің өсуі арқылы, 1/3 – еңбек шығынын (еңбекті) өсіру арқылы іске асырылады.

Екі факторлы модельдің екі вариантын құруға болады: біріншісінде ҒТП ескерілмейді; екіншісінде ескеріледі.

Егер ҒТП қатыспаса, онда капиталдың қорлануы бірте-бірте соңғы өнімділікті төмендетуге әкеледі және экономикалық өсуді тежейді. ҒТП қолданған кезде капитал мен еңбекті өнімділікті болып - ҒТП инвестицияның өсуін әкеледі.



Сурет 47 – Экономикалық өсу үлгілері

Инвестициялар экономикалық өсуге әр түрлі әсер етеді. Олардың біреуі еңбек шығынын үнемдеуге және капитал шығынын өсіруге әкеледі. Оларды *еңбек сақтағыш* деп атайды. Басқа инвестициялар еңбекке қарағанда, капиталды салуды айтарлықтай қысқартады. Оларды *капитал сақтағыш* деп атайды. Еңбекті және капиталды тең үнемдегендегі инвестицияларды *нейтралды* деп атайды.

7.3 Адам капиталы өсудің маңызды факторы. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі әрекет ету бағыттары

Адами капиталдың өсуі арқылы жұмысшылардың еңбек өнімділігінің өсуі еңбек ресурстары ұсынысын өсірудің жолы болып табылады.

Адам капиталының позитивті сыртқы әсерінің 10 пайызға өсуі өнім өндірудің 4 пайызға өсуіне алып келеді. Яғни, бұның мәні адам капиталын өсіруші білім, кәсіби дайындық және басқа да қызметтер мемлекет тарапынан субсидияландырылуы тиіс.

Әлеуметтік-бағытталған нарықтық экономикада мемлекеттік шығындардың айтарлықтай бөлігі әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім сияқты салаларға бөлінуі, адамның шығармашылық, жаңашылдық қызметтерінің экономикалық өсу мен ұлт байлығының маңызды факторы ретінде «адам капиталы» рөлінің өсуімен байланысты екендігін айқындай түседі.

Экономикалық өсу адам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық базаны кеңейтуді білдіреді. Алайда қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесі халықтың арасында ресурстарды бөлуге және оларды пайдалануға, сондай-ақ мүмкіндіктерді, әсіресе жұмысқа орналасу саласындағы мүмкіндіктерді бөлісуге де байланысты болады. Демек, экономикалық өсу мен адам дамуы арасындағы байланыс автоматты болып табылмайды.

Экономикалық өсудің тиімділігі мен сапасы кез келген мемелекет үшін маңызды мәселе. Ұзақ мерзім бойы еліміздің экономикалық дамуының нәтижесі жалпы қоғамдық өнімнің сан жағынан өсу арқылы бағаланып отырды. Кәсіпорындардың қалыптасуы мен дамуы іс жүзінде олардың өздерінің өнімдерін сатудан түскен табыстар есебінен шығындарын өтеу қабілетімен байланысты болмады.

Экономикалық өсуге мемлекеттің әсер етуінің үш негізгі бағыты анықталған:

- ҒТП ынталандыру және ғылыми зерттеулердің дамуы;
- мемлекеттік масштабта білім беруге, білікті мамандарды дайындау мен қайта даярлауға шығындарды ұлғайту;

- салық жүйесін түбегейлі қайта құру.

Бұл саясатты ұстанудың басты мақсаттары ретінде өндірістің жоғары қарқынмен өсуі, әлеуметтік мәселелерді шешу: жұмысбастылық, жұмыссыздық, кедейшілік, табыс деңгейін өсіруді айтуға болады.

Экономикалық өсімді ынталандырушы мемлекеттік реттеудің тағы бір бағыты – салықты заңнамалық реттеу және мемлекеттік бюджет есебінен жекелеген салалар мен аймақтарды тікелей немесе жанама субсидиялау арқылы өндірістің тиімді құрылымы мен бәсекеқабілеттілігін ұстап тұру (бұл әсіресе транспорт және коммуникациялық инфрақұрылымдарға қатысты).

Экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі мемлекеттің ролі туралы әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Олардың негізгілері:

- ең алдымен қоғамда заңдылық пен тәртіпті орнату қажеттілігі туралы. Заңдардың сақталмауы еңбек ресурстары мен табиғи ресурстардың дұрыс пайдаланбауына әкеледі;
- әлеуметтік тауарлар мен қызметтердің тапшылығы, инфрақұрылымның жеткілікті деңгейде дамымауы экономикалық өсуді тежегіш болып табылады;
- міндетті жинақ пен капитал салымдарын мемлекет тарапынан реттеудің қажеттігі туралы.
- Нарықтық экономика жағдайында экономикалық өсу тұрақсыздық сипат алуы мүмкін. Оған жоғарылау мен төмендеу сияқты экономикалық циклды қалыптастырушы сипат тән.

Экономикалық цикл – бұл экономика деңгейінің құлдырауы мен көтерілуінің бірнеше жылдар аралығында қайталануы.

Қазіргі заманғы экономикалық дамуға экономиканың циклдық сипатының бірнеше ерекшеліктерінің болуы тән: экономикалық өсу фазасындағы циклдар мерзімінің қысқаруы; дағдарыстар мерзімдерінің әлсіреуі; цикл құрылымының өзгеруі (жекелеген сатылардың (фазалардың) болмауы немесе олардың өте қысқа болуы). Аталмыш өзгерістердің орын алуына басты себепкер, негізгі фактор – экономиканы мемлекеттік реттеу.


Циклдық ерекшеліктерге экономикалық әсер ету саясаттарының негізгі түрі – мемлекеттің дағдарысқа қарсы саясаты болып табылады.

Дағдарысқа қарсы саясат – дағдарыс алдындағы жағдай мен экономикалық дағдарыстың дамуын жою кезеңдеріндегі экономикалық белсенділіктегі ауытқуларды реттеу бойынша мемлекеттік іс-шаралар жиынтығы.




Сурет 48 – Экономикалық өсуге қол жеткізудің міндеттері

Экономикалық циклдың *тоқырау мен өрлеу (өркендеу) сатылары* мемлекеттің ерекше бақылауындағы кезеңдер болып табылады.



Сурет 49 – Өрлеу кезеңіндегі мемлекеттің дағдарысқа қарсы саясаты



Сурет 50 – Тоқырау кезеңіндегі мемлекеттің дағдарысқа қарсы саясаты

Талқылауға арналған сұрақтар:

Экономикалық өсудің мақсаттары, типтері, факторлары.

Экономикалық өсу және қоршаған орта.

Тұрақты экономикалық өсу және тұрақты экономикалық даму тұжырымдамасы.

Экономикалық өсудің модельдері.

Адам капиталы өсудің маңызды факторы ретінде.

Экономикалық өсуді қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі әрекет ету бағыттары.

Өндірістің тиімділік көрсеткіштері.

VIII тарау. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ІЛГЕРІЛЕУ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕДЕЛДЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ

8.1 ҒТП-ті дамытудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы

Қазіргі кезде жұмыскерлері өз шығындарының айтарлықтай бөліктерін ғылыми-зерттеу және тәжірибе конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) жұмсайтын салалар топтары жедел қарқынмен өсуде. Мұндай салалар ғылыми сыйымдылығы жоғары салалар деп аталады. Әдетте мұндай салаларға ҒЗТКЖ-ға жұмсалатын шығындар саладағы жалпы сату көлемінің 3,5-4% төмен емес мөлшерін құрайтын салалар және ҒЗТКЖ-дегі жұмыс істейтіндер саладағы барлық жұмыскерлердің 2,5-3%-ын құрайтын салалар жатқызылады. Мұндай салалар мысалына авиациялық, космостық, мұнай-газ, фармацевтикалық және басқа салаларды жатқызуға болады.

Ағылшын экономисті, Нобель сыйлығының лауреаты Джон Хикс техникалық прогресті бейтарап (нейтралды), еңбекті сақтағыш және капитал сақтағыш деп үшке бөліп қарастырады.



Сурет 51 – Д.Хикс бойынша техникалық прогресс түрлері

Нейтралды техникалық прогресс еңбек пен капитал өнімділіктерінің бір мезгілде артуларын қамтамасыз етеді. Еңбекті сақтағыш – ең алдымен еңбек үнемділігін қамтамасыз етеді. Капитал сақтағыш – капиталдың қолданылу тиімділігінің өсуін қамтамасыз етеді.

Жалпы ҒТП екі негізгі нысаны бар: *эволюциялық*, яғни, өндіріске енгізілген техника мен технологияны жетілдіру және тарату процестері сол бұрынғы ғылыми-техникалық принцпке негізделген түрі және *революциялық*, яғни, өндірісте жаңа сападағы ғылыми-техникалық принциптерді пайдалануға негізделген түрі.

8.2 ҒТП-ті жеделдету мен оның тиімділігін арттыру шаралары

XX ғасырдың 50-ші жылдарынан басталған ҒТП-тің өзіне тән бірнеше көріністері және ерекшеліктері бар. Олар:

1. ҒТП кең ауқымды, әмбебап сипатқа ие болды. Ол қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтиды, тұрмыс жағдайына да, ұдайы өндіріс фазаларына да ықпал етеді. өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру және басқару жүйесін мүлдем өзгертті, сапалық жаңалықтар енгізілді.

2. Ғылым мен өндірістің интеграциялық қатынасы жоғары дәрежеге жетті. Экономика өсу факторлары мен қайнар көздерін, шаруашылықы құрылымын және т.б. жағдайларды күрт өзгертті.

3. Жаңа принципті техника мен технология жасалып, өндіріске енгізілуде. Сапалық жаңа өндіріс аппараты қалыптасып келеді. Бірлескен жұмыс күші даму үстінде.

4. Қазіргі ҒТП ерекшеліктерінің бірі – микроэлектрониканың жедел қарқынмен дамуы және пайдалануы.

ҒТП-тің қарқынды дамуы қоғамдық өндірісті алға бастыруда ғылымның рөлінің өскендігінің айқын көрінісі. Ғылым мен өндіріс қосылып біртұтас процеске айналды. Осының негізінде қалдықты аз қалдыратын немесе тіпті қалдықсыз технология өмірге келді. Мұның экономикалық және экологиялық маңызы өз алдына ерекше, өндіріске озық технологияны пайдалану қазіргі ғылыми-техникалық революцияның негізгі көріністерінің бірі, машина компонентіне және элементтеріне жаңа сапалық өзгерістер енді. Бұл жағдай адамның өндірістегі орны мен рөлін өзгертті, жұмысты күрделендірді, жаңа биік талаптар қойылды.

ҒЗТКЖ (НИОКР) барысында жаңа білімдер туындайды, көптеген жағдайларда оларды *зерделік* өнім деп атайды. Аталмыш өнім көп түрлі формада болады: ашық, өнертапқыштық және рационализаторлық ұсыныстар, пайдалы үлгілер мен өнеркәсіптік үлгілер, технологиялық процестер туралы мәліметтер және басқа құпия іскерлік ақпараттар (ноу-хау). *Зерделік* өнімнің аталған формаларынан басқа да, ғылыми шығармаларды, сондай-ақ, әдебиет пен өнер шығармаларын да жатқызуға болады.

Зерделік өнім иесі өзінің зерделік меншігін пайдалану құқығына ие және осының негізінде иегер пайдалану шарттары мен оны тарату немесе сату бағаларын анықтай алады.

Осындай негіздерде зерделік өнімге деген құқық:

- ғылым, әдебиет және өнер туындылары мен ақпараттық жүйелерге арналған бағдарламаларға авторлық құқық түрінде автоматты түрде қалыптасады;
- өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге және пайдалы үлгілерге, селекциялық колжетімдерге патент түрінде рәсімделеді;

- фирмалық атау, тауарлық белгі, қызмет көрсету белгілері түрінде тіркеледі.

Ғылымды дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттары:

- әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі ретінде ғылымды айқындау;
- жоғары технологиялар өнімінің экспортына бағдарланған ғылымды көп қажетсінетін әрі ресурстарды үнемдейтін және экологиялық таза өндірісті құруға бағытталған зерттеулерді дамыту;
- ғылыми жетістіктерді нақты іске асыруға ықпал ететін тетіктер мен ынталандыру жүйесін құру;
- жаңа жетістіктерді экономиканың қабылдауын жан-жақты ынталандыру (сұранысты ынталандыру) және оларды отандық ғылыми-техникалық әлеуеттің пайдалануы үшін жағдайлар жасау (ұсыныстарды ынталандыру);
- ғылыми зерттеулер жүргізу үшін материалдық базаны нығайту;
- кадр әлеуетін сақтау мен дамыту, ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау мен аттестаттау;
- ғылыми зерттеулердің тиімділігі мен сапасын жоғарылату үшін ғылыми ұйымдарды аттестаттау және тіркеу жүйесін дамыту;
- ғылымның мемлекеттік емес секторын қалыптастыру мен дамыту, оны қолдаудың мемлекеттік тетіктерін жасау;
- талантты жас ғалымдарды қолдау;
- мамандарды әлемнің ең үздік ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өткізу;
- грант негізінде ғылыми зерттеулерді қаржыландыру тетіктерін жасау мен жетілдіру;
- қазақстандық ғылымның халықаралық ғылыми-технологиялық қауымдастыққа интеграциялануын қамтамасыз ету.

8.3 ҒТП-ті дамытуды мемлекеттік ынталандыруы

Ғылыми-техникалық прогресті (ҒТП) қаржыландырудың көзін таңдау кезендерге және, тиісінше, ғылыми-техникалық зерттеулерге байланысты, соның ішінде: іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, жобалау-конструкторлық зерттемелер, жаңа техника мен технологияны, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастырудың әдістерін енгізу.

ҒТП-ні қаржымен қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары қаржыландыру көздерінің *көптігі* және олардың *мақсатты пайдалылығы* болуы тиіс.

ҒТП-нің қолданбалы және енгізбелік шаралары *шаруашылық есеп қорларынан (орталықтандырылған және орталықтандырылмаған)* және *банк несиелері есебінен* қаржыландырылуы тиіс.

Дамыған индустриялық елдермен салыстырғанда Қазақстандағы ғылымның дамуының қағидатты ерекшеліктері бар. Дамыған елдерде іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландырудың жыл сайын ұлғаюы, ғылымның жеке сектормен ықпалдасуын ынталандыру есебінен жаңа жетістіктерді жеделдете игеру, ғылымның корпоративті секторын құруға және дамытуға жан-жақты жәрдемдесу, маңызды экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге ғылыми-техникалық әлеуетті бағдарлау байқалып отыр. Атап айтқанда, 2000 жылы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге арналған мемлекеттің шығыстары: АҚШ-та 246,2 млрд. долларды (ІЖӨ-нің 2,9 %), Жапонияда 94,2 млрд. долларды (ЖІӨ-нің 3,0%), Германияда 45,8 млрд. долларды (ЖІӨ-нің 2,35%), Францияда 28,0 млрд. долларды (ЖІӨ-нің 2,25 %), Швецияда 7,6 млрд. долларды (ЖІӨ-нің 4,0 %) құраған. Еуроодақ өз мүшелеріне ғылымға арналған салымдар деңгейін ЖІӨ-нің 2,5%-ына дейін жеткізуді ұсынып отырғанын атап өту керек.

Қазақстанда соңғы бес жылда ғылымды қаржыландыру көлемі ЖІӨ-нің 0,2%-ын құрап отыр, бұл жеткіліксіз болып табылады. Қазақстанның стратегиялық мүдделерін көздей отырып, 2010 жылдан бастап ғылымды қаржыландыруды ЖІӨ-нің 2% және 2015 жылы 2,5-3% деңгейіне дейін жеткізуге кезең-кезеңмен өтуді жүзеге асыру қажеттілігі жоспарланған.

8.4 Мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асыру шараларының жүйесі

Индустриалды-инновациялық стратегияның маңызды міндеттерінің бірі мақсатты инвестициялық және ғылыми-техникалық стратегияларды іске асыру, инвестициялық белсенділікті реттеу мен ынталандыру болып табылады, бұл индустриалдық-инновациялық дамудың қазіргі мемлекеттік басқару жүйесін қайта қарауды және белгілі бір дәрежеде қайта құруды қажет етеді. Анықталған аталмыш мақсаттарға қол жеткізу үшін жаңа мемлекеттік даму институттарын құру және қазіргі барын атап айтқанда: қазақстанның инвестициялық қорын, қазақстан Даму банкін, Инновациялық қорды, Экспортты сақтандыру корпорациясын нығайту қажет.

Қазақстанның инвестициялық қоры. Қазақстанның инвестициялық қорының (ҚИҚ) мақсаты Қазақстанда, шет елдерде де кәсіпорындардың жарғылық капиталына үлестік және бақылаусыз қатысу арқылы жеке сектордың экономиканың шикізаттық емес секторындағы бастамаларына қаржылай қолдау көрсету болып табылады.

ҚИҚ құру қажеттілігі оандық рынокта өңдеуші өнеркәсіпке инвестиция ағымына ықпал ететін барабар нарықтық тетіктердің болмауы, қор нарығының дамыған, отандық компаниялардың капиталдандыру төмендігіне негізделіп отыр. ҚИҚ құру қызмет етудің жаңа деңгейіне сапалы көшу қажеттілігі туралы қаржы секторы үшін дабыл болып табылады. Банктер және басқа да қаржы агенттерімен ҚИҚ әріптестігі жаңа өндіріс пен қаржы нарығының дамуы үшін белсенді серпілік танытады.

Жеке инвестициялық орлардың пайда болуымен мемлекеттік қаржы институты ретіндегі ҚИҚ рөлі қысқартылатын болады. Қаржы нарығына 3-5 бірдей жеке инвестициялық орлардың пайда болуымен жекешелендіріле бастайды.

Қазақстанның Даму банкі. Қазақстанның Даму банкінің негізгі міндеті ұзақ мерзімді және орташа мерзімді төмен пайызды банк несиелерін, оның ішінде экспорттық несиелер беру арқылы, сондай-ақ басқа несиелік институттар беретін несиелер бойынша кепілді міндеттемелер беру арқлы жеке сектор мен мемлекеттің бастамаларына (инфрақұрылымдық жобалар бөлігінде) қаржылай қолдау көрсету болып табылады.

Оның қызмет етуі қаржы жүйесі банк жүйесіндегі айтарлықтай көтерлермен пайыздық мөлшерлемелерді төмендету қажеттілігіне байланысты экономикадағы ұзақ мерзімді және төмен пайызды несиелерді беруді қамтамасыз ете алуымен белгіленеді.

Инновациялық қор. Инновациялық қор тіпті дамыған елдердің бәрінде бірдей толық дәрежесінде бола бермейтін нарықтық экономиканың еншілей функциясын ынталандыруға тиіс. Бұл функция экономиканың информатика, электроника, биотехнологиялар және басқалары сияқты жоғары технологиялық салаларын құру мен дамыту үшін ерекше маңызды. Осыған байланысты қор қызметінің басты мақсаты ҚР-да инновациялық белсенділіктің артуына, жоғары технологияны және тиімді көп қажет ететін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу болуы тиіс.

Қорды құру бұрынғы кеңес елдерінен кейінгі кеңістіктің барлығына тән жүйелік мәселені, инновацияларды енгізу тетіктерінің тиімді және нарықтық тетіктерінің болмауын шешуі тиіс.

Осы мәселенің екі жағы бар. Біріншіден, бұл әзірленген инновацияларды енгізудің қажеттілігі. Екіншіден, жаңа инновацияларды әзірлеу үшін қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру.

Осы мәселені шешу үшін инновациялық қордың негізгі жұмсалатын күші жеке сектор тарапынан Қазақстандағы венчурлік қаржыландыруды ынталандыру мен дамытуға және инновациялық инфрақұрылымды құруға бағытталуытиіс.

Қордың негізгі міндеттері:

- инновациялық инфрақұрылым элементтерін құруға қатысу;
- отандық және әлемдік деңгейдегі ірі венчурлік инвесторлармен бірлесіп венчурлік қорларды құру;
- жарғылық капиталға қатысу;
- өнертабыстарға коммерциялық сипат беруге бағытталған қолданбалы ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларға гранттар беру арқылы қаржылай қолдау көрсету болып табылады.

Инновациялық қор өз қызметін мемлекеттік ғылыми-техникалық және инновациялық саясат шеңберінде жүзеге асырады.

Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация. Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорацияның негізгі мәндеті – саяси және регулятивтік қатерлерді сақтандыру және қайта сақтандыру арқылы қазақстандық өндірушілердің тауарлары мен қызметтерінің экспортына тікелей жәрдемдесу. Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорация қазақстандық өнімнің экспортын дамыту, ықтимал өткізу нарықтары туралы ақпаратты зерделеу және кейіннен тарату үшін маркетингтік зерттеулер жүргізеді. Бұл әлемге жалпы таныс тәсіл болып табылады, әрі қаржылық және әкімшілік тұрғыдан алғанда экспорттық транзакцияларды жеңілдетуге тиіс. Отандық сақтандыру нарығының өсуі және оның экспорттық-импорттық операциялармен байланысты қатерлерді сақтандырудың дайындығы бойынша Экспортты сақтандыру жөніндегі корпорациясы саяси қатерлерді сақтандыру мен халықаралық нарықтар туралы коммерциялық ақпаратты тартуға баса назар аударатын болады.


Талқылауға арналған сұрақтар:

Ғылыми – техникалық прогресс қазіргі дамудың факторы ретінде.
Ақпараттық-коммуникациялық төңкеріс жағдайындағы ұлттық мемлекеттердің даму ерекшеліктері.
Ақпараттық технологиялардың адам факторына әсері.
Ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттардың қалыптасуы.
2003-2015 жж. дейінгі Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық стратегиясы.
Посиндустриалды қоғам құрудағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің рөлі.
НИОКР-ды қаржыландыру жағдайлары мен көздері.
Индустриалды-инновациялық стратгеияны жүзеге асыурда ҚР даму институттарының рөлі.
Венчурлік кәсіпкерлікті ұйымдастыру мен дамытуды ынталандыру.
Мемлекеттің құрылымдық-өнеркәсіптік және инвестициялық саясаттарын қалыптастыру мен жүзеге асыру механизмдері.


IX тарау. АГРАРЛЫҚ АЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

9.1 Табиғатты тиімді пайдаланудың мәні және оны мемлекеттік реттеу қажеттіліктері

Табиғатты пайдалану объектілеріне жер, орман, су ресурстары, қазба байлықтар, өсімдік және жануарлар әлемі, әуе бассейні жатады.



Сурет 52 – Ұдайы өндіргіштік дәрежесі бойынша табиғи ресурстардың жіктелуі




Сурет 53 – Табиғатты рационалды пайдаланудың негізгі мақсаттары

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалануды мемлекеттік реттеу әкімшілік және экономикалық әдістердің үйлесімді қолданылуына негізделеді.



Сурет 54 – Қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды мемлекеттік реттеу



Сурет 55 – Экологиялық таза өнім өндірушілерді мемлекеттік реттеу

Табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар тарапынан келесі міндеттерді тиімді шешу қажеттілігін атап көрсетуге болады:

- жер қойнауын, жер беті суларын, атмосфералық ауа, өсімдік және жануарлар әлемін қорғау және пайдалануға бақылау жүргізу;
- елдегі табиғатты қорғау қызметін кешенді басқару;
- табиғатты пайдаланудың экономикалық механизмін және т.б. жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау;
- табиғи ресурстар жағдайына әсер етуші кәсіпорындар мен өндіргіш күштердің дамуына қатысты бас сызбаларды мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізу;
- табиғи қорықтарды басқару және оларға бақылау жүргізу;
- табиғи ресурстарды қорғау шаралары бойынша халықаралық ынтымақтастық.

9.2 Қазақстан Республикасының аграрлық саясатының ерекшеліктері: бағыттары, механизмдері, әдістері

Ауыл шаруашылығын қарастыруда онымен тікелей байланысты өнеркәсіп салаларын, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды шаруадан тыс қалдырмау керек, олардың жиынтығы Агро Өнеркәсіп Кешені (АӨК) деп аталады. АӨК іріленген 4 сферадан тұрады: 1) ауыл шаруашылығы үшін өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру; 2) ауыл шаруашылығының өзі; 3) ауыл шаруашылығы өнімін тұтынушыға жеткізуді қамтамасыз етуші салалар (дайындау, өңдеу, сақтау); 4) өнім өндірудің жалпы жағдайын қамтамасыз ететін инфрақұрылым (жол-транспорт шаруашылығы, материалдық-техникалық қызмет көрсету, байланыс).

АӨК нарық қатынастары жақсы дамыған өзінде де мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді. Өйткені АӨК-де басқа өндіріс салаларындағыдай өзін-өзі реттеу мүмкіндігі шектеулі. Басқа салаларда баға ұсыныс пен сұраныс, баға мен ұсыныс, табыс пен сұраным арасындағы байланыстарды нарықтық реттеп отырады. Ал ауыл шаруашылығы, азық түлік өнімдерін өндіру барысында бұл байланыс өте төмен. Мысалы, бағаның өсуі соған сәйкес ұсынымын көлемін тудырмайды.

Сонымен бірге АӨК экономикасы табиғатқа тәуелді, капитал мен энергия шығынын көп қажет етеді, өндіріс шығыны мен оның нәтижесі арасындағы уақыт алшақ және жұмыстың маусымдық сипаты сияқты белгілерінің болуымен ерекшеленеді. Осыларға байланысты бұл саланың кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін тартымдылығы шамалы. Осылардың барлығы АӨК дамуды мемлекеттік реттеу мен қолдаудың нарықтық экономикада объективті заңдылық екендігін көрсетеді. Жалпы әлемде осы заңдылықты ескермей отырған ел жоқ деуге болады. Мысалы ауыл шаруашылығы өнімінің құнындағы мемлекеттік дотация үлесі: Австрия – 44%, Канада – 35%, АҚШ – 27-40%, Жапония - 42%.

Қазіргі заманғы батыс экономикасында аграрлық сектор мемлекет тарапынан белсенді қолдауға ие. Маңызды ауылшаруашылық өнімдеріне деген минималды баға мемлекетпен тағайындалады және жыл сайын қайта қаралып тұрады. Осылайша өндірушілер бағаның күрт төмендеп кетуінен қорғалынады. Сонымен қатар, импортқа қосымша баждар жүйесі есебінен ішкі нарық бағаның шектен тыс ауытқулары мен арзан импорттан қорғалынады.

Нарықтық экономика жағдайында АӨК реттеу көп қырлы болып келеді:

- ауылшаруашылық өнімдерін мемлекеттік сатып алулар;
- азық-түлік экспорты мен импорты реттеледі;

- негізгі ауылшаруашылық өнімдерге квоталар орнатылады;
- кепілдендірілген бағалар қолданылады;
- өнімді қайта өңдеу мен өткізу жүйесін қайта қалыптастыру бойынша іс-шаралар субсидияланады;
- ауылдық мекендерді жөнге келтіру мен инфрақұрылымды қалыптастыру бойынша көмектер көрсетіледі.

АӨК дамытудағы мемлекеттің реттеу әрекеттері оның мынадай қызметтері арқылы көрінеді:

- ауыл шаруашылығы субъектілерін қалыптастыру. Жаңа заңдар қабылдау, ескі заңдарды жетілдіру арқылы ауыл шаруашылығы субъектілерінің тиімді жұмыс жасауына орта қалыптастыру;
- азық-түлік өнімдеріне тұрғындардың сұранымы мен өндірістің ауыл шаруашылығы шикізатына сұранымын қолдап отыру. Мемлекеттің бұл қызметі тұрғындар табысын қажетті деңгейде ұстау, мемлекеттік тапсырыстарды ұлғайту сияқты шаралар арқылы іске асады;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің ұсынымын тұрақты қамтамасыз ету. Мемлекеттің бұл қызметі АӨК-ң материалдық-техникалық базасын жасауды ынталандыру мен қолдау; АӨК отандық және шетел инвесторлары капиталын тарту; ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге төзімді болуы үшін АӨК өндірістерін рационалды орналастыру және мамандандыру; ауыл шаруашылығындағы тәуекелділікке байланысты сақтандыру жүйесін реттеу сияқты шаралар арқылы іске асады.

АӨК субъектілерінің дүниежүзілік ауыл шаруашылығы нарығына енуін қамтамасыз ету. Бұл реттеу процесі мыналарды қамтиды: отандық тауар өндірушілер тауарларын экспорттауға көмектесу: отандық сатушыларды шетелдіктердің нарықтан ығыстырып шығаруынан қорғау.

Қазақстанда мемлекет реттеуші функциясын келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

1.Заңнамалық базаны қалыптастыру, реттеуді құқықтық қамтамасыз ету.

2.Барлық аграрлық нарықтарда бәсекелес ортаны қалыптастыру.

3.АӨК тұрақты дамуын қолдау, тауар өндірушілердің нарықтық жағдайларға бейімделулеріне жағдайлар жасау.

4.Тиімді протекционистік саясат жүргізу, кедендік тарифтер жүйесі, импортталынатын азық-түлік тауарларына салынатын салық арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5.Шетелдік инвесторлар үшін қолайлы климат орнату, АӨК біріккен кәсіпорындар құру, озық технологиялар мен техникаларды импорттауда шетелдік кредиторларға мемлекеттік кепілдемелер беру.

6. АӨК мәселелері бойынша ғылымның негізгі бағыттарын қаржыландыру.

9.3 Ауылшаруашылық өндірушілерін қолдаудың мемлекеттік саясаты


Қопукладты АӨК қалыптасуы мен дамуы төрт негізгі кезеңдер шеңберінді жүзеге асты:

1-кезең – қалыптасу кезеңі (1990-1995 жж.). АӨК құрылымдық қайта құрылуымен сипатталады.

2-кезең – өтпелі кезең (1995-1999 жж.). Бұл кезеңде ауылшаруашылық қалыптасулар көп жағдайда шығынды болып келді және өндірістің негізгі қорларын жаңартуға мүмкіндіктері жоқ болды.

3-кезең – тұрақтандыру кезеңі (1999-2002 жж). Ауылшаруашылық өндірісіндегі бірнеше жылдардан кейінгі алғашқы өсу көрсеткіштері 1999 жылдары басталды. Ауылшаруашылық жалпы өнім 1998 жылмен салыстырғанда 28,9 пайызға өсті.

4-кезең – өсу кезеңі (2002 ж. бастап). Бұл кезең үкімет тарапынан аграрлық сектордың дамуы бағытындағы бірқатар стратегиялық бағдарламалар қабылдануларымен сипатталады.



Сурет 56 – Ауылшаруашылық өндірісін мемлекеттік қолдау

Республикадағы мемлекеттік қолдау шаралары *жалпы және арнайы сипаттағы* болып екіге бөлінеді. *Жалпы сипаттағы шаралар* — бұл мал және өсімдіктердегі ерекше қауіпті аурулармен күрес, диагностикалау, мониторинг жүргізуді, ауылшаруашылық мәдениетін сұрыптау шараларын, мемлекеттік резервтегі бидайды сақтауға және т.б. көптеген шараларды мемлекеттік қаржыландыру, сонымен қатар, минералды тыңайтқыштарды сатып алуды, АӨК ақпараттық жүйені қалыптастыру мен дамытуды, қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуді субсидиялау.

Арнайы сипаттағы шаралар, нақты салалар мен өндірістерді қолдауға арналған және олардың қайтарылуы міндетті болып келеді, сондай-ақ олар нарықтық қаржылық тұрақты шаруашылық субъектілеріне арналған: мемлекеттік ресурстарға бидай сатып алу, ауылшаруашылық

техникаларын лизингке алуды несиелеу, астық егу мен жинау жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттерді несиелеу, ауылдық несиелік серіктестіктер жүйесін несиелеу, сыртқы заемдарды тарту арқылы мемлекеттік несиелеу, экспорттық-импорттық режимдерді реттеу кезіндегі тарифтік саясат.

Қазақстандағы ауылшаруашылығын республикалық бюджеттен қолдау шығындары ЖІӨ-нің 0,7 пайызын құрайды, Ресейдің осындай көрсеткіші 1 пайызға, ал ЕО елдерінде ол 25 пайыздан 30 пайызға дейін тең. Республикалық бюджеттен бір ауылшаруашылығы нысанына бөлінетін мемлекеттік қолдаудың сомасын есептегенде, 1200 долларды, ал АҚШ-та - 45000 долларды құрайды. Салыстырмалы талдау Қазақстандағы 1 га егістік жерге демеу қаржы көлемі 7,5 доллар болса, Канадамен салыстырғанда 10 есе (83 долл.), ЕО елдерінен-115 есе (855 долл.), Швейцариямен салыстырғанда - 570 есе төмен екенін көрсетеді. АҚШ-та ауыл шаруашылығының 30 пайызына, Германияда -50 пайызына, Жапонияда - 75 пайызына демеу қаржы бөлінеді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Ұлттық экономикадағы аграрлық өндірістің ерекшеліктері.

Елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде аграрлық сфераның рөлі. Агроөнеркәсіптік кешенде тұрақты өндірісті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің негізгі қызметтері.

Өндірушілерді мемлекеттік қолдау нысандары: ауылшаруашылық өнімдеріне сұраныс пен ұсынысқа әсер ету.

Аграрлық саясаттың іс-шаралары.

Агробизнесті қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында аграрлық өндірісті ынталандыратын мемлекеттік бағдарламалар.

Аграрлық кластерлер.

X тарау. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МЕН ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

10.1 Жұмыссыздықтың экономикалық мәні

Жұмысбастылық ұлттық экономиканың және ел халқының әл-ауқатының негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады. Қоғам мүшелерінің қаншалықты толық еңбек процесіне тартылғандығына және олардың еңбегі қаншалықты тиімді пайдаланғандығына байланысты, экономикалық өсім қарқыны, ЖҰӨ көлемі және халық табысы, төлемқабілетті сұраныстың және қоғам қажеттілігінің қанағаттандырылу дәрежесі тәуелді. Сондықтан толық және тиімді жұмысбастылыққа қол жеткізу кез келген мемлекеттің экономикалық саясатының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.


Жұмыстан айрылу қаупі – кез келген азамат үшін салмақты проблемалардың бірі болып табылады. *Жұмыссыздық* — еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен қамтылмаған бөлігі.

Еңбекке қабілетті тұрғындар (жұмыс күші) – жұмыспен қамтылған және жұмыссыздарды қоса алғандағы жалпы жұмысшылар саны.



Сурет 57 – Жұмыссыздық типтері

XX ғасырдың 60-шы жылдары М.Фридмен мен Э.Фелпс «ресурстардың толық қамтылуы» және «жұмыссыздықтың табиғи деңгейі» деген теориялар ұсынды.



Сурет 58 – Жұмыссыздық көрсеткіштері

Ресурстардың толық қамтылуы – жұмысқа қосылмаған өндіріс қуатының деңгейін 10-20% деңгейінде ұстап тұру. *Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі* – жұмыспен толық қамтылған жағдайдағы жұмыссыздықтың деңгейі, ол жалпы жұмыс күшінің 5,5-6,5%-ын қамтиды. Бұл көрсеткіштер әр елдерде әртүрлі болуы мүмкін.

Тұрғындардың толық жұмыспен қамтылуы немесе жұмыссыздықтың болмауы деген түсініктер болмайды. *Толық жұмысбастылық* – циклдық жұмыссыздықтың болмауы жағдайында ғана орын алады. Оның деңгейі фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтың қосындысын құрайды.

Нарықтық экономикада жұмыскерлердің оптималды резерві болады және жұмыссыздықтың табиғи деңгейінің болуы құпталады.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі — бұл толық жұмысбастылық жағдайындағы жұмыссыздық деңгейі.

Экономикалық белсенді халық (*жұмыс күші*) — бұл еңбекке қабілеті бар және жұмыс істеуге дайын адамдар. Олардың құрамына жұмысшылар және белсенді түрде жұмыс іздеп жүргендер кіреді.


Жұмыссыздық деңгейі — жалпы жұмыс күшінің ішіндегі жұмыссыздардың алатын үлесі.



Сурет 59 – Жұмыссыздықтың табиғи деңгейіне әсер етуші факторлар



Сурет 60 – Жұмыссыздық деңгейін анықтау классификациясы



Сурет 61 – Жұмыссыздықтың экономикалық және әлеуметтік салдары

10.2 Жұмыспен қамту және еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің әдістері

Еңбек нарығы — бұл жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың жалпылама келісілген формасы. Бұл нарық тұтыну сұранысы

конъюнктурасына сәйкес экономиканың секторлары арасындағы жұмыс күші ағымдарын икемді механизмін қамтамасыз етуге міндетті. Еңбек нарығында жұмыс күші құны мен жалдану жағдайы бағаланады. Еңбек нарығы тұрғындарды жұмыспен қамту көлемі мен динамикасын, жұмыссыздықтың сала бойынша, кәсіби біліктілік, демографиялық және басқа да көрсеткіштерінің құрылымын көрсетеді.

Мемлекет еңбек нарығында болып жатқан процестерге белсене араласады. Еңбек заңдылықтары, жалақының төменгі деңгейін белгілеу, еңбекпен қамтудың әртүрлі бағдарламаларын жасау еңбек нарығын реттеудің шаралары болып табылады.


Мемлекеттің еңбек нарығына енуі бірнеше кезеңдерден тұрады. XIX ғасырдың I-ші жартысына дейінгі мемлекеттің әрекеті үстемдік ету сипатында болып, ол жұмысшылар қозғалысы мен шерулерін басумен айналысты. Бірақ XIX ғасырдың 2-ші жартысынан бастап, революция күшінің өсуінен қорқып еңбек нарығындағы саясатын өзгертті. Осы кезден бастап еңбек туралы заңдар (балалар еңбегіне тыйым салу, еңбек күні ұзақтығын шектеу, еңбек қауіпсіздігіне міндеттеу...) қабылдана бастады. Одан кейін жалақы мәселесі де мемлекеттің реттеуіне көшті (еңбекақының ең төменгі шегін белгілеу, еңбекке байланысты әртүрлі жәрдемақылар төлеу...). Жалдамалы жұмысшылардың мүддесін қорғаудағы кәсіподақтардың ролі өсті.

Қазіргі кезеңдегі еңбек нарығында үш негізгі субъект: жалдамалы жұмысшылар, жұмыс беруші фирмалар және мемлекет қалыптасты. Мемлекет еңбек нарығындағы сұраным мен ұсынымға тікелей араласа отырып, еңбек нарығын мынадай бағыттарда реттейді.

- Еңбекпен қамтуды ұйымдастыру мақсатында макроэкономикалық саясат жүргізу. Әсіресе шағын кәсіпкерлікті қолдау жаңа жұмыс орындарын жасайды. Шағын бизнесте 1 жұмыс орнын жасау ірі өндіріспен салыстырғанда 7 есе арзанға түседі. Кәсіпкерлікті ынталандырудағы негізгі фактор тек жұмыссыздарды бизнеске тарту емес, сонымен бірге оларға жеңілдетілген несиелер, субсидиялар беру, лизингпен көмектесу;
- Еңбекке қабілеті бар тұрғындардың әр түрлі әрекет түрлеріндегі оптималды арақатынасын қалыптастыру (жалдамалы еңбек, оқу, армия қатарында болу, бала тәрбиелеу, үй шаруашылығы және т.б.). Зейнетақы, стипендия, жәрдемақы көлемін өсіру осы балансты қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады;
- Еңбек нарығы институттатының қызметін жандандыру (жұмысшыларды қайта даярлау, еңбек биржаларын ақпарат жүйелерімен қамтамасыз ету).

Еңбек нарығында өте қабілетті және іскер жұмыскерлерге қатал талап жүргізіледі. Ол еңбектің жоғары шапшаңдығын қамтамасыз етіп, іскерлік пен бастамшылықты ынталандырады. Еңбектің тікелей әсер етуінің арқасында жоғарғы біліктілікті еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді.


Еңбек нарығындағы тепе-теңдік сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады. Еңбекке деген сұраныс мөлшері жалақы мөлшеріне кері пропорционалды байланыста болады. Жалақы мөлшері көтерілген кезде фирмалар нарықтық тепе-теңдікті сақтау мақсатында жұмыс күшіне сұранысты төмендетеді, ал жалақы мөлшері төмендегенде еңбекке сұраныс артады.



Сурет 62 – П.Самуэльсон бойынша жұмыс күші ұсынысы факторлары


Еңбек нарығы нарық түрлерінің ішіндегі ең жетілмегені болып табылады. Өзінің жұмыс күшін ұсынатын жұмыскерлер, әдетте, олардың еңбегіне сұраныстың бар немесе жоқтығы туралы мәліметтермен толық ақпараттанбаған. Олар өзі тұратын қалада бос жұмыс орнының барын толық білмейді. Ал басқа аймақта жұмыс орнының болуы туралы тіпті хабарсыз. Нарық жағдайында экономикалық еңбекті ауыстыру заңы жұмыс атқарады. Оның мәнісі мынада: өзінің экономикалық, жағдайын жақсарту үшін белсенді жұмыс жасауы керек. Ол үшін білімін тұрақты жетілдіруі қажет және бүкіл өмір бойы еңбек еткен кезеңде қызмет түрін өзгерткені абзал.

Мемлекет өзінің әлеуметтік саясатында бірнеше шараларды атқаруға міндетті: жұмыссыздарға жәрдем ақы төлеу, біліктілікті арттыру мен жаңа жұмыстың әлеуметтік орнын құру және т.б.




Сурет 63 – Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу

Еңбек нарығын реттеу жүйесінде әртүрлі теориялық көзқарастар қалыптасқан. Мысалы, кейнстік тұжырымдама мемлекеттің белсенді саясатын жақтайды. Кейнс бойынша өндіріс пен жұмысбастылық өлшемі ұсыныс факторларымен емес, төлем қабілеті бар сұраныс факторларымен анықталады. Сондықтан жұмыссыздықтан құтылу жолдары: мемлекеттік шығындарды көбейту, салықтарды азайту, қоғамдық жұмыстар ұйымдастыру. «Ұсыныс экономикасының» өкілдері, керісінше, еңбек нарығына мемлекеттің араласуын шектейді. Себебі, олар жұмыссыздықты табиғи және әлеуметтік-экономикалық құбылыс деп есептейді. Қазіргі мальтузиандықтар жұмыссыздықтың басты себебі халық санының өсуі деп есептейді. Сондықтан жұмыстағы тұрақтылықты сақтау үшін тууды шектеу саясатын ұстануды ұсынады.



Сурет 64 – Батыс елдеріндегі еңбек нарығын реттеудің бағыттары

Қазақстан Республикасында тұрғындарды жұмыспен қамтудың арнайы бағдарламасы жасалған. Еңбек нарығындағы жағдайды ескере отырып, жұмыссыздарды қайта оқыту шаралары қарастырылған, жастар, әйелдер, мүгедектерді жұмыспен қамтуға қамқорлықтар жасау көзделген. Кәсіпорындарда оларды жұмысқа алудың үлесі белгіленген.



Сурет 65 – Әлеуметтік қорғаудың принциптері

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде еңбек нарығын жанама реттеу әдістері қолданылады. Оның негізгі құралдары: мемлекеттің ақшалық, салық және амортизациялық саясаттары жатады.

Сонымен еңбек нарығын мемелекеттік реттеу экономикалық, әкімшілік, заңнамалық, ұйымдастырушылық шаралар жиынтығынан тұрады.

10.3 Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары

Әлеуметтік процестерді мемлекеттік реттеудің маңызды қозғаушы күштері Қазақстан Республикасының заңдары, республика Президентінің жарлықтары, Қазақстан Үкіметінің үкімдері, ведомоствалық нұсқаулар, ережелер, ұсыныстар болып табылады.

Орта мерзімдік перспективадағы әлеуметтік саясаттың маңызды басымдықтары ретінде келесілерді атауға болады:

- жұмысбастылық аясын кеңейтуге ықпал ету, перспективті жұмыс орындарын сақтап қалу және жұмыссыздықты азайту, тұтыну және инвестициялық сұраныс белсенділігін арттыру, өндірісті жандандыру;


- тиімді еңбек нарығының қалыптасуы, еңбек бағасының төмендетілуінің жойылуы, және оның ұлттық экономиканың өсімі есебінен деңгейінің өсуі;
- өмір сүру деңгейінің жоғарылауы, тұрғындардың мүлікті жіктелуінің қысқаруы, әлеуметтік кепілдемелер деңгейі мен жүйесінің қалыптасуы;
- әлеуметтік сфера салаларының қызмет ету тиімділіктерін қайта қалпына келтіру, дамыту және жоғарылату.

Әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі – еңбекпен қамту және жұмыссыздықтан қорғау. Еңбекпен қамтуға және жұмыссыздарға жәрдемақы төлеуге жұмсалатын қордың бөлінуі маңызды саналады, себебі негұрлым жәрдемақы мөлшері жоғары болған сайын, жұмысшылардың еңбек етуге ынтасы азаяды. Сондықтан жұмысқа қабілеті бар адам әлеуметтік көмекке емес, жұмыс жасауға ынталанатындай экономикалық жағдай жасау мемлекеттің міндеті.

Әлеуметтік саясаттың келесі бағыттарының бірі – қызметкерлердің табысын қалыптастыру мен жалақы аймағындағы саясат. Нарықтық экономика жағдайында жалақы үш қызмет атқарады: ұлғайту, ынталандыру және реттеу қызметтері. Жалақы аймағындағы мемлекеттің саясаты осы үш қызметінің толық іске асуын қамтамасыз етуі қажет.Физиологиялық және әлеуметтік өлшемдерге байланысты жалақының ең төменгі деңгейін анықтайтын жалақының ұлғайту қызметі инфляцияны ескере отырып, осы деңгейді нақты өмір сүрудің минималды деңгейіне дейін жеткізуі қажет. Жалақының ынталандыру қызметі еңбектің санына, сапасына, нәтижесіне байланысты жалақы деңгейін ұтымды түрде реттеуі қажет. Реттеу қызметі оның еңбек нарығындағы сұраным мен ұсынымға әсер етуінен, еңбек нарығындағы балансты сақтау мақсатында қызметкерлер санының қалыптасуына әсер етуінен көрінеді.

Тұрғындардың әртүрлі табыс табуларына байланысты экономикада олардың арасында табыстар теңсіздігі орын алады және ол өз кезегінде қоғам мен мемлекет алдында әлеуметтік мәселелер туындатады. Нарықтық экономика жағдайында мемлекет тарапынан *табыстарды қайта бөлу саясатын* жүргізуінің арқасында табыстар теңсіздігінің жоғары болуына жол берілмейді.

Қаржы жүйесінің дербес буыны ретіндегі сақтандыру әдетте ойда болмаған және тетенше оқиғаға байланысты *белгілі бір объектіні сақтандыру* мен *әлеуметтік қамсыздандыру (сақтандыру)* сияқты екі оқшауланған нысанада іс-әрекет ететіні белгілі. Сақтандыру мәселесі, медициналықты қоспағанда әлеуметтік сақтандыру проблемаларымен — *халықты әлеуметтік қорғау* жүйесімен тікелей байланысты.



Сурет 66 – Мемлекеттің табысты қайта бөлу саясатының құралдары

Әлеуметтік қамсыздандыруды, Әлеуметтік қорғау, Әлеуметтік сақтандыру, Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі, еңбекке уақытша жарамсыздық жөнінде жәрдемақылар төлеу, жұмысынан айырылған кезде әлеуметтік қолдау, Жинақтаушы зейнетақы жүйесі, Жәрдемақы, Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, Мүгедектігі бойынша жәрдемақылар, Жасына байланысты жәрдемақы болып жік-жікке бөлінеді.

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде келесілерді атауға болады:

1. Әлеуметтік көмек, ол бойынша төлемақылар;

2. Тұрғын үй жәрдемақысы, отбасының жиынтық табыстарын ескере отырып тағайындалады;

3. Жұмыссыздарға материалдық көмек;

4. Этникалық отанына оралған *қазақтарға жәрдемақы* және басқа жәрдемақылар;


5. Табысы екі айлық есептік көрсеткіштен артық емес *жұмыссыздарға материалдық көмек* белгіленген.

10.4 Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері

Нарықтық экономикалы елдерде әлеуметтік қорғаудың аралас жүйесі пайдаланылады.


Әлеуметтік қорғау жүйесі кез келген қоғамның кез келген мүшелерін минималды өмір стандарттарымен қамсыздандыруды білдіреді. Мұндай көзқарастардың теориялық негіздемелерін алғаш рет Джон Роулз ұсынды. Ғалым Роулздың пайымдауынша тұтастай қоғамның әл-ауқаты оның ең кедей бөлігінің әл-ауқатымен анықталады. Әлеуметтік қорғау саясаты көптеген жағдайда, біздің түсінігімізде, маргиналдыларға (әлеуметтік мұқтаж жандарға) көмек беру ретінде қарастырылады.

Дегенмен, кең мағынада, тұрғындардың маргиналды бөлігін әлеуметтік қорғау механизмі тұтастай әлеуметтік қорғау жүйесінің белгілі бір бөлігін ғана қамтиды. Әлеуметтік қорғау кең мағынасында табыс пен жалақыны қорғауды, қайта бөлу қатынастарының жетілдірілуін және т.б. қамтиды.




Сурет 67 – Әлеуметтік қорғаудың аралас жүйесі


Әлеуметтік көмек берудің көздері бюджет болғандықтан, оның масштабтары әрбір мемлекеттің қаржылық жағдайынан тікелей тәуелді.



Сурет 68 – Мемлекеттің тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесінің деңгейі



Сурет 69 – Әлеуметтік қорғаудың жалпы қағидалары



Сурет 70 – Мемлекеттік әлеуметтік қорғау формалары

Талқылауға арналған сұрақтар:

Жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық мәні, құрылымы мен қағидалары.

Еңбек рыногы субъектілері, объектілері, механизмдері.

Мемлекеттің жұмыспен қамты саясаты.

Белсенді және белсенді емес модельдер.

Әлеуметтік саясаттың теориялық аспектілері.

Табыстарды бөлудегі теңсіздік мәселесі.

Қазіргі нарықтық экономикадағы әлеуметтік басымдықтар.

Адам капиталын қалыптастыруда мемлекеттің рөлі.

Экономикалық өсу мен әлеуметтік сфераның дамуы арасындағы өзара байланыс.

Денсаулық сақтау мен білім беруді мемлекеттік реттеу.


ҚР әлеуметтік саясаттың ерекшеліктері.

XI тарау. БӘСЕКЕЛІК ОРТАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ МОНОПОЛИЯНЫ РЕТТЕУ

11.1 Бәсекелік ортаны қалыптастыру постиндустриалды экономикаға өтудің маңызды шарты ретінде

Нарықтық экономиканың негізгі сипаттамаларының бірі бәсекелестік болып табылатындығы белгілі. Нарықтық шаруашылықты дамытудың маңызды тәсілі ретінде, қоғамдық өндірісті реттеудің негізгі тетігі ретінде бәсекелестік нарықтық экономиканың тиімділігіне ықпал ететін күшті экономикалық артықшылыққа ие.

Бәсекелестік – шаруашылық субъектілер арасындағы тауарлар мен қызметтерді өндіру мен өткізудің неғұрлым ұтымды шарттарына экономикалық бақталастықтың антагонистік нысаны. Бәсекелестік нарықтық тепе-теңдікке қол жеткізу, белгілі бір қоғамдық пропорцияларды орнату тәсілі ретінде болады.



Сурет 71 – Бәсекелестіктің түрлері

Шаруашылық жүйеде бәсекелестіктің болуы экономикалық процестерге оң әсерін тигізеді.

1. Бәсекелестік күрес арқылы қоғам тұрғысынан шектеулі ресурстарды тиімді бөлу орын алады, себебі сұранысқа ие ғана өндіріледі, яғни не және қанша өндіру сұрағы шешіледі.


2. Бәсекелестік кәсіпкерді өз өндірісін үнемі ойлауға, өнім бірлігіне шығындарды оның сапасына залал келтірмейтіндей, бірақ неғұрлым төмен бағаны ұстап тұруға болатындай төмендетуге мәжбүрлейді.

3. Шығындарды төмендетудің жаңа тәсілдерін іздеу шекарасын кеңейтіп, кәсіпкерлер жаңа жоғары өнімділіктегі техника мен жаңа

технологияны, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың жаңа әдістерін пайдалануға, өз нарық сегментін күшейтуге талпынады.

4. қоғам үшін бәсекелестіктің өте маңызды нәтижесі тұтынушыларға күресте кәсіпкерлер өз фирмасының имиджі, өзінің шыншыл және әділ бизнесмен беделі туралы қамданатындығы болып табылады.

Бәсекелестіктің осы экономикалық артықшылықтары нарықтық экономиканы қоғамды экономикалық ұйымдастырудың басқа нысандарымен салыстырғанда неғұрлым тиімді етеді. Бәсекелестік қоғамда бірнеше формаларда кездеседі. Олар жетілген және жетілмеген деп екі топқа жіктеледі.



Сурет 72 – Бәсекелестіктің формалары

Жоғарыда келтірілген бәсекелестіктің оң әсерлерімен қатар, бәсекелестік қоғам үшін жағымсыз салдарға да ие. Бәсекелестік Парето бойынша ресурстарды тиімді бөліп, әлеуметтік әділеттілікке кері әсер етеді. Қоғам – бұл тек табысты бизнесмендер емес, онда түрлі табысқа ие халықтың түрлі таптары, аурулар, қарттар, балалар, жұмыссыздар өмір сүреді. Қоғамның бұл бөлігінің үлес салмағы үлкен болған сайын, парето бойынша тиімділіктің маңыздылығы әлеуметтілік әділеттілікті қамтамасыз ету қажеттілігімен салыстырғанда төмен болады. Мұнда әлеуметтілік шиеленісті төмендету үшін ресурстар мен табыстарды бөлуді түзету қажеттілігі туындайды, ал мұны бәсекелестік нарық өзі жеңе алмайды. Сонымен бірге, бәсекелестік нәтижесінде экономиканың тепе-теңдік жағдайының, сала мен өндіріс арасындағы белгілі бір пропорцияның орнауына және тиімді арақатыстың пайда болуына ресурстардың стихиялық, өзінен өзі бөлінуі, нарықтық процестердің

ашуы ықпал етеді. Бұл осы тепе-теңдік, осы тиімділік қоғамдық еңбекті өлуір жұмсау, көп өндіру, өндірушілер дифференциациясы, біреулерді шығыпға ұшырату, басқаларын жұту нәтижесінде орнайды, және нағұрлым үлкен шаруашылық субъектілердің пайда болуына ықпал ететіндігін білдіреді. Осы процесті жүйелі қайта жаңғырту монополияның пайда болуына объективті әсер етеді.

Аталмыш кемшіліктер өте әсерлі болып табылады және мемлекеттік бәсекелестік ортаны қадағалауға және қажетті жағдайда монополияға экономикалық шараларды қолдануға мәжбүрлейді.

Нарықтағы монополиялық биліктің орнауы – жетілмеген бәсеке нәтижесі болып табылады.

Монополия «грек» тілінен аударғанда «моно бір», «полио» сатамын дегенді білдіреді. Монополия өнім бір ғана фирмамен құрылатынын білдіреді. Басқалардың бәсекенің төтеп бере алмайтын мөлшерінен рынокқа енуі мүмкін емес (шикізат көздеріне, көлік құралдарына, кредитке монополия).

Монополияның мақсаты – монополиялық пайда табу.

Мақсатқа жету құралдары – қалыптыдан жоғары мөлшердегі пайданы қамтамасыз ететін *монополиялық баға.*



Сурет 73 – Монополияның түрлері

Монополияның пайда болуының басты себебі – өндіріс пен капитал концентрациясы (шоғырлануы). Яғни олардың түрлі себептер негізінде бірігуі немесе бір мақсаттарда шоғырланулары нәтижелерінде монополия пайда болады.



Сурет 74 – Өндіріс пен капитал концентрациясы (шоғырлануы)



Сурет 75 – Бағаға бақылау орнату әдістері

Бәсекелік күрестің тағы бір түрі – әділетсіз бәсеке. "Әділетсіз бәсеке" терминінің әр түрлі мазмұны бар. Кең мағынада, «Әділетсіз бәсеке» - қатысушылар нарық ережесімен бәсеке нормасын бұзады, бір бәсекелеске қарсы басқа бәсекелестермен сөз байласады, оны қаралайды, жалған жарнама қолданады, кемсітеді, демпингтік баға қолданады т.б. әрекеттерді іске асырады. Әділетсіз бәсекені жыртқыш деп те атайды.

"Әділетсіз бәсекеге" заңмен тыйым салынған іс-әрекеттер – сатып алу шартын орындамағаннан бастап, демпингтік баға тағайындағанға дейінгі іс-әрекеттер жатады.

Қазіргі уақытта "еліктеме" белсенді фирмалар – Қытайда, Мароккода, Гонконгта, Тайваньда, Түркияда, Сингапурда, Мексикада көптеп кездеседі.

Нарықтық экономика жағдайында бәсекелесті нарықтан ығыстыру қолайлы жағдай.

Әділетсіз бәсеке туралы нақты түсінік өндірістік меншікті қорғау мен даму барысында жетілдіру Париж конвенсиясында халықаралық негізде берілді. Мұндай бәсекенің түрлеріне келесілерді жатқызамыз:

- фирманың құпиясын білетін мамандарды қызықтырып тарту;
- экономикалық және өндірістік шпионаж;
- "түпнұсқадан" сырттай айырмасы жоқ көшірме тауарларды шығару;
- есеп беру құжаттарын, табысқа салық көлемін азайту ниетінде қолбояушылық;
- көшірме жасау мақсатымен үлгіні сатып алу.

Әр жағдайда әділетсіз бәсеке түрлі *факторлармен* байланыстырылады:

Біріншіден, бәсекелестеріне шығын әкелу немесе оның іскерлік беделіне нұқсан келтіру.

Екіншіден, тұтынушыларды қателестіретін іс-әрекет жасау және бұл жерде тек тауар туралы сөз қозғалса ғана.

Үшіншіден, негізгі мәнділік ақпараттарға бағытталынады. Егер ол жарнама болса, түрлі шаруашылықтардың тауарларына сыпайы емес жарнама жасауға тыйым салынады.

Төртіншіден, басқа объектілердің тауарларымен алмастырып алатын жағдайға жеткізетін тауардың сыртқы безендірілуі теріс пікірдің көзі болмауы керек.

Бесіншіден, бұндай ақпараттың көзі болып басқа тұлғаның айрықша құқын бұзу да есептелінеді, ол тек тауардың сыртқы безендірілуімен ғана байланысты емес, сонымен қатар сол фирманың атаулары немесе тауар белгілерін пайдалану да жатады.

11.2 Монополияға қарсы саясат: мазмұны, түрлері, әсер ету әдістері

Монополияға қарсы органның міндеттері, функциясы және қызметі. Тауар рыноктары мен бәсекелестікті дамыту, монополистік қызметті ескерту, шектеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқығын қорғау бойынша мемлекеттік саясат жүргізу, монополияға қарсы заңды қадағалауға бақылау, бағаларды реттеу, сонымен бірге осы облыста басқа мемлекеттік органдардағы қызметті үйлестіруді бәсекелестікті қорғау

және монополистік қызметті шектеу бойынша өкілетті орган – ҚР монополияға қарсы органы жүзеге асырады.

Монополияға қарсы органның *міндеттері*:

1) кәсіпкерлікті қолдау, тауар нарығында (жұмыстар, қызметтер) бәсекелестікті дамыту;

2) монополистік қызметті ескерту, шектеу, тауар рыногында үстемдік (монополиялық) жағдаймен зиян келтіру, әділетсіз бәсекелестікке жол бермеу бойынша шараларды қабылдау;

3) табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу;

4) мемлекеттік органдардың қызмет көрсету тәртібіне реттеу және бақылау;

5) нарық субъектілерінің тауар рыноктарындағы үстемдік жағдайына бақылау;

6) тұтынушылардың мүддесін қорғау бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру.

Монополияға қарсы орган келесідей *функцияларды* орындайды:

1) үстемдік жағдайға ие, бәсекелестікті шектеуші және тауар рыноктарында монополистік қызметті жүзеге асырушы нарық субъектілерін анықтау мақсатында талдау жүргізу;

2) тауар нарығының қызметіне, бәсекелестіктің дамуына, баға қалыптасу сұрақтарына және тұтынушылардың мүдделеріне қатысты заң жобалары мен басқа нормативті құқықтық актілерге сараптама жүргізу;

3) ҚР Президентіне, ҚР Парламенті мен Үкіметіне тауар нарығының жағдайы, ондағы бәсекелестік, монополияға қарсы заңды жетілдіру және оны қолдану тәжірибесі туралы баяндама жібереді;

4) өз құзіреті шегінде монополияға қарсы заңды бұзушылық және ол бойынша шешім қабылдау туралы істерді қарастырады;

5) нарық субъектілерінің монополияға қарсы заңды қадағалауына мемлекеттік бақылау жүргізеді;

6) рынок субъектілерінің орындауға міндетті нормативті құқықтық актіяерді жасайды және бекітеді.

Монополияға қарсы орган келесідей *қызметтер* атқарады:

1. Бәсекелестікті қолдау және дамыту мақсатында:

1) тауар нарығының жағдайын, ондағы бәсекелестік деңгейін анықтайды және осының негізінде кәсіпкерлікті қолдау бойынша, монополистік қызметті ескерту, шектеу және реттеу бойынша шараларды жасайды;

2) тауар рыногының және ондағы бәсекелестіктің дамуына бағытталған шараларды жүргізу бойынша мемлекеттік органдарға нұсқаулар беру;

3) паралелдік құрылым құру, сонымен бірге тауар нарығында үстемдік (монополиялық) жағдайға ие заңды тұлғаларды (олардың филиалдары мен өкілеттіліктері) бөлу бойынша шаралар жасайды;

2. Сәйкес мемлекеттік органдарға қарастырылуы тиіс ұсыныстарды енгізеді:

1) жеткілікті бәсекелестік жоқ сфераларда, сонымен бірге көлеңкеде дамуды талап ететін баға саясатын жетілдіру туралы;


2) инвесторларды тарту және біріккен кәсіпорындар құру туралы, экспортты-импортық операцияларды лицензиялау тәртібін өзгерту және міндетті лицензиялауды енгізу туралы ұсыныстарды қоса, кедендік бажды жетілдіру, рынок субъектілеріне экспортты-импорттық операцияларды олардың монополияға қарсы заңдарды бұзған жағдайында тыйым салу, не тоқтату туралы.

Монополияның дамуы экономиканың бәсекелестік бастауларына тосқауыл қояды. Яғни, бәсекелестіктің бастауын арнаулы қолдау және монополиялық тенденцияны шектеу қажеттілігі туындайды. Бұл мемлекеттің монополияға қарсы қызметінің арқасында ғана болуы мүмкін.

Монополия «грек» тілінен аударғанда «моно бір», «полио» сатамын дегенді білдіреді. Монополия өнім бір ғана фирмамен құрылатынын білдіреді. Басқалардың бәсекенің төтеп бере алмайтын мөлшерінен рынокқа енуі мүмкін емес (шикізат көздеріне, көлік құралдарына, кредитке монополия).

Монополияға қарсы реттеудің басты міндеті бөлек фирмалармен рынoктың монополияланuына жол бермеуге бағытталған. Оған әкімшілік және нормативтік бағыттамалы ықпал жүргізетін әдістері енеді.

Мемлекет тиімді нарықтық ортаның қалыптасуына мүдделі. Ол экономиканы мемлекеттік реттеу бағыттарының бірін құрайтын монополияға қарсы саясат жүргізеді және қалыпты бәсекелестік ортаны қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін көрсетеді.




Сурет 76 – Монополиялық билікті қысқарту тәсілдері

Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты бәсекелестік нарығында «ойын ережесін» белгілеуге шақыратын, бірінші кезекте, монополияға

қарсы заңдар жиынтығын жүзеге асырады. Әрекеттің нақты бағдарламасын үкімет әзірлейді және жүзеге асырады.

Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты тиімді нарық экономикасы мен бәсекелестікті нарықтық ортаны қалыптастыру мақсатын жүзеге асыратын заң актілері мен әкімшілік шараларының жүйесі.



Сурет 77 – Мемлекеттік антитресттік саясат

Шерман заңы – монополияны қалыптастыруға немесе кәсіпорындардың сол мақсаттағы келісіп алуларына қарсы қабылданған.

Клейтон заңы – үкіметті қосымша өкілеттіліктермен қамтамасыз етті және монополияларға қатысты жеке соттық өкімдерге рұқсат берілді.

Үкіметтік сауда комиссиясының заңы – антитресттік заңның әрекет етуін күшейту мақсатында комиссия құрылды.

Целлер-Кефорер заңы – әртүрлі типтегі компаниялардың бірігуіне қарсы қабылданған заң.

Монополияға қарсы саясат шеңберінде екі негізгі бағытты бөліп алуға болады: *монополиясыздандыру* және *кәсіпкерлік монополияны реттеу*.

Бірінші бағытқа төмендегілер жатады:

- жаңа фирма құру тәртібін мүмкіндігінше жеңілдету;
- бірігу тәртібіне және фирмалардың жұтылуына мемлекеттік бақылауды енгізу, кейбір жағдайда, бірігу мен жұтылудың мемлекеттің рұқсатымен бөлған кезінде, тәртіп орнату;
- ерекше күрделі жағдайда баға мен еңбекақыға тікелей мемлекеттік бақылау;
- бағалық кемсітушілік саясатын жүргізгені үшін фирманы жазалау;
- кішірейту жүргізу.

Баға кемсітушілігі – бір және сол нарықта бір текгес тауарларды түрлі бағалармен әр түрлі сатып алушылар.

Демпинг – фирма сатушыға пайда алуды қамтамасыз етпейтін тауарларды жасанды төмендетілген бағамен сату, ал кейде шығынның кей

бәсекелестерді ығыстырып шығаруға мүмкіндік береді.

Табиғи монополияға көлік, байланыс, газ сумен қамтамасыз ету, электр тораптары және әуе тасымалдауы кәсіпорындары жатады. Табиғи монополияны мемлекеттік реттеудің мақсаты екі жақты: бір жағынан ол рынокта монополистің жан жақты билеуінен бағаны реттеу жолымен қоғамды қорғау үшін, екінші жағынан, олардың тиімді дамуына жағдайды қамтамасыз етеді.

Мемлекет тарапынан көңіл аудару мен реттеудің объектісі баға болып табылады.

Бағалар – тұтынушылардың, өндірушілердің, импорттаушылардың және экспорттаушылардың мүддесі тоғысатын, экономикалық және әлеуметтік саяси өмірдің нүктесі.

Бағаларды бақылаумен орталық статистикалық басқару органы айналысады. Мемлекеттік органдар мен әлеуметтік әріптестер тарапынан бағаны бақылаудың басты мақсаты – еңбекақы мен зейнетақының жыл сайын атаулы көтерілуінің индексін анықтау үшін, өмір сүру құнының өсуін олшеу, сондай ақ өндірістің шығынына және ұлттық бәсекелестік қабілетіне бағаның өсуінің ықпалын анықтау.

Бағаның өзгеру үрдістеріне тікелей мемлекеттің араласуы акциздік тауар деп аталатындарға, бағаны белгілеудің мемлекеттік саясаты болып табылады.

Үкіметтік органдар, жеке фирмадан белгілі бір тауарлар мен қызметтің түрлерін тұрақты сатып алушы немесе тапсырыс беруші болып, әріптеспен келісімшарт бойынша, кейін сала үшін базалық болып кететін «шақты бағаны» белгілейді.

Бағаны реттеудің тиімді құралы – қосымша құнға салық болып табылады. Бұл салықты өндіруші тауар мен қызметтің бағасына қосады және бұл салықтың мөлшерлемесінің саралау өзгерістері тікелей бағаға ықпал етеді.

ЭМР-дің негізгі бағыттары сыртқы сауда бағасына мемлекеттік ықпал жасау болып табылады. Экспортты мемлекеттік көтермелеу, экспорттаушыларды салықтан босату, кейбір елдерде экспорттық демеу қаржы, жеңілдетілген көліктік тарифтер мен кредиттер беру әлемдік рынокта бағалық бәсекелестік жағдайында елеулі түрде көрінеді.

11.3 Мемлекет – бәсекелік ортаны қамтамасыз етудің кепілі

М.Портер елдер бәсекелестік артықшылықтың барлық 4 детерминанттары неғұрлым жақсы сипатқа ие (ұлттық "ромб") салаларда немесе олардың сегменттерінде табыстың неғұрлым үлкен шансына ие екендігін тұжырымдады. *Ұлттық "ромб"* - бұл компоненттері өзара күшейетін және әрбір детерминанты қалған басқаларына әсер ететін жүйе. Бұл процесте мемлекет үлкен рөл атқарады. Ол мақсатқа бағытталған экономикалық саясат жүргізе отырып, өндіріс факторлары мен ішкі сұраным көрсеткіштеріне, жеткізуші салалардың және туыс салалардың даму жағдайларына, фирма құрылымына және ішкі рыноктардағы бәсекелестік күрестің сипатына әсер етеді.

Үкіметті көбісі маңызды көмекшіні немесе нақты саланың элементтерін қолдау, стратегиялық немесе негізгі саланың бәсекеге қабілеттігін қолдау үшін саясатқа кіру ретінде қарастырады. Басқалары бос нарықтың концепциясын қабылдайды, экономика негізгі қозғалыс күштермен реттелуі керек. Үкімет бәсекеге қабілетті салаларды құра алмайды, тек компаниялар істей алады. Үкімет өзінің мазмұнымен жиі жетістіктерге жетеді, егер үкіметтің іс-әрекеті ромбта келтірілген негізгі қолайлы шарттармен бірге жұмыс істесе. Бірақ жоспарда күшті көбейту және беру, ромбта орналастырылған іс-әрекетке сәйкес үкіметтің ролі қуатты болып табылады. Үкімет саясаттың жетістігіне әкелетін сол саясат, яғни ортаны құрады, компания бәсекелестік артықшылықтарға жетеді. Үкіметтің ролі жанама болып табылады. Жапонияның үкіметі осыған көп күш жұмсап, басқаға қарағанда өзінің ролін жақсы түсінеді, яғни елдер бәсекеге қабілеттілікті дамыту үшін әртүрлі сатылардан өтеді және үкіметтің адекваттық ролі экономикадағы прогресспен өзгереді. Прогрессивтік өнімге сұраныстың пайда болуы, өнеркәсіпті жүргізе отырып, керекті технологиялық прогресстің алдында болып, сапасымен анықталатын сыйақы орнатып, басқа да саяси қадамдарды қабылдап, ромбтағы күштің іс-әрекетін көбейтетін, осының бәрі Жапония үкіметіндегі инновацияның жолын жеделдетеді. Бірақта Жапония (бюрократтары) төрешілдері кез-келген жағдайда сол кателікті істеуі мүмкін: саланың құрылымын басқаруға, нарықты көпке дейін қорғау, тиімсіз әрекет ететін әртүрлі саудагерлермен, фермерлермен, дистрибьютерлермен бәсекелестік күрес мақсатында саяси қысымға келу. Саясатты жүргізу статистикаға, қысқа мерзімді артықшылықтар құнына, динамикалық дамуға, жиі кездесетін және үкіметтің саяси экономикалық кателіктеріне бағытталған. Елдегі бәсекеге қабілетті оң іс-әрекетін көрсету үшін үкімет келесідей принциптермен жүру керек: өзгерістер енгізу және ішкі бәсекелестік артықшылықтарды алуға ұмтылатын келесідей элементтерді атауға болады.

1.Мамандандырылған факторларды құру. Үкіметте негізгі факторларда үлкен жауапкершілік жатыр. Олар: бастауыш және орта білім, елдің негізгі инфрақұрылымы, облыста зерттеу жүргізу, мысалы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сақтауда жалпы қызығушылықты көрсетеді. Бәсекелестік артықшылықтарға әкелетін факторлар прогрессивті, мамандандырылған және белгілі бір салаларға немесе сала топтарына байланысты тығыз болып келеді.

Мынадай механизмдер, мамандандырылған оқу бағдарламасы, университеттік зерттеулер, сала проблемасын шешуге бағытталған, ауданның бірігуі және ең маңыздысы компаниядағы жеке инвестициялар, соның ішінде жеке артықшылықтарға алып келетін факторларды құрады.

2.Факторға және валюталық нарыққа араласудан қашу. Факторға және валюталық нарыққа аралысып, үкімет факторлық шығындарды төмендетуге үміттеніп немесе қолайлы валюталық курсты орнатып, компанияға халықаралық нарықта өте тиімді бәсекелесу үшін көмектеседі. Бүкіл әлемде жинақталған тәжірибе, яғни ұқсас саясат-мынадай, мысалы, доллардың құнсыздануы Рейган әкімшілігімен жүргізілген саясатты жиі тиімсіз болып көрсетіледі. Осындай ұқсас тәжірибе өнеркәсіптің жаңаруына және неғұрлым тұрақты бәсекелестік басымдылықтарды іздеуге кедергі келтіреді.

3.Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік стандартына сәйкес өнімді қатаң қадағалау. Үкімет ішкі сұраныстың пайда болуына және бәсекелестік артықшылықтарға жетуге қабілетті болуы мүмкін. Өнім көрсеткіштеріне қатаң стандарттар, оның қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға әсер етуі компанияға қысым тудырады, оның сапасын көтеруге ынтермелейтін, өнімнің ерекшелігіне мән беру, әлеуметтік тұтынушыларға және тұтынушылар сұранысына жауап береді. Қойылған стандарттардың міндетін жеңілдету, олар қандай да болмасын, нақты емес іс-әрекетті көрсетеді. Мынадай жағдайда, егер қатаң заңдық нормалар келешекте халықаралық стандартты қолдаса, онда бұл ұлттық компанияларға өнім мен қызметті дайындауға артықшылықтар береді, яғни кез-келген жерде сұранысты қолданады. Шведтік қатаң стандарттар өнеркәсіптің көптеген салаларында бәсекелестік басымдылықтардың пайда болу қабілетіне, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған.

4. Бәсекелестікті реттеуді тоқтату. Бәсекелестікті реттеуде сәйкес келетін саясатты жүргізу, мемлекеттік монополияны сақтау, салаға салған ақшаны бақылау немесе бағаны бекіту сияқты, екі нақты емес нәтижеге алып келеді: бәсекелестіктің төмендеуі және инновацияның баяу болуы, сондықтан да компания өзара құрылымдық іс-әрекеттермен айналысады, реттеуді орналастыратын және қорғау кезінде осының бәрі бар болғандықтан, бұл өз кезегінде саланы кем дегенде серпінді және сатып алушыларға және жеткізушілерге өте қолайлы жағдай жасайды.

Бірақ реттеу өзінен-өзі ішкі бәсекелестікпен жетістікке әкелмейді, ол бұл күшті және антимонополиялық саясатының жүргізуін қажет етеді.

5.Күшті ішкі трестке қарсы саясатты жүргізу. Трестке қарсы күшті саясат инновацияның негізін құрайды. Бүгінгі күні ғылыми сипат беру негізінде біріктіру және алдыңғы қатарлы ұлттық компанияны құру жарасымды, бірақ бұл бәсекелестік артықшылықтардың пайда болуына кедергі келтіреді. Нақты ішкі бәсекелестік, яғни үкімет компанияның қателік жібермеуіне, компания салаларын біріктіруді қажет етеді. Сонымен үкіметтің саясаты алу құралы ретінде емес, халықаралық, отандық, компания ішкі ресурстар есебінен салаға кіру құрметін көрсету керек. Бәсекелестік артықшылықтар құруға қабілетті болған жағдайда компанияларға өнеркәсіптің араласқан салаларында ұсақ компанияларды алуға рұқсат етіледі.

6.Саудадағы реттеуден бас тарту. Сауданы реттеу өз алдына өсетін және қауіпті тенденцияны көрсетеді, елдің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне күшті әсерін тигізеді. Саудалық келісімдер нарықты бөлу бойынша сандық келісімдерді орналастыратын, осындай механизмдер тиімсіз және кейде тұтынушыға өте қымбат болып табылады. Ұлттық өнеркәсіпті жаңартуға қабілетті болу үшін, реттелген сауда тиімсіз жұмыс істейтін компанияларға нарықтық қорына кепілдік береді.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Бәсекелік ортаны қалыптастыру постиндустриалды экономикаға өтудің маңызды шарты ретінде.

Монополияға қарсы саясат: мазмұны, түрлері, әсер ету әдістері.

Әділетсіз бәсекенің түрлері және тұтынушылардың құқықтарын қорғау.

ҚР монополияға қарсы реттеу органдарының құрылымы.

Кәсіпкерлік қызмет түрлерін қолдау және олардың дамуы.

Мемлекет – бәсекелік ортаны қамтамсыз етудің кепілі.

Қазіргі кездегі кәсіпкерлікті ынталандырудың нормативті-құқықтық аспектілері.

XII тарау. АЙМАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

12.1 Аймақтық экономикалық саясаттың мәні

Мемлекеттің аймақтық саясаты белгілі бір кеңістіктегі ұлттық шаруашылықтың теңдігіне қол жеткізу үшін республикалық аймақтардың артықшылығын анықтау негізінде салық-бюджет саясатын қалыптастыру және дамыту мақсатында аймақтарды топтарға бөлу шараларының жиынтығы. Экономикалық реформалардың шарттарына жағтығу, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды тұрақтандыру процестері сияқты күрделі міндеттердің бәрі осы аймақ деңгейінде шешіледі.

Аймақтарды мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары болып мыналар саналады:

- Елдің экономикасын біртұтас шаруашылық кешені ретінде ескере отырып, мемлекеттік деңгейде әрбір аймақтың даму болашағын анықтау.
- Аймақ ресурстарын (еңбек, жер, су, энергетика) ұтымды пайдалана отырып, әрбір аймақтың экономикасын пропорционалды дамытуды қамтамасыз ету.
- Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіру.
- Өндіріс мұқтаждығын ескере отырып, тұрғындары территория бойынша ұтымды орналастыру.
- Ауыл мен қала арасындағы қарама-қайшылықты азайту.
- Халықтың және экономикалық өмірдің ірі қалаларға шоғырлануы процесін реттеу.

Аймақтық саясат халық шаруашылығы кешеніндегі әрбір аймақтың экономикалық орнын, ерекшеліктерін ескереді. Аймақ деңгейіндегі проблемаларды шешуге, оның ішінде кәсіпкерліктің дамуына, жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына көмектеседі.

Аймақтар экономикасын мемлекеттік реттеу, еліміздің және оның жекелеген аймақтарының экономикалық жағдайын қамтамасыз етуге, қойылған мақсаттарға жетуді көздейтін мәселелерді шешуге бағытталуы керек. Ал, аймақтық саясаттың мәні жалпы ұлттық мақсаттарға жету үшін аймақтық дамуды тиімді басқару болып табылады.

Қазақстан үшін аймақтық даму мақсаттары ретінде төмендегілерді атауға болады:

Әрбір аймақтағы халықтың тұрмыс жағдайының деңгейін теңестіру;

1. Дағдарыстық аймақтарды құрылымдық қайта құру. Бірінші мақсаттан айырмашылығы теңестіру саясаты жалпы барлық мемелекет үшін жүргізілетіндегімен ерекшелінеді.

Дағдарыстық аймақтарды құрылымдық қайта құру тек ірі, жалпы мемлекеттік бағдарлама көмегімен жүзеге асырылады, кейбір аймақтарда аталмыш міндетті орындау үшін қажет ресурстардың жетіспеушілігі болады. Мемлекеттің негізгі функциясы, артта қалған аумақтарды даму деңгейі жоғары аймақтардың деңгейіне жеткізу, бірақ мұндай жағдай да халыққа өз зардабын тигізуі тиіс.

2. Аймақтардың кешенді дамуын жеке аймақтық мақсаттармен ұштастыру.

3. Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

4. Республикамызда соңғы жылдары аймақтық экономикаға, аймақтарды дамытуға, дәлірек айтсақ, республикадағы әрбір аймақтың экономикалық өсуіне, әлеуметтік жағдайына, қаржы жағдайын тұрақтандыруға, халықтың әл-ауқатын көтеруге, отандық және шетелдік инвестицияларды тарту және оны тиімді пайдалануға, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, сонымен қатар шағын және орта бизнесті дамыту сияқты мәселелерді шешуге айтарлықтай көңіл бөлініп, нақты іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда.

Аймақтар дамуының қазіргі жағдайын саралау олардың дамуының экономикалық қауіпсіздігін бағалауды қажет етеді. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі – аймақ экономикасының оның дамуының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық саяси тұрақтылығын қамтамасыз етуге қабілеттілігі, халықтың өмір сүру сапасын жоғары әлеуметтік стандарттар деңгейіне жеткізу, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалана отырып, ішкі және сыртқы қауіптердің ықпалына қарсы тұру.

Аймақтардың сараланауының күшеюі жалпы аймақтық өнім сияқты көрсеткіштер динамикасынан көрінеді. Аймақтық дамудың сараланауына байланысты, экономикалық қауіпсіздік факторлары әрбір аймақ деңгейінде өзінің аймақтық ерекшеліктеріне ие болады.

Аймақтар дағдарыстығының басты белгілері болып табылады:

- өндіріс қарқынның төмендеуі;
- халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі (жан басына шаққандағы табыстың төмендігі);
- жұмысбастылыққа қатысты жағымсыз тенденциялардың өрістеуі (жұмыссыздықтың жоғары деңгейі);
- демографиялық, экологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы проблемалардың күшеюі және т.б.

Макроэкономикалық саясаттың құрамдас бөлігі бола отырып, аймақтық саясат әрбір аймақтың экоомикасының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы экономиканың тиімділігін көтеруді өзінің

басты мақсаты етіп қояды. Қойылған мақсатқа жету үшін, әрине, міндеттердің қойылуы шарт. Олардың қатарына: мемлекет пен жекелеген аумақтардың мүдделерін үйлестіру, аумақтық дамудың әрекетті механизмін жасақтау, сонымен қатар аймақтың ресурстық, ғылыми, еңбек әлеуетін барынша пайдалану жатады.

Аймақтық саясатты нақты қалыптастыру үшін еліміздің кеңістікті айырмашылық себептерін көрсету қажет. Оларға жататындар:

- еліміз аймақтарының табиғи-климаттық жағдайының айырмашылығы;
- аймақтың өнімділігін анықтайтын табиғи ресурстарды пайдалану бағыты, саласы және ауқымы. Бұл фактор тек ауыспаруашылық, сондай-ақ пайдалы қазбаларды игеру ғана емес, өнеркәсіпті орналастыру жағдайына және халықтың өмір сүру жағдайын ұйымдастыруға да әсер етеді;
- аймақтың оналасуының «күрделі» жағдайы, соның әсерінен шығындар артып, бағаның өсуі туындайды. Бұл аймақтың көлік және байланыс қызметтерінің дұрыс дамымауына, оның экономикалық даму деңгейіне ықпал етеді;
- инновация енгізу жағынан артта қалуы, өндірістің ескі құрылымы;
- елдің экономикалық даму тенденциясы:
- тауар өндірісіне әсер ететін технологиялық даму сатысы;
- институционалдық фактор: жалпы және аймақтық саясаттың нысандары, саяси жағдайы, аймақтың даму тарихы және т.б.;
- орналастырудың физикалық факторлары: аэропорт, көлік жүйесі, өндірістік алаңдардың бар болуы немесе жоқ болуы, байланыс жүйелерімен қамтамасыз етілуі, өдірістік инфрақұрылым;
- әлеуметтік-мәдени факторлар: урбанизация деңгейі, халықтың білім деңгейі, ғылыми орталықтардың бар болуы және т.б.;
- орталықпен жүргізілетін макроэкономикалық саясатта аймақтық ерекшеліктердің есепке алынбауы;
- орталық пен аймақтар арасындағы өкілеттіліктер мен міндеттерді жіктеу үрдісінің толықтай аяқталмауы.

12.2 Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің мәні мен қажеттілігі

Аймақтық дамуды қаржылық-экономикалық реттеу тәжірибеде байқалған және кеңінен таралған реттеу нысандары мен әдістерін қолдануды білдіреді. Бұл: жоспарлау, болжамдау, қаржы-несие және бюджет-салық жүйесі.

Аймақтық саясаттың қалыптасуы келесідей үш түрге жіктеледі:

1) Мемлекеттің аймақтық саясаттын қалыптастыруда түрлі аудандар халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын теңестіру мүдделерінің іргелі маңызы бар. Осы мүдделер қазіргі жағдайда бірінші орында тұр, өйткені тұрғындар тығыздығы (адам/км²), қалалық және ауылдық тұрғындардың арақатынасы, олардың кірістің 1 жаңға шаққандағы деңгейі, тұтыну бағаларының индексі, жұмыссыздардың саны мен жұмыссыздық деңгейі, индустриалды деңгейі және т.б. көрсеткіштерге байланысты Қазақстанның аймақтық- әкімшілік аудандары бір-бірінен өзгеше.

2) Аймақтық саясатты қалыптасырудың маңызды негіздерінің бірі елдегі өндіргіш күштерді дамыту мен орналастыруды тиімділеудің объективті қажеттілігі.

3) Мемлекеттің аймақтық-экономикалық саясатын қалыптастырудың анықтаушы факторы ретінде республикадағы тоқырап қалған ауылшаруашылығы аудандарын, шағын және орташа қалаларын айтуға болады. Олардың тоқырап қалу себебі көбінесе субъективті факторларға байланысты. Әсіресе, осындай көптеген қалалар мен аудандардың пайда болуына себеп болған негізгі фактор – ол үкімет жүргізген «Жедел жекешелендіру» саясаты.



Сурет 78 – Аймақтық мемлекеттік саясаттың талаптары

Әрбір аймақта экономикалық қауіпсіздік факторларын анықтау нәтижесінде ғылыми негізделген шешімді талап ететін экономикалық қауіпсіздіктің ерекше мәселелері туындайды. Барлық аймақтардың дамуы үшін жалпы кедергілер төмендегідей:

- жұмыссыздықтың орын алуы;
- ірі өндеуші кәсіпорындардың тоқтап қалуы немесе толық күтпында жұмыс істемеуі;
- экологиялық мәселердің көбеюі;
- шағын қалалардың дағдарысты жағдайы.

Индустриялды-иновациялық стратегияның аймақтық саясаты мемлекеттің өзекті мәселелерін шешетін жоспарлар жүйесі болып табылады.

Аймақтар бойынша өндірісті орналастырудың заңдылықтары мынадар:

- өндірісті ұтымды орналастыру;
- экономикалық аудандарды кешенді дамыту;
- аймақтар арасында территориялық еңбек бөлінісін ұтымды жасау;
- аймақтардың әлеуметтік және экономикалық даму деңгейлерін теңестіру.

Өндірісті ұтымды орналастыру өндіріс шығындарын азайту мақсатында нақты территорияда өндірістің барлық сатыларын, дайын өнім өндіруге дейінгі сатыларды орналастыруды сипаттайды. Бұл жерде маңызды орынды транспорт жағдайы, өндірісті шикізат, отын, энергия көздеріне жақындату алады.

Экономикалық аудандарды кешенді дамыту аймақтар арасындағы байланыстарды нығайтуды, елегі шаруашылықтың біртұтастығын қамтамасыз етуді көздейді.


Территориялық еңбек бөлінісін ұтымды жасау. Әрбір аймақ өзінің табиғи-ресурстық потенциалымен ерекшеленеді. Сондықтан олардың мамандану деңгейі бір-бірінен ерекшеленеді. Олардың арасындағы экономикалық қатынастардың дұрыс қалыптасқан жағдайында жалпы экономикалық даму тиімді болады.

Өндірісті территория бойынша тиімді орналастыру мынадай факторларға байланысты: табиғат факторлары, демографиялық факторлар, инфрақұрылым және экономикалық факторлар.

12.3 Аймақтық дамуды реттеудің макроэкономикалық және микро-экономикалық аспектілері

Аймақтық даму ерекшеліктеріне байланысты оларға мемлекет тарапынан реттеу арқылы ықпал ету мен бақылауды жүзеге асырудың ауқымына қарай макро және микро деңгейлік ерекшеліктерге жіктеледі. Яғни қолданылатын әдістер мен әсер ету құралдары ерекшеліктеріне де байланысты, мәселені қамту кеңдігіне қарай өзіндік мәнге ие болады. Осы тұрғыдан реттеу механизмдерінің әмбебаптылық сипат алуы да мүмкін.

Аймақтағы макро деңгейлік саясат, аймақтың жалпы дифференциялық көрсеткіштерінің оңтайлы өзгерістеріне ықпал ету мақсатында әрекет етеді, ал микро деңгейдегі мемлекеттің аймақтық саясаты нақты, белгілі бір субъектке қатысты әрекет етуді білдіреді.



Сурет 79 – Әмбебаптылық дәрежесі және әсер ету кеңдігі бойынша аймақтық реттеу құралдары

Макро құралдар аймақтар бойынша дифференциалды көрсеткіштерді (нормативтер, ставкалар және т.б.) білдіреді және жалпы мемлекеттік салық, несие, инвестициялық, әлеуметтік саясат шарттарын білдіреді. Дағдарыс аймақтары үшін бизнеске төмен ставкалар, жеңілдетілген несие ставкалары, жеңілдетілген көлік тарифтері белгіленеді. Жағымсыз жағдайларды өтеу үшін және халықты басқа аймақтарға тарту үшін мемлекет табыс салығын төмендете алады немесе жалақыға үстеме енгізе алады.

Микроқұралдар аймақтық экономика субъектілерінің қызметіне тікелей әсер ету үшін қолданылады.

Макро және микро құралдар орталық үкіметпен де, аймақтық органдармен де қолданылады. Дегенмен, макро құралдар орталықта, ал микро құралдар аймақтарда кеңінен қолданыс табады.

Еңбек нарығына әсер ету бағыты арқылы аймақтық реттеу механизмдерін жүзеге асыру кезінде, неғұрлым толық және тиімді жұмыс бастылыққа қол жеткізу үшін кадрларды қайта даярлау ұйымдастырылады, жұмыс орындарын құру үшін субсидиялар және мақсатты несиелер бөлінеді. Жұмыссыздықты аймақтар арасында бөлу үшін жұмыс күшін оның жылжуын көтеру арқылы ауыстыру қолданылады (көшуге шығындар бөлігін өтеу, жаңа баспанаға ссуда беру).



Сурет 80 – Аймақтық саясаттың әсер ету бағыттары

Ал аймақ шеңберіндегі капиталға әсер ету арқылы аймақтық реттеу механизмін жүзеге асыру құралдары түрліше инвестициялық гранттар (субсидиялар, түсірімдер) негізінде жүргізу болып табылады.

Көптеген елдерде әлеуметтік-экономикалық дамуды ынталандыру және дағдарыстық жағдайды жеңу мақсатында экономикалық қызметті реттеудің ерекше әдістері мен механизмдерін пайдаланады: технополистер, кәсіпкерлік аймақтары және т.б.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Аймақ экономикаларының қызмет етуінің теориялық әдістемелік негіздері.

Аймақтардың өндірістік-ресурстық әлеуетінің негізгі элементтері, олардың ерекшеліктерін анықтайтын факторлар.

Аймақтық саясат.

Аймақтық рыноктарды басқару.

Инвестициялық саясаттың аймақтық аспектілері.

Аймақтардың әлеуметтік дамуы экономикалық әдістер мен реттеу құралдарын аймақтардың негізгі мақсаты ретінде.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын дайындау және жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының аймақтары мен Орталықтың мүдделері оңтайлы үйлестірудің механизмдері.

XIII тарау. СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

13.1 Мемлекеттің сыртқы экономикалық іс-әрекеті: мәні және негізгі бағыттары

Сыртқы экономикалық саясат – бұл мемлекеттің басқа елдермен экономикалық қатынастарын реттеуге және дамытуға бағытталған әрекеті. Сыртқы экономикалық саясаттың негізгі мақсаты елдегі ұдайы өндіріс процесін ұлғайтуға сыртқы экономикалық жағдайлар жасау, елдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің дүниежүзілік еңбек бөлінісіне белсенді араласуын қамтамасыз ету.

Сыртқы экономикалық саясатты жүргізудің негізгі принциптері мыналар:

1. Тәуелсіздік
2. Тең құқықты болу
3. Ашық болу
4. Дүниежүзілік келісімдердегі басымдықтарды мойындау

Протекционизмнің классикалық түрі баж салығы болып табылады. Баж бұл елдің кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарларға салынатын салық. Баж салығын енгізудің мақсаттары мыналар: фискальдық (баж салығы мемлекеттік бюджетті толықтырудың көзі), протекционалдық (шетел бәсекесінен қорғау), тыйым салу (келісім-шартқа байланысты кейбір импорт тауарларына салық салынбайды).

Баж салығы салынатын тауарлар тізбесі; кіргізуге, шығаруға және транзитке рұқсат етілмейтін тауарлар тізбесі; кедендік баж салығының наркы кеден тарифтері деп аталады.

2-ші дүниежүзілік соғысқа дейін протекционизм негізінен кедендік тарифтерге сүйенсе, одан кейінгі жылдары экспорт пен импортты тарифтік емес формада реттудің (50-ге жуық түрі бар) маңызы артты. Тарифтік емес реттеудің негізгі түрлері мыналар: *импорттық квота* – шеттен келетін тауарлардың санына шектеулер қою. Бұл жағдайда мемлекет тауарды импорттауға шектелген көлемде лицензия береді. Ал лицензиясы жоқ тауарларды кіргізуге тиым салынады.

Қазақстанның дамуының барлық тарихи сатыларында сыртқы экономикалық қызмет түрлі деңгейдегі экономикалық проблемаларды шешуге өз ықпалын тигізді. Халық шаруашылығының жалпы құрылымының бір бөлігі ретінде ішкі шаруашылық пропорциялар мен өндіріс күштерінің орналасуы мен дамуына әсер етеді. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бұрын сыртқы экономикалық байланыстар тек мемлекеттік деңгейде қарастырылды және оның бұрынға КСРО елдеріне әсері минималды болуы басты мақсат еді. Жалпы алғанда,

сыртқы экономикалық қызметті басқару және жоспарлау экспорт тиімділігінің өсуіне ықпал етпеді, ел экономикасы барлық бағыттары бойынша тепе-теңдік сақтамады, импорт жетіспеген сұранысты қанағаттандырса, экспорт импортты төлеу құны ғана болды.

Сыртқы экономикалық қызметті реформалау нәтижесінде артықшылықсыздандыру мен мемлекеттің сыртқы сауда монополиясынан бас тарту басталды. Кәсіпорындар өз бетінше сыртқы нарыққа шығуға бет алды. Қазақстан сыртқы әлемдік қоғамдастықтың қаржы-экономикалық институттарына өнеркәсіптік әлеуеті жоғары серіктестік ретінде қызығушылық танытады.

Қазақстан КСРО құрамында болғанда экспортты-импорттық операцияларды КСРО-ның ведомстволарының «делдалдығы» арқылы ғана жүзеге асырды. Республика көбіне тек шикізатты шығарып тұрды, ал дайын өнімнің экспорттағы үлесі 10% ғана болды. Импорт көлемі экспорт көлеміне қарағанда жоғары болып, нәтижесінде елде сатудан сатып алу басымырақ болды, солай «баға қайшылығы» туындады. Металлургиялық кәсіпорындар кешені кәсіпорындарына өз табысының тек 30% бөлінсе, мұнай өнімдері бойынша республика қорына мүлдем акша аударылмады.

Қазіргі уақыттағы Қазақстандағы сыртқы экономикалық байланыстардың келесі формалары бар: сыртқы сауда, Қазақстан территориясындағы және шетелдердегі біріккен кәсіпорындар, Қазақстан территориясындағы шетел кәсіпорындары, халықаралық ұйымдар, ғылыми-техникалық ынтымақтастық, шетелдік жұмыс күшін тарту, шетелдік туризм, еркін экономикалық аймақтардағы ынтымақтастық және халықаралық экономикалық қызметтестіктің басқа да формалары.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, экономикалық реформалар ең алдымен елдің ұлттық жағдайына, оның проблемалары және міндеттерімен байланысты. Сонымен қатар ішкі өзгерістер процесі әлемдік еңбек бөлінісі негізінде әлемдік шаруашылыққа тиімді енусіз жемісті болмайды.

Қазақстанның экспорттық-импорттық әлеуеті жоғары. Ел территориясында ТМД-дағы хромит қорының 98%, вольфрамның 53%, қорғасынның 47%, мырыштың 40%, фосфориттің 65%, мыстың 35% шоғырланған. Республика вольфрамның әлемдік қоры бойынша екінші орында, мырыш рудасы бойынша үшінші, қорғасын мен молибден бойынша төртінші орында, темір рудасы қорының да әлемдік маңызы зор.

Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметтегі негізгі міндеті – халық шаруашылығы құрылымын жетілдіру мақсатында халықаралық еңбек бөлінісіне белсенді қатысу, технологиялық артта қалушылықтан арылу, республикалық валюта қорын қалыптастыру.

Шетел капиталының ел экономикасына енуі және осы елде тиімді жұмыс жасауы ең алдымен мынадай кепілдіктердің болуын қажет

етеді:күшпен заңсыз тартып алудан сақтандыру, шеккен зиянның орнын толтыруға кепілдік беру, дауларды шешуде тәртіптің сақталуы, тапқан табысты иеленуге кепілдіктің болуы. Осындай бағытта елдің шетел инвестициясына байланысты заңдылығы құрылады. Шетел инвестициясының қызметін реттеу капиталды енгізуші және экспорттаушы елдер арасындағы келісім шарттар арқылы жүргізіледі. Бұл шарттар мынадай бөлімдерден тұрады: инвестиция енгізудің ережесі, инвестиция тәртібін анықтау (әділетті болу және құқықтың шектелмеуі, ұлттық мүдденің сақталуы), даулы сұрақтарды шешу тәртібі, шетел инвесторларының міндеттері.

Миграциялық саясат – бұл мемлекеттің жұмысшы күшінің қоныс аударуын реттеуге бағытталған қызметі. Миграция процесі елдің әлеуметтік жағдайы мен еңбек нарығына теріс әсер бермес үшін мемлекет осы аймақта мынадай шараларды қолданады: иммигранттарға жәрдемақы төлеу, оларды қайта оқыту, әлеуметтік тұрмыс жағдайын жақсарту және т.б.

13.2 Сыртқы сауда саясатының мақсаттары

Сыртқы экономикалық саясат – өкімет органдарының қызметтерінің халықаралық еңбекті бөлу жүйесінде елдің орнын анықтау, осы салада мақсатты көрсеткіштерді тағайындау және алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін қолданылатын сәйкес жағдайлар жиынтығы.

Сыртқы нарық бұл халықаралық өндіріс пен ғылыми техникалық кооперациямен, тауарлар мен қызмет көрсетудің экспорты және импортымен байланысты шаруашылық қызмет сферасының бірі.




Сурет 81 – Сыртқы саудаға елдердің қатысуының сипаты

Елдің ашық экономикасы деп халықаралық еңбек бөлінісінде белсенді қатысатын, дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне кең интегралданған экономиканы атайды. Мұндай экономикада тауарларды,

өнімет көрсету және капиталды импорт пен экспорт арқылы таныстыруда шектеулер жоқ немесе олар минималды болып келеді.

Жабық экономика бұл сыртқы әлеммен байланыспайтын немесе өте шектеулі масштабта байланысатын елдердің экономикасы.


Әртүрлі елдер әлемдік экономикада жалпы және оның жекелеген тауар нарықтарында әртүрлі орын алады. Халықаралық сауданың әрбір қатысушысы өз мүдделерін қорғау мақсатында қандай да бір іс-әрекет жасауға тырысады, яғни осы салада белгілі бір саясат жүргізеді.



Сурет 82 – Халықаралық сауда саласындағы саясаттың жіктелуі

Халықаралық сауда саясаты – халықаралық сауда саласында жалпылама қабылданған саясат. Дүниежүзілік Сауда Ұйымы (ДСҰ) жүргізеді және ол әлем елдерінің көпшілігі тарапынан қолдау тауып отыр. Мұндай саясатқа халықаралық сауданы ырықтандыру жатады.

Сыртқы сауда саясаты – бір елдің басқа елдермен сауда қатынасына бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы.




Сурет 83 – Сыртқы сауда саясатының мақсаттары

Кейбір мақсаттар ұзақ мерзімді сипатта болады, мысалы халықаралық еңбек бөлінісіне кіру дәрежесі мен әдісін өзгерту. Басқа

мақсаттар одан гөрі аз мерзімде жүзеге асырылуы мүмкін, мысалы экспорт пен импорт көлемін өзгерту.

Сыртқы сауданы реттеу - бұл баж салығы, экспорттық субсидия, импорттық квота және т.б. шаралар арқылы сыртқы сауда балансын жақсарту мақсатындағы мемлекеттің әрекеті. Сыртқы экономикалық саясатты жүргізу құралдары болып протекционизм (отандық экономиканы дамыту мақсатында әртүрлі шектеулер қою арқылы шетел бәсекелестерінен қорғау) және фритредерство (еркін сауда саясаты) саналады.



Сурет 84 – Сыртқы сауда саясатының бағыттары

Еркін сауда саясаты таза күйінде мемлекеттің сыртқы саудаға тікелей араласудан бас тартып, нарыққа негізгі реттеуші ролін жүктеуін білдіреді. Бірақ бұл мемлекеттің осы шаруашылық іс-әрекетінің бағытына әсер етуден толық шеттелуін білдірмейді. Мемлекет өз шаруашылық субъектілеріне максималды еркіндік беру үшін басқа елдермен келісім-шарттарға отырады.

Еркін сауда оң саяси салдарға әкеледі, өйткені елдердің өзара байланыстылығы күшейіп, бір-біріне дұшпандық әрекетінің мүмкіндігін төмендетеді.

Еркін сауда саясатының жүргізілуі экономикасы дамыған елдерге халықаралық айырбастан неғұрлым көп пайда алуға мүмкіндік береді. Іс жүзінде, еркін сауда саясаты таза күйінде ешқашан және еш жерде қолданылған жоқ.

Протекционизм – отандық экономиканы шетелдік бәсекелестерден қорғауға бағытталған саясат.

13.3 Протекционизм: мәні және формалары

Протекционизм – уақытша және мәжбүрлі шара деп есептеледі. Егер протекционизм саясаты КСРО-дағы сияқты ұзақ уақыт жүргізілетін болса, онда мұның нәтижесі тауардың төмен қабілеттілігі, тапшылық, өнеркәсіп өндірісінің дағдарысы болып табылады.

Әлемдік шаруашылықта болып жатырған интеграциялық процестер протекционизмді жою қажеттілігін тудырады. Бірақ елдегі экономикалық

дарыстар мемлекетті протекционизм саясатын қолдануға мәжбүр етеді. Соңғы жылдары дамыған елдер ішкі өндірістің барлығын емес, жеке салаларын ғана қорғайтын *«селективті протекционизм»* саясатын ұстана бастады. Басқа елдерге қатысты оны қолдануда дамыған елдер тиімді қағидаларын пайдаланады.



Сурет 85 – Протекционизм саясатының формалары

Еркін сауда саясатымен салыстырғанда протекционизмдегі нарықтық күштердің еркін іс-әрекеті жоққа шығарылады, өйткені әлемдік нарықтағы жекелеген елдердің экономикалық әлеуеті мен бәсекеге жарамдылығы әртүрлі, осыған байланысты дамуы жағынан артта қалып отырған елдер үшін НАРЫҚТЫҚ күштердің еркін іс-әрекеті пайдасыз болуы мүмкін. Күшті шетелдік мемлекеттер жағынан шектелмеген бәсеке экономикалық дамуы төменірек елдерде экономиканың тоқырауына және осы елде тиімсіз экономикалық құрылымның қалыптасуына әкелуі мүмкін.

Протекционизм елде белгілі бір салалардың дамуына көмектеседі. Аграрлы елдерде протекционизм көбінесе индустриализацияның қажетті шарты болады. Одан басқа, протекционизм жұмыссыздықтың азаюына әсер етеді. Бірақ бұл саясатты ұзақ мерзім бойына пайдалану экономиканың тоқырауына әкеледі, өйткені шетелдік бәсеке болмаса, жергілікті кәсіпкерлердің техникалық деңгейі мен өндіріс тиімділігін жоғарылатуға ынтасы төмендейді.

Өзінің төтенше формасында протекционизм экономикалық автаркия түрінде болады, яғни ел импортты тек өз елінде шығаруға мүмкін болмайтын тауарлармен ғана шектейді. Экспорт болса, импортты қамтамасыз ету деңгейінде ғана рұқсат етіледі.


Протекционизм дамушы елдерде ғана емес, өндірісі дамыған елдерде де шиеленіскен бәсекелестік жағдайында ұлттық тауар өндірушілерін қорғау үшін пайдаланылуда.

Мемлекет шаруашылық субъектілеріне кеңестер беруі және қандай да бір іс-әрекетке ынталандыруы мүмкін.

Мемлекеттің сыртқы саудадағы өтімді құралдары әр түрлі тыйым салу, мысалға бір өнімнің экспорты мен импортына және бір елге қатысты тыйым салу болып табылады.


Сыртқы сауданың құралдарына екі жақты немесе көп жақты келісімдер жүйесі жатады. Бірақ нарықтық қатынастар даму жағдайында сыртқы сауданың пайдасын ұлғайту және азайтуға әсер ету құралдарын пайдалану арқылы, мемлекет шаруашылық субъектілерін мемлекет саясатының мақсаттарына сәйкес шешім қабылдауына мәжбүр етеді. Осы құралдарға тарифтік (tariffs) және тарифтік емес шектеулер (non tariffs barriers) кіреді.

13.4 Сауда саясатының сипаты және халықаралық сауданы реттеудің кедендік әдістері



Сурет 86 – Сыртқы экономикалық қызметті мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары

Нарықтық экономикада мемлекет сыртқы сауданы реттеуді елді қорғауды қамтамасыз ету және жалпы ұлттық мүддені қорғау мақсатында жүзеге асырады. Оны реттеу әр елде әр түрлі. Оның әдістері: экономикалық, әкімшілік, тарифтік және тарифтік емес (бейтарифтік реттеу).



Сурет 87 – Сыртқы сауданы мемлекеттік реттеу әдістері

Протекционизмнің классикалық түрі баж салығы болып табылады. Баж бұл елдің кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарларға салынатын салық. Баж салығын енгізудің мақсаттары мыналар: фискальдық (баж салығы мемлекеттік бюджетті толықтырудың көзі), протекционалдық (шетел бәсекесінен қорғау), тыйым салу (келісім-шартқа байланысты кейбір импорт тауарларына салық салынбайды).

Баж салығы салынатын тауарлар тізбесі; кіргізуге, шығаруға және транзитке рұқсат етілмейтін тауарлар тізбесі; кедендік баж салығының ставкы кеден тарифтері деп аталады.

Сыртқы сауда саясатының классикалық және негізгі құралы болып кедендік тарифтер саналады.

Кедендік тариф – бұл баж салықтары қойылымының жүйеленген түрі. *Кедендік баж салығы* деп мемлекеттік шекараны өту кезінде тауарлардың импорты мен экспортына салынатын салықтарды атаймыз.

Кедендік баж – бұл тауар экспорты мен импортында кеден органдарымен алынатын төлем.

Әлемдік тәжірибеде ауыстыру бағытына байланысты кеден бажы импорттық, экспорттық, транзиттік болып бөлінеді.



Сурет 88 – Кедендік баждың салыну бағытына байланысты түрлері

Импорттық баж мынадай міндеттерді шешуге бағытталған:

- ұлттық өндірушілерді шетелдік бәсекелестерден қорғау;
- елдің төлем және сауда балансының талаптары тұрғысынан экспорт пен импорт арасындағы байланысты үйлестіру;
- әкелінетін тауардың құрылымын рационалдандыру;
- тауар өндірісі мен тұтыну құрылымында прогрессивті өзгерістер үшін жағдай жасау;
- бюджеттің табыс бөлігін толықтыру.

Экспорттық бажды қолдануда мына мақсаттар көзделеді:

- ұлттық экономика үшін қажетті тауарларды елден әкетуге шектеу: отандық рыноктың неғұрлым толық қанығуы үшін, елдің экономикалық қауіпсіздігін қорғау үшін;
- шикізат тауарларын және алғашқы өңделген өнімдерді шекарадан шығаруды тоқтату және жоғары техникалы тауарлар, жоғары дәрежеде өңделетін өнімдер экспортын ынталандыру;
- ел бюджетінің табыс бөлігін толықтыру.

Транзиттік баж ел территориясы арқылы өтетін басқа елге әкетілетін тауардан алынады. Олар мынадай мақсаттарда қолданылады:

- ел территориясы арқылы өтетін тауардың белгілі бір топтарының ағымын реттеу;
- мемлекеттік қазынаны толықтыру.

Мемлекеттік органдардың практикалық қызметінің негізгі басымдықтарын (бағдарларын) атап өтейік.

Импорт саласында: импорт тарифін жетілдіру - оны барынша егжей-тегжейлі нақтылау, мөлшерлемелерді құрылымдық саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес саралау; техникалық кедергілерді бұдан да кең қолдануын, қорғаныс (өтемақылық және демпингке қарсы баждарды), сондай-ақ әріптестердің заңсыз іс-әрекетіне жауап іс-шараны пайдалану).

Экспорт саласында: дәстүрлі емес отандық өнімді халықаралық ережелер шеңберінде сыртқы нарықтарға жылжытуды экономикалық ынталандыру, және қаржылық қолдауды күшейту; еліміздің экспорттық әлеуетін ең алдымен өндеуші салалар есебінен, алдағы жылдары іске асыруды қамтамасыз ететін құрылымдық саясатты қамтамасыз ететін құралдардың көмегімен кеңейту.

Капитол қозғалысы саласында: Қазақстанда шетел инвестицияларын және шетелде отандық капитал салымдарын жүзеге асыруды тәртіптейтін заңнаманы реттеу және оның республикалық және аймақтық деңгейлерде тиісінше орындалуына кепілдівсті қамтамасыз ету; импорттық және бартерлік операцияларды тиімді кедендік-банктік бақылауды осы арналар бойынша елімізден капиталдың кемуін қысқарту мақсатында жүзеге асыру.




Сурет 89 – Кедендік бажды тағайындау тәсілдері




Сурет 90 – Кедендік баждың қолданылу сипатына қарай түрлері



Сурет 91 – Кедендік ставка типтері



Сурет 92 – Кедендік ставкаларды есептеу тәсілдерінің түрлері



Сурет 93 – Кедендік баж ставкаларын іс-әрекет бағыты бойынша жіктеу

Преференциалды баж салықтары бір елге немесе қандай да бір тауарларға тиімді жағдай жасау мақсатында минималды деңгейден төмен қойылады. Ал *дискриминациялық баж* салықтары қандай да бір ел немесе тауарға қарсы орнатылып, оған тиімсіз жағдайларды орнатуға бағытталады.

Демпингке қарсы баж салықтары орын толтыру (немесе компенсациялық) баж салықтарының түрі болып табылады. Олар демпингке қарсы қолданылып, бағалар деңгейін қалыпты жағдайда ұстау үшін пайдаланылады.

Кедендік тарифтер көп түрлігі және орындайтын мәселелері бойынша, мүмкіндігіне байланысты, экспорт-импорт мәмілелерін реттеуде өте кең қолданылады. Көбінесе импорттық баж салықтары протекционистік шара ретінде пайдаланылады. Дамушы елдерде олар

қосымша түсімдерді ұлғайтуға, ал дамыған елдерде сыртқы сауданы реттеуде қолданылады.



Сурет 94 – Бейтарифтік кедендік реттеу әдістері

Квоталау – бұл импорттың көлемін басты, жеке, мерзімдік, тарифтік және т.б.пайыздық шектеулердің көмегімен лимиттеу.

Квота өзінің іс-әрекетінің бағыты бойынша келесідей түрлерге бөлінеді:

Экспорттық – белгілі бір тауардың экспортындағы әр елдің үлесі тағайындалатын халықаралық тұрақты келісім-шарттарымен сәйкес енгізіледі немесе ішкі рыноктарымен тапшы тауарларды шығармау үшін ел әкімшілігімен енгізіледі.

Импорттық жергілікті өндірушілерді қорғау үшін, сауда балансын тұрақтандыру үшін, ішкі рынокта сұраныс пен ұсыныстың реттеу үшін және басқа мемлекеттердің дискриминациялық сауда саясатына жауап ретінде ұлттық әкімшілік енгізеді.

«Нөлге» тең квота қойылған жағдайда, импортқа немесе экспортқа тыйым салыну, басқаша айтқанда *эмбарго* орын алады. Квота импорт пен экспорт мүмкіндіктерінен жоғары деңгейде де қойылуы мүмкін. Бұл жағдайда квота шектеу емес, тауардың қозғалысын бақылау әдісі болып табылады.

Импортқа квота енгізудің елдің әл-ауқатына тигізетін әсері мен салдары импорттық баж салығын енгізумен ұқсас болады.

Экспорттық квоталар өте сирек қолданылады. Ол тек осы өнім бойынша елде жетіспеушілік кезінде және саяси мақсаттарда (дискриминациялық сипатта) қолданылады. Импорттық квоталар ұлттық өндірісті шетел бәсекелестерінен қорғау, жұмыссыздықты қысқарту, төлем балансын жақсарту, тауар қозғалысын бақылау үшін қолданылады.

Квотаның бір түрі *тарифтік квоталар* деп аталады. Қойылған квоталар көлемінде тауарлар импорты баж салығынсыз жүзеге

асырылып, осы көлемнен асқан импортқа жоғары салықтар салынады.

Квоталар көбінесе лицензия негізінде бөлініп, осы жағдайда ол экспорт пен импортқа рұқсат болып табылады.

Лицензиялау халықаралық саудада өзінің үлкен ерекшелігімен көзге түседі және оның жауапты мемлекеттік ұйымдардың рұқсатымен нақты бір өнімнің көлемін алып келуге құқығы бар. Лицензияда алып кету мен шығару тәртіптері көрсетіледі. Лицензия халықаралық тәжірибеде белгілі бір өнім ағымын қатал бақылайтын уақытша қолданылатын шара ретінде көрінеді, бұл уақытша қажет емес өнімді импорттауға шектеу салу.

Қазіргі кезде қолданылатын лицензия түрлері: негізгі және жеке болып бөлінеді.

Негізгі лицензия – фирманың белгілі бір өнімді импортқа шығаруы үшін тұрақты қызмет етуге берілген рұқсат қағазы. Бұл шығарылатын өнімдердің көлемі, бағасы шектеусіз болады. Кейде лицензияда алып келінетін өнімнің түріне рұқсат етілмейді деп көрсетіледі. Негізгі лицензия тізімі тұрақты, арнайы баспаларда басылады.

Жеке лицензия – нақты бір өнімнің түріне бір рет сауда операциясын жүргізуге беріледі (кейде бір өнім тобына жататын екі-үш өнімнің түріне беріледі). Бұл жерде алушының аты-жөні, өнімнің шыққан елі, бағасы және мөлшері көрсетіледі. Бұл қағаз жеке адамда болады, басқа импортерге беруге болмайды және бір уақыт мөлшері көрсетіледі (1 жылға).

Лицензиялау квоталау процесінің құрамдас бөлігі бола алады. Бірінші жағдайда лицензия квота шегінде тауарды кіргізуге немесе шығаруға құқық беретін құжат, ал екіншісінде – ол белгілі бір нысанға ие.

Бір реттік лицензия – бір сыртқы экономикалық келісім-шарт жүргізуге арнайы фирма әкімшілігімен берілетін 1 жылға дейін тауар шығаруға, кіргізуге рұқсат беретін құжат.

Басты лицензия – келісім-шарт саны шектеусіз 1 жыл бойы тауарды кіргізуге, шығаруға рұқсат береді.

Ауқымды лицензия – санын немесе бағасын шектеусіз белгілі бір уақыт аралығында әлемнің кез келген еліне тауарды кіргізуге, шығаруға рұқсат береді.

Автоматты лицензия – импортер мен экспортердің ұсынысын алғаннан кейін бірден берілетін рұқсат.

Лицензиялау әлемнің көптеген елдерімен қолданылады, яғни көбіне импортты реттеу мақсатында дамушы елдермен қолданылады. Дамыған елдер тағайындалған квота шегінде тауарды енгізуге импортердің құқығын көрсететін құжат ретінде пайдаланылады.

Квоталаудың тағы бір құрамдас бөлігі – *экспортты ерікті шектеу* келісімі. Көбінесе ол дағдарыстағы салалар өніміне байланысты

қолданылады. Экспортты ерікті шектеу мәні бойынша импортерлермен емес, экспортерлермен белгіленетін квотаны білдіреді. Бұл шараның салдары тариф пен импорттық квотаны пайдаланудан гөрі неғұрлым кері. Кері әсері кедендік баж бен импорттық квотадан алынатын фискалдық табыстан айырылу болып табылады. Мемлекет бұл ақшаларды шетелдік экспортерлерге босқа береді.

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін протекционизм негізінен кедендік тарифтерге сүйенсе, одан кейінгі жылдары экспорт пен импортты тарифтік емес формада реттудің (50-ге жуық түрі бар) маңызы арты. Тарифтік емес реттеудің негізгі түрлері мыналар: *импорттық квота* – шеттен келетін тауарлардың санына шектеулер қою. Бұл жағдайда мемлекет тауарды импорттауға шектелген көлемде лицензия береді. Ал лицензиясы жоқ тауарларды кіргізуге тиым салынады.

Басқадай бейтарифтік (тарифтік емес) шектеулер түрлері ретінде, мемлекет валютаны пайдалану әдісін (мемлекетке валютаны сатуға мәжбүр ету және т.с.с.) анықтауға валютамен төлеуге рұқсат алуға міндеттеуі сияқты, *валюталық шектеулер орнатуды* атауға болады. Оның салдары мөлшерін шектеу кезіндегідей болады. Одан "айналып өтудің" әдісі *клиринғтік келісімдер, қарама-қарсы сауда* болып табылады.

Сыртқы сауданы шектеуде басқа да тарифтік емес шектеулер қолданылуы мүмкін. Мысалға: *сыртқы саудадағы мемлекеттік монополия, жергілікті шикізатты пайдалану талаптары, экспорттаушыларға салық жеңілдіктерін беру* және т.б.

Субсидия саясаты – экспортталатын тауарлар шығынының бір бөлігі мемлекет арқылы жабылады. Тікелей субсидия – бұл тауарын шетелдерде арзан бағамен сату үшін экспорттаушыларға мемлекет тарапынан бөлінетін ақшалай көмек. Ал жанама субсидия – бұл тауарды сатудан түскен валютаны ұлттық валютаға жоғары курспен айырбастау, төленген баж салығын қайтару сияқты шаралар. Тауарды өз еліндегі бағадан төмен бағамен сату *демпинг* деп аталады.

Экспорттық субсидия дегенде мемлекеттің кәсіпорындардың экспортын ынталандыру мен олардың өнімдерінің шетел нарықтарында бәсекелестігін жоғарылатуға, басқаша айтқанда пайда мөлшеріне әсер етпестен экспорт бағаларын төмендетуге мүмкіндік беру жолдарын айтамыз. Ондай көмек көбінесе ақшалай формада болады.

Валюта қатынастары арқылы дүниежүзілік шаруашылық жүйесіндегі елдің тұрақтылығы анықталады. Ұлттық валюта курсының өзгеруі елдің экономикалық жағдайына түпкілікті әсер етеді. Мысалы, ұлттық валюта курсының өсуі тұтынушылар үшін тиімді болса, тауарын экспорттаушылар үшін ол тиімсіз.

Валюта курсына әсер ететін мемлекеттің әрекетін тікелей және

жанама деп екіге бөлуге болады. *Валюта курсын тікелей реттеу* – бұл дисконттық саясат жүргізу, валюталық интервенция және валюталық шектеу. Дисконттық саясат – бұл мемлекеттің валюта курсын реттеу мақсатында оның қалыптасуына әсер ететін нарық күштерін реттеуге бағытталған әрекеті. Мысалы сауда балансы тапшы болған жағдайда (елдегі тауар импортының тауар экспортынан артық болуы) валюта қорын сату арқылы ақша массасын қысқарту.

Валюталық интервенция – бұл Орталық Банктің шетел валюталарын сату және сатып алуы арқылы ұлттық валюта курсына әсер етуге бағытталған әрекеті.

Валюталық шектеу – ұлттық және шетел валютасымен жүретін операцияларды реттеуге бағытталған, экономикалық, құқтық, ұйымдастырушылық шаралар жүйесі (валютаны еркін сатуға тыйым салу, шетелге валюта аударуды реттеу…)

Валюта курсын жанама реттеуге ақша эмиссиясы, есептеу нарқын реттеу саясаты және т.б. ақша-несие және қаржы саясатының шаралары жатады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Мемлекеттік сыртқы экономикалық іс-әрекеті: мәні және негізгі бағыттары.

Сыртқы сауда саясатының мақсаттары.

Еркін сауда мен протекционизм саясаттарын салыстырмалы талдау.

Сыртқы сауда мен валюта бағамын либерализациялау.

БСҰ-ға кіру жағдайындағы экспорт-импортты реттеу.

Сыртқы экономикалық реттеу құралдары.

Тарифтік және тарифтік емес реттеу.

Сыртқы экономикалық іс-әрекеттің заңдық-құқықтық аспектілері.

Ғаламдану жағдайындағы Қазақстанның сыртқы экономикалық іс-әрекеттерінің басымдықтары мен болашағы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байдельдинов Д.Л. Теоретические проблемы правового регулирования охраны и использования природных ресурсов. Алматы: Аркаим, 2008. – 215 б.
2. Бибатырова И.А. Государственное регулирование национальной экономики: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
3. Бинштok Ф.И. Государственное регулирование предпринимательской деятельности. Учебник. – М.: Финансы, 2003.
4. Брагинская Л.С. Государственный долг: анализ системы управления и оценка ее эффективности. – Москва: 2007.
5. Ведута Е.Н. Стратегия и экономическая политика государства: Учебное пособие для вузов. – М.: Академический Проект, 2003.
6. Востриков А.С. Теория автоматического регулирования. Учебник. – Москва: Экономика, 2006.
7. Герчикова И.Н. Международные экономические организации: регулирование мирохозяйственных связей. – М.: 2000.
8. Государственное регулирование экономики: Учебник / Под ред. проф. В.И.Кушлина, проф. Н.А.Волгина. – М.: Экономика, 2000.
9. Государственное регулирование экономики / Под ред. проф. Т.Г.Морозовой. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001.
10. Государство и рынок. Учебное пособие / Под ред. Елемесова Р.Е., Жатканбаева Е.Б. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
11. Губин Е.П. Государственное регулирование рыночной экономики и предпринимательства. – М.: Финансы, 2005 .
12. Грачева Е.Ю. Проблемы правового регулирования государственного финансового контроля. – М.: Юристь, 2000.
13. Джобаева Н.А. Государственное регулирование малого предпринимательства. – СПб.: Экономика, 2004.
14. Ескараев О.К. Государственное регулирование рынка в Республике Казахстан. – Алматы: Білім, 2007.
15. Жатканбаев Е.Б. Таможенно-тарифное регулирование в Республике Казахстан. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
16. Исингарин Н.К. Казахстан и Содружество: проблемы экономической интеграции. Учебное пособие. – Алматы: ОФ «БИС», 2000. I
17. Ихданов Ж.О., Сансызбаева Г.Н., Саханова А.Н. Планово-финансовые механизмы государственного регулирования экономики. – Алматы: Экономика, 1998.
18. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. – Алматы: Экономика, 2002.

19. Канатчинова А.К. Промышленная политика государства в переходный период. – Алматы: Ғылым, 1999.

20. Каренов Р.С. Государственное регулирование экономики. Алматы: Ғылым, 1999.

21. Кенжеболатова М.Ш. Макроэкономика. Оқу құралы. – Астана, КазМАТУ, 2005. – 155б.

22. Киреев А.П. Международная экономика: В 2-х ч. Международная макроэкономика: открытая экономика и макроэкономическое программирование: Учебное пособие для вузов. – М.: Международные отношения, 2000.

23. Кошанов А.К. Формирование государственного предпринимательства в Республике Казахстан. – Алматы: Экономика, 2000.

24. Кучуков Р.А. Теория и практика государственного регулирования экономических и социальных проблем. – Москва: Юрист, 2004.

25. Кушумбаев, М.К. Государственное регулирование экономики.– Караганда: Қаржы, 2003.

26. Кыдыралина Ж.У. Межэтнические и межконфессиональные отношения в Республике Казахстан. – Астана: «Полиграф», 2004.

27. Құбаев К.Е. Аграрлық сектор экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.

28. Макконнелл К.Р., Брю С.Л.Экономикс: принципы, проблема и политика / пер. 16-го англ.изд. – М.: ИНФРА-М, 2006. – XXXVI.

29. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана. – Алматы: Экономика, 1998.

30. Нурсеитова Р. Механизм регулирования инвестиционного процесса: финансово-банковский аспект. – Алматы: Экономика, 2001.

31. Самофалова Е.В. Государственное регулирование национальной экономики. – М.: Финансы, 2005.

32. Сейдахметов А.С., Елшібекова Қ.Ж., Ізмаханова А.Қ. Кәсіпкерлік: Оқулық. ҚР ЖОО қауымдастығы. – Алматы: «Экономика». 2011.

33. Сулейманова Г.В. Трудоустройство и занятость. Правовое регулирование. – М.: Юрист, 1999.

34. Соколов Ю.А. Организация денежно-кредитного регулирования.– М.: Финансы, 2008.

35. Төреғожина М.Б. Экономиканы мемлекеттік реттеу – Алматы: Экономика. 2008.

36. Ходов Л.Г. Государственное регулирование национальной экономики: Учебник. – М.: Экономистъ, 2005.

37. Экономическая теория / Под ред. А.И.Добрынина, Л.С.Тарасеевича, 3-е изд. – СПб.: Изд. СПбГУЭФ; Питер, 2008.

ТЕСТТІК ТАПСЫРМАЛАР

1. **Инфляцияның дұрыс анықтамасын таңданыз:**
A) бұл тауарлы бағаның өсуімен жүрілетін ақшаның бағасыздандырылуы,
B) бұл тауар-ақша айналым каналдарының құнсыз ақшамен артық мөлшерде толуы,
C) бұл бағаның төмендеуімен жүрілетін валютаның нығайуы,
D) мемлекет өз міндеттерін орындаудан бас тартқанда,
E) A, B

2. **Егер экономикалық мәселелер жартылай экономикалық механизмдері арқылы, жартылай мемлекеттің қатысуы негізінде шешілсе, онда экономика:**
A) дәстүрлі
B) командалық
C) аралас
D) нарықтық
E) өтпелі

3. **Кім нарықтық экономиканың негізін салушысы болып табылады:**
A) К. Маркс
B) Аристотель
C) Адам Смит
D) Томас Ман
E) Роберт Оуэн

4. Сценарлы әдіс:
A) тәуелділіктер немесе динамиканың траекторияларын болашаққа ұзартылуда негізделетін, ретроперспективада көрінілетін болжам
B) жеткілікті толық статистикалық базасы негізінде нормативтік болжамдарды дәлелдеу үшін келетін, ықтимал варианттардан ең тиімдісін таңдау үшін болжам
C) экономикалық динамиканы индукция мен дидукция әдістерді қолдану және логикалық ой тұжырымдары негізінде талдау мен болжау үшін қолданылады
D) болжау мен жоспарлауда қолданылатын экономикалық-математикалық модельдерді өңдеуде негізделеді
E) анықтайтын факторлардың әр түрлі үйлесуіне байланысты оқиғаны ықтимал дамытудың бірнеше альтернативті сценарилерін құрастыруда негізделетін болжам

5. Үкімет салықтарды не үшін түсіруі мүмкін:
A) инфляция қарқынын баяулату үшін
B) пайыздық мөлшерлемесінің тез өсуін баяулату үшін
C) ғимараттар мен жабдықтарға кәсіпкерлердің шығындарын қысқарту үшін

D) тұтыну шығындарын ұлғайту мен экономиканы ынталандыру үшін
E) бюджетке салық түсімдерін жоғарлатуы

6. Дж.М. Кейнс нені жақтаушысы еді:
A) жыл сайын балансталған бюджеттің
B) шектелмеген бюджеттік тапшылықтың
C) фискалдық саясатқа үкіметтің аз мөлшерде қатысуының
D) шын ЖҰӨ потенциалды ЖҰӨ-нен кем болған барлық жағдайларда бюджет тапшылығын қолдану
E) ұлттың байлығы елдің төлем балансы мен саудасына тәуелді

7. Қандай жағдайда Орталық банк міндетті қорларды үлкейтеді:
A) банктік мультипликатор өскенде
B) банктік мультипликатор азайғанда
C) банктік мультипликатор өзгермегенде
D) бұл адаптациялық несие-ақша саясатын өткізуді білдіреді
E) қарыз пайызының төмендеуі

8. Толық жұмысбастылық немен байланысты:
A) жұмыссыздардың болмауымен
B) гиперинфляциямен
C) жұмыссыздықтың табиғи норма ұғымымен
D) циклдік жұмыссыздықпен
E) фрикциялық жұмыссыздықпен

9. Толық жұмыс бастылықта, бірақ жоғары инфляция жағдайында қандай саясат оның қарқынын төмендеуіне тезірек әкеледі:
A) мемлекеттік шығындарды арттыру
B) мемлекеттік шығындарды қысқарту
C) салықтарды төмендету
D) салықтарды арттыру
E) экспортты жоғарлату

10. Өткен кезеңдегі даму үрдісін анықтайтын болжау әдісі қалай аталады:
A) индукция
B) абстракция
C) экстраполяция
D) эксперимент
E) дедукция

11. Пайыздық мөлшерлеменің өсуі неге әкеледі:
A) қарыз қаражаттарына сұраныстың өсуіне
B) қарыз қаражаттар ұсынысының өсуіне

C) қарыз қаражаттардың ұсыныс көлемінің өсуіне
D) қарыз қаражаттар ұсынысының қысқаруына
E) қарыз қаражаттарына сұраныстың қысқаруына

12. Ұлы депрессияға дейін экономикалық ғылымында қандай негізгі макроэкономикалық модель болды:
A) кейнстік модель
B) маркстік модель
C) циклдік модель
D) классикалық модель
E) A, B

13 Кейнстік моделінде, егер жинақтар инвестициялардан асса, онда:
A) тауарлы қорлар мен ұлттық табыс өседі
B) тауарлы қорлар төмендейді және ұлттық табыс өседі
C) ұлттық табыс пен жұмыссыздық нормасы төмендейді
D) ұлттық табыс төмендейді, тауарлы қорлар өседі
E) тауарлы қорлар мен ұлттық табыс төмендейді

14. Монетаристтердің есептеуі бойынша қысқамерзімді кезеңде жиынтық өндірістің деңгейі:
A) тек қана фискалды саясатпен анықталады
B) икемді болады
C) ақша массаның елеулі әсеріне душар болады
D) өзгермейді
E) ақша массаның елеулі әсеріне душар болмайды

15. Классикалық модельдің жақтаушылары нені қолдауға шығуы әбден ықтимал:
A) экономикада мемлекеттік сектордың өсуін
B) ең аз төлем ақы туралы заңның еңгізілуін
C) жиынтық сұранысты ынталандыру үшін мемлекеттік шығындардың өсуін
D) экономикаға мемлекеттің араласпауы саясатын
E) A, B

16. Фискалды саясат макроэкономикалық тұрақтандырудың ең тиімді құралы ретінде қарастырылады:
A) классикалық моделде
B) кейнстік моделде
C) монетаризмнің жақтаушыларымен
D) рационалды күту теориясында
E) маркс моделінде

17. Қай жағдайда макроэкономикалық тепе-теңдік жүзеге асады:
A) қорлар толық бос болмағанда

B) онан арғы өзгертулер болмағанда
C) жиынтық өндірістің даму мүмкіндігі таусылғанда
D) екі макроэкономикалық айнымалылары теңдестірілгенде
E) A, B

18. Мазмұны мен белсенділік нысанына қарай қандай жоспарлау болады:

A) директивті
B) индикативті
C) стратегиялық
D) директивті, индикативті және стратегиялық
E) A, B

19. Автоматты тұрақтандырғыштың мысалы ретінде не бола алады:

A) салық мөлшерлемесін саналы түрде өзгерту
B) жұмыссыздыққа берілетін жәрдем ақы
C) көмір өнеркісібінің дотацияларын жою
D) Солтүстік аудандардың экономикалық даму бағдарламаларын қабылдау
E) C,D

20. Жекешелендіру деп не түсініледі:

A) азаматтардың немесе олардың бірлестіктерінің шаруашылық мемлекеттік объектілерді жеке меншікке алу процессі
B) еңбек ұжымының шаруашылық іс жүргізуіне кәсіпорынның берілуі
C) кәсіпорынның шаруашылық дербестігін ұлғайту процессі
D) B және C жауаптары дұрыс
E) меншікті иеліктен шығару процессі

21. Баға дискриминациясы – бұл:

A) бір өнімнің әртүрлі тұтынушыларына әртүрлі бағамен сатылуы
B) жынысы мен ұлтына қарай жалақының айырмашылығы
C) тұтыну тауарларға жоғары бағаны орнату арқылы еңбеккерлердің пайдаланылуы
D) сапасы жоғары тауарларға бағаның жоғарлатылуы
E) сапасы жоғары тауарларға бағаның төмендетілуі

22. Номиналды жалақы деңгейінің өзгерісін нешің өзгерісімен салыстырғанда нақты жалақының деңгейіндегі өзгерістерін анықтауға болады:

A) тауар мен қызмет көрсетудің баға деңгейінің
B) пайды нормасының
C) салық салу мөлшерлемесінің
D) жұмыс уақыт ұзақтағының
E) еңбек өнімділігінің

23. Дж. М. Кейнс есептеуі бойынша:
A) үкімет жұмыссыздықты төмендетуі үшін мемлекеттік сатып алу және салықтарды пайдалануы керек
B) нарықтық жүйеде жұмыс бастылықтың жоғары деңгейін қысқа мерзімде өздігінен қамтамасыз ете алатын механизмдер бар
C) экономика орталықтандырылған жоспарлау негізінде дамуы керек
D) жеке меншікті жою керек
E) C,D

24. Салық салу мен шығындар аясындағы үкімет саясаты қалай аталады:
A) ақшаның сандық теориясына негізделген саясат
B) монетарлық саясат
C) іскерлік цикл
D) фискалдық саясат
E) табыстарды бөлу саясаты

25. Міндетті қорлардың нормасы:
A) ақша массасын шектеу құралы ретінде еңгізіледі
B) салымдарды алып тастаудан сақтандыратын құрал ретінде еңгізіледі
C) халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін керекті ақша массасының ортақ мөлшерін құрайды
D) қазір қолданылмайды
E) халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін керекті ақша массасы

26. Жалпы ақша массасы өседі, егер екінші деңгейдегі банктер:
A) орталық банкте өз салымдарын көбейтсе
B) халық беретін қарыздардың көлемін ұлғайтса
C) салымдар бойынша халықтан салт және салт емес ақшаларды алу жолымен ағымдағы есепшоттардағы өз міндеттерін арттырса
D) орталық салымдардан өз салымдардың бір бөлігін алып тастаса
E) салымдар бойынша халыққа салт және салт емес ақшаларды беру арқылы ағымдағы есепшоттардағы өз міндеттерін азайтса

27. Табыстарды қайта бөлу, сыртқы экономикалық қызмет, қоғамдық игіліктерді ұсыну, сыртқы шығындарды компенсациялау кімнің функцияларына қатысты:
A) мемлекеттің «нарықтық кемшіліктерін» жою бойынша
B) мемлекеттің нарыққа қызмет ету жағдайларын құру бойынша
C) нарықтың
D) мемлекеттің жекелеген
E) C, B

28. Мемлекеттік реттеу теориясының негізін салушысы:

A) Дж. Кейнс
B) А. Смит
C) А. Маршалл
D) К. Маркс
E) Ф. Кенэ

29. Бюджетте мемлекеттің барлық шығыстар мен табыстарын шоғырлануын және бірыңғай бюджеттік жүйесін топшылайтын бюджетті құру принципі – бұл:

A) бүтіндік принципі
B) нақтылық принципі
C) толықтық принципі
D) жариялық принципі
E) C, D

30. Кәсіптік оқытудың көлемінің ұлғаюы мен біліктіліктің жетілдірілуі және арнаулы бағдарламалардың құрастырылуы қайсысына жағдай жасайды:

A) еңбек күшінің ұсынысының ұлғаюына
B) еңбек күшінің ұсынысының төмендеуіне
C) еңбек күшіне сұраныстың төмендеуіне
D) еңбек күшіне сұраныстың ұлғаюына
E) B, C

31. ЭМР-дің тұжырымдамасы – бұл:

A) макроэкономикалық, құрылымдық-инвестициялық және сыртқы экономикалық саясатты мемлекет жүзеге асыруы
B) қоршаған ортаны қорғау мен әлеуметтік тәртіптегі мәселелерді сатылы шешу
C) жалпы мемлекеттік мақсаттарға жетуді бағыттайтын әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын құрастыру
D) технологиялық мақсаттарды тартуды бағыттайтын сыртқы экономикалық саясатты мемлекет жүзеге асыруы
E) B, D

32. ЭМР әдістерінің қайсысы тура реттеу әдісі болып табылады:

A) ақшалы реттеу
B) несиелік реттеу
C) салықтық реттеу
D) мемлекеттік субсидиялар мен дотацияларды пайдалану
E) B, D

33. Осы экономикалық процесстердің қайсысы ЭМР-дің объективті шарты болып табылмайды:

A) таза қоғамдық тауарлар
B) трансферттік төлемдер
C) өнімді өндірудің өзкүндылығы
D) нарықтың сыртқы әсері
E) трансакциялық шығындар

34. Төмендегі әдістердің қайсысы болжаудың математикалық әдістеріне жатады:
A) «ақылмен алу» әдісі
B) экстраполяция
C) баланстық
D) компоненттік әдіс
E) C, D

35. Төмендегілердің қайсысы қоғамдық игілікке жатады:
A) театрлар
B) автотұрақ
C) зейнетақыны төлеу
D) стадиондар
E) құқықтық тәртіпті қорғау

36. Төмендегі әдістердің қайсысы ЭМР-дің экономикалық әдісі болып табылады:
A) әлеуметтік саясатты жүзеге асыру
B) экономикалық есеп айырысуды өткізу үшін стандарттарды өндеу
C) аймақтарда экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету
D) фискалды саясатты жүзеге асыру
E) заң шығарушы актілерді жетілдіру және олардың орындалуын бақылау

37. Қазақстанда жекешелендірудің негізгі мақсаты – бұл:
A) жеке меншік иесі – кәсіпкерлер жігін қалыптастыру
B) орталықты жоспарлаудың жүйесін күшейту
C) бәсекелі ортаны құру мен экономиканы монополиясыздандыру
D) экономиканы басқарудың салалық принципіне ауысу
E) A, D

38. Неоклассикалық экономикалық теориясы:
A) жиынтық сұраныс теориясына негізделенеді
B) қоғамдық өндірісті жоспарлау керектігін топшылайды
C) мемлекеттің экономикаға араласу қажеттілігін мойындамайды
D) мемлекеттік реттеудің объектісі ретінде айналымдағы ақша санын қарастырады
E) B, C

39. Өндірістен босатылуымен оқу мезгілін ұзарту, осы нысанында оқитындардың санның өсіру және зейнетке мезгілінен бұрын шығуды қолдау төмендегілердің қайсысына жағдай жасайды:
A) еңбек күшінің ұсынысының төмендеуіне
B) еңбек күшіне сұраныстың төмендеуіне
C) еңбек күшінің ұсынысының ұлғаюына
D) еңбек күшіне сұраныстың ұлғаюына
E) C, D

40. Ақпараттық базаның мүлтіксіздігінен, шамадан тыс әлеуметтік төлемдерден және салық салу жүйенің мүлтіксіздігінен пайда болатын қандай жұмыссыздық:

A) фрикциялық
B) институтционалды
C) циклдік
D) құрылымдық
E) тасаланған

41. Жұмыссыздықтың әлеуметтік-экономикалық шығындарына жататындары:

A) өмір сапасының көтерілуі
B) инфляция, қылмыс деңгейінің төмендеуі
C) салық кірістердің арттуы
D) ЖІӨ көлемінің қысқаруы
E) тауарлар мен қызмет көрсетулерге сұраныстың ұлғаюы

42. Экономиканың масштабты-құрлымдық өзгеруі пайда болғанда, ҒТП-тің ықпалында жүзеге асатын қандай жұмыссыздық:

A) циклдік
B) құрылымдық
C) фрикциялық
D) институтционалды
E) тасаланған

43. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру көлемі ауылшаруашылықтың материалдық-техникалық жабдықталуымен, өнімді қайта өңдеу көлемі қайта өңдейтін кәсіпорындардың қуаттылығымен байланысына негізделген АӨК дамудың болжамдық көрсеткіштерін дәлелдейтін қандай әдіс:

A) баланстік
B) нормативті
C) бағдарламалы-мақсатты
D) салыстырмалы
E) B, C

44. Нарықтық шаруашылықта:

A) баға құру процессі мемлекетпен реттеледі
B) мемлекет шаруашылық қызметтің мазмұнын анықтайды
C) табыстардың бірқалыпты бөлісуі болып жатады
D) әр азаматқа барынша толық әл-ауқаты кепілделінеді
E) қоғамның шектелген ресурстардың ең тиімді бөлісуі болып жатады

45. Жан басына шаққандағы азық-түлік емес тауарлар мен тағамды азық-түліктерді тұтынудың рационалды нормаларын қолдануға негізделген АӨК дамудың болжамдық көрсеткіштерін дәлелдейтін әдіс:

A) аналитикалық
B) бағдарламалы-мақсатты
C) баланстік
D) нормативтік
E) C, D

46. Орташа жалақыға немесе жан басына шаққандағы орта табысқа ұзақ-түлік қоржын құнының қатынасы – бұл:

A) Доу-Джонстың коэффициенті
B) жеткіліктілік коэффициенті
C) кедейшілік сызығы
D) Джинидің коэффициенті
E) қолжетерлік коэффициенті

47. Үкімет бюджеттің табыс және шығыс бөліктері арасындағы ара қатынасын мақсатты өзгертуі қалай аталады:

A) «кірістірілген тұрақтандырғыш» әрекеті
B) дискрециялық бюджетті-салықтық саясаты
C) циклдік тапшылық
D) тасаланған тапшылық
E) фискалдық саясат

48. Осы реттегіштердің қайсысы әлеуметтік-экономикалық дамудың реттегіші болып табылады:

A) ауылшаруашылық құрылымдардың шығымдылығы
B) өнеркәсіптік өнімді өндірудің көлемі
C) мемлекеттік капиталды салымдардың көлемі
D) жұмыссыздардың саны
E) ЖІӨ даму қарқыны

49. Көрсеткіштердің қайсысы әлеуметтік-экономикалық дамудың индикаторы болып табылады:

A) ЖІӨ-ге мемлекеттік бюджет табысының пайыздық қатынасы
B) минималды есептік көрсеткіш
C) астықты мемлекеттік сатып алудың көлемі
D) шикізат шығынның нормасы
E) табыс салығының мөлшерлемесі

50. Ресурстардың толық қолданылмағандығын жатқан нүкте көрсетеді:

A) өндірістік мүмкіндіктер қисығында жатқан
B) өндірістік мүмкіндіктер қисығынан шектен тыс жатқан
C) өндірістік мүмкіндіктер қисығының ішінде жатқан
D) бірінші координаттық бұрыштың биссектрисасында жатқан
E) координаттық осьтерден тең қашықтықта жатқан

51. Король және ел байлығы мақсатында мемлекет елдің экономикалық өмірінде активті роль атқаруы қажет деп есептеген экономикалық мектеп:

A) неоклассикалық теориясы
B) классикалық мектеп
C) кейнстік бағыт
D) меркантилистер
E) марксизм

52. Ақша басудан түскен мемлекет табысы – бұл:

A) сеньораж
B) Танзи эффекті
C) эмиссия
D) ақша массасы
E) дефляция

53. Несие-ақша реттеудің жанама әдістеріне не жатады:

A) мақсатты несиелеу
B) эмиссия
C) салықпен түрлендіру
D) несиелік салымдардың өсуін шектеу
E) есептік саясат

54. Мемлекеттік бюджет тапшылығын қаржыландыру әдісіне не жатады:

A) ішкі және сыртқы қаржыландыру, ақша эмиссиясы, салықты түрлендіру
B) қарыздық қаржыландыру, монетизация, салықтық түсімдерді өсіру
C) есептік мөлшерлемені өзгерту, монетизация, ақша несиесі
D) ішкі және сыртқы қаржыландыру, ақша эмиссиясы, монетизация
E) ақша эмиссиясы

55. Қосымша материалдық ынталандыруды құру немесе қаржылық залал қаупімен баланысты емес мемлекеттік реттеудің құралдары:

A) бюджеттік
B) ақша-несиелік
C) әлеуметтік
D) әкімшілік
E) салықтық

56. Бұл мектептің теориясына байланысты экономиканы кризистен шығаратын еркіне нарықтың механизмінің жоқтығына байланысты мемлекет экономикаға активті араласуы қажет:

A) институтционалды келісім
B) меркантелистер
C) классикалық келісім
D) неокейнстер
E) кейнс концепциясы

57. Бюджетті-салықтық реттеуді қолдану арқылы активті тұрақтандыру саясаты қолдайтын және жиынтық шығыны мен ақша ұсынысындағы өзгерістер циклдік ауытқу және инфляцияға әкеп соғады деп санайтын экономикалық теорияның жақтаушылары:

A) меркантелистер
B) неокейнстер
C) кейнс концепциясы
D) классикалық келісім
E) неоклассикалық бағыт

58. Мемлекет ішіндегі үкімет операцияларымен жеке және оның шетелдік серіктестіктерімен қатынасымен есептелген тапшылық:

A) ішкі және сыртқы
B) алғашқы
C) операциялық
D) циклдік
E) жасырын

59. Шығын және салық салым саласында үкімет саясаты – бұл:

A) істік цикл
B) монетарлық саясат
C) фискалды саясат
D) ақшаның мөлшерлік теориясына негізделген саясат
E) әлеуметтік саясат

60. Экономиканы мемлекеттік реттеу немен қажет етілген:

A) тауарларға баға орнату
B) жеке тауарларды ұсынуды қажет ету
C) отандық тауар өндірушілердің тауарын толық өткізуді қамтамасыз ету
D) әлеуметтік-экономикалық дамудағы қарама-қайшылықтар
E) жеке бизнесті қолдау үшін несиелік ресурстарда мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыру

61. Мемлекеттік шығындарды қаржыландырудың басты көзі:

A) сыртқы қарыздар
B) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметтен түсетін табысы
C) кәсіпкерлердің демеушілік қолдауы
D) банктік несиелер
E) салықтар

62. Салықтың әрбір түрінде салықтандырудың шекті сомасына негізделетін ақша-несие реттеуінің әдісі:

A) пайыздық мөлшерлеме деңгейін әкімшілік қадағалау
B) «салықтық төбелер»
C) мақсатты салықтандыру
D) ломбардты саясат
E)минималды резервтер талабының саясаты

63. Муниципалдық меншікті басқарудағы жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттігі көздейді:

A) мемлекеттік меншік объектілерін муниципалдыққа ауыстыруды заңмен реттеу
B) муниципалдық меншік объектілерін уақытша және бірыңғай қолдануға заңды және жеке тұлғаларға беру құқығы
C) муниципалдық меншікті жекешелендірудің шарты және ретін анықтау
D) муниципалдық меншік құрамына кіретін меншік иесінің меншікке байланысты құқығы
E) B, D

64. Мемлекеттік реттеудің әкімшілік әдісі қайда қолданылады:
A) дәстүрлі экономикаға көшу жағдайында
B) микроэкономикалық саласында
C) барлық жағдайларда
D) нарықтық экономикаға көшу жағдайында
E) тек макроэкономикалық саласында

65. Көшпелі экономикалық моделінің жүйесіне не енеді:
A) нарықтық социализм, әлеуметтік-нарықтық шаруашылық, барқыт төңкерісі, естен тандыру терапиясы моделдері
B) жоспарлы-басқарымдылық, оптимизациялық, есептеу-аналитикалық
C) экономикалық-математикалық, болжау-жоспарлы, нарықтық
D) әкімшілік-жоспарлау, антимонополиялық, ұйымдастырушылық-экономикалық
E) дұрыс моделдер тізімі жоқ

66. Дамыған нарық жағдайында мемлекеттік орындайтын экономикалық функциялар келесідей:
A) мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарын жетілдіру және бекіту, капиталдық салым көздерін орталықтандыру, бірыңғай ғылыми-техникалық саясат жүргізу, тауарлар бағасын бекіту
B) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ресурстарды тарату, ғылыми-техникалық жетілімдерді еңгізу, инвесторларды тарту
C) экономиканың қызмет етуінің құқықтық негізін құру мен реттеу, антимонополиялық реттеу, макроэкономикалық тұрақтандыруды қамтамасыз ету, табысты бөлу мен ресурстарды орналастыруға әсер ету
D) халықты әлеуметтік қорғау, заңды және жеке тұлғалардың табысының деңгейін ұлғайту, ұсыныс пен сұранысты теңдестіру, жоспарлардың көрсеткіштерін бекіту
E) инфляциямен күресу, баға құру, несиелік ресурстарды бөлу, бюджеттік қаржыландыру

67. Мемлекеттің жалпы жоспарлық қызметінің ең маңыздысын көрсету:
A) экономика дамуының артықшылықты бағытын анықтау
B) жоспарлық бағдарда қолданылатын мақсаттық бағдар
C) нарықтық қатынас және кәсіпкерліктің дамуына қажетті бірқалыпты макроорта құру
D) экономиканың балансты дамуына жету және қолдау
E) C, B

68. Халықаралық деңгейде экономиканың жағдайын салыстыру үшін қажетті көрсеткіш:
A) мемлекеттік бюджет тапшылығы
B) номиналды ЖҰӨ көлемі
C) ЖҰӨ өсімінің қарқыны
D) нақты ЖҰӨ көлемі
E) ЖҰӨ жан басына шаққанда

69. Әлеуметтік-шаруашылық дамуды мемлекеттік реттеудің соңғы мақсаты:
A) қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуын жоспарын құру
B) трансферттік төлемдер және еңбекақының көлемін көтеру
C) макроэкономикалық тұрақтандыру және халық шаруашылығының тиімді баланстылығын қолдау
D) халық шаруашылығының балансын және капиталдық салымдар көзін құру
E) C, D

70. Нарықтың кейнстік моделіне байланысты экономикалық өсім көзіне жатады:
A) мемлекеттік шығынды жоғарлату
B) инвестициялдар
C) кәсіпорын табысына салық
D) үй шаруашылығының жинағы
E) тауар өндірушілер табысы

71. Субвенция – қаржы рычагы ретінде, бұл:
A) мемлекетпен байланысы бар тауар сатыпалушыларына берілетін бағалық жеңілдіктер
B) өзара немесе мемлекетпен арнайы қатынасқа түсетін заңды және жеке тұлғалардан алынатын тұтыну салығының түрі
C) нарыққа сатыпалушылар барлық ақшаны беруге дайын жаңа тауар енгізуге қажетті баға саясаты
D) белгілі бір мақсатта берілген жергілікті билік органдарына немесе халық шаруашылығының жеке саласына мемлекеттік қаржылық жәрдемінің түрі
E) өндірістік, тауарлы, банктік монополиялардың банкротқа ұшырауын болдырмау үшін өткізілетін шаралар жүйесі

72. Экономиканы мемлекеттік реттеуде фьючерстік операциялардың маңызы зор, олар:
A) келісім кезінде бекітілген жағдай бойынша төлем жүргізілетін және келісім-шарт негізінде телекс бойынша немесе банкпен телефон арқылы жүргізілетін асығыс валюталық операциялар

B) қолма-қол төлем кезінде немесе контрактпен салыстырғанда ұзақмерзімдік төлем жасайтын және келісім құнының 3-5 пайызын құрайтын бағалық жеңілдіктер
C) құндылықтарды қайта сатудан түсім табу мақсатындағы биржалық құндылықтарды сатып алу-сату
D) төмендетілген бағадағы тауар экспорты, яғни ішкі нарық бағасынан төмен, өткізу нарығына күрес құралы болып табылады
E) белгілі бір уақыт өткеннен кейін іске асырылатын келісім уақытында бекітілген баға бойынша шикізат тауарларын, алтын, валюта, қаржылық және несие құралдарын сату-сатып алуды көрсететін биржадағы асығыс келісімдер

73. ЖҰӨ-де үлес салмағы бойынша ең үлкен құрылымдық бөлім, ол:
A) инвестициялар
B) тұтыну шығыны
C) мемлекеттік шығындар
D) таза экспорт
E) таза импорт

74. ҚР үкіметі:
A) заң жобаларын қарастырады
B) заң шығару билігін жүргізеді, заң шығару органдар жүйесін басқарады
C) мемлекеттік қарыздар бойынша сұрақтарды шешеді
D) мәжіліске заң жобаларын ұсынады және олардың іске асуын қадағалайды
E) мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді

75. ЖҰӨ (өндіріс сатысында), ол:
A) өндірістік салалардың жалпы өнімінің сомасы мен олардың аралық өнімдері арасындағы айырмасы
B) таза ұлттық өнім мен бизнеске жанама салықтар сомасының айырмасы
C) белгілі бір уақыт өткеннен кейін соңғы өнімді өндірудің әрбір сатысында тауар өндірушілермен қосылатын барлық құндылықтар сомасы
D) белгілі бір уақыт аралығында өндірілген соңғы және аралық әнімнің нарықтық құны
E) мемлекет ішінде белгілі бір уақыт аралығында өндірілген соңғы және аралық әнімнің нарықтық құны

76. ЖҰӨ (бөлу сатысында), бұл:
A) материалдық игіліктерді өндірушілермен алынған жиынтық табыс сомасы
B) ұсталынған тауар сату және қаржы келісімдерінің өндіруші – кәсіпорындарының табыс сомасы
C) барлық өндіруші кәсіпорындардың табысының сомасы

D) алынған табыс және барлық өндірушілердің еңбекақыға жұмсалған шығын сомасы
E) мемлекет ішінде белгілі бір уақыт аралығында өндірілген соңғы және аралық әнімнің нарықтық құны

77. Экономиканы мемлекеттік реттеуде жоспарлауға басты роль мына елдерде берілген:
A) Дания, Канада, Венгрия, Үндістан
B) АҚШ, Германия, Англия, Австрия
C) Швеция, Норвегия, Сингапур
D) Франция, Оңтүстік Корея, Түркия, Қытай, Жапония
E) Италия, БАЭ, Австралия, Чили, Мексика

78. Қытайда экономикалық реформа қашан және неден басталды:
A) 90 ж. басында және өндіріс құралдарына меншік реформасынан
B) 80 ж. ортасында және өндіріс құралдарына меншік реформасынан
C) 60 ж. ортасында және өнеркәсіпте еңбекті ынталандырудан
D) 70 ж. аяғында және ауыл шаруашылығында еңбекті ынталандырудан
E) 30 ж. басында және өндіріс құралдарына меншік реформасынан

79. ҚР Парламенті сатылы қарастыру жолымен бірінші мәжілісте, содан соң сенатта:
A) келесі жылға ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарын талқылайды
B) мемлекеттік бюджетті және оның іске асу есебін бекітеді, бюджетке өзгерістер мен толықтырулар еңгізеді
C) мемлекеттік салықтар мен жинақтарды бекітеді және болдырмайды
D) мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді
E) мемлекеттік бюджеттің іске асуын қадағалау үшін 5 жылға есеп комитетінің төрағасын тағайындайды

80. ҚР мемлекеттік бюджетін қай орган жасайды:
A) халықты әлеуметтік қорғау және қамтамасыз ету министрлігі
B) ҚР президенттік әкімшілігі
C) ҚР Парламенті
D) ҚР Министрлер кабинеті
E) ҚР Қаржы министрлігі

81. Қай орган мемлекеттік бюджетті бекітеді:
A) ҚР Парламенті
B) ҚР президенттік әкімшілігі
C) ҚР Қаржы министрлігі
D) ҚР Министрлер кабинеті
E) B, C

82. Қазіргі уақытта мемлекеттің индустриалды дамуының мемлекеттік реттеуінің негізін анықтайтын басты фактор:
A) жаңа технологиялар мен ғылыми технологиялық жетістіктерді қолдану арқылы өнеркәсіптің өндірістік базасын тездетіп жаңарту
B) басқа елдермен тиімді серіктестік үшін табиғи-шикізаттық потенциалды өсіру
C) машина жасауды және импортты алмастыратын өндірісті дамыту
D) өнеркәсіптің салалық құрылымын өңдеу саласына ауыстыру
E) шетел инвестицияларын тарту

83. Нарықтық экономикаға мемлекеттің араласуының басты мақсаты:
A) бәсекелестікті жою
B) нарықтық механизмді жоспарлаумен алмастыру
C) жұмыссыздықты жою және экономикалық өсімнің жоғары қарқынын қамтамасыз ету
D) өндірістің тиімділігін, әлеуметтік тұрақтылық пен әділеттікті камтамасыз ету
E) B, D

84. Өнеркәсіптік өнімнің өндіріс көлемін дәлелдеу үшін жасалады (натуралды көрсеткіштерде):
A) басты қор балансы
B) материалды баланс
C) өндіріс қуаттылықтар балансы
D) капиталды жинақтар балансы
E) жұмыс күші балансы

85. Несиелік ақшаға не жатады:
A) вексель
B) қазыналық билет
C) банкнота
D) чек
E) B, A

86. Айналымдағы ақша өсіміне не әсер етеді:
A) тауар бағасын төмендету
B) ақша айналымы жылдамдығын өсіру
C) шығарылатын тауар мөлшерін төмендету
D) ақшасыз есеп айырысуды өсіру
E)шығарылатын тауар бағасын көтеру

87. Әлеуметтік қорғау саласында жергілікті өзін-өзі басқару органдардың өкілеттілігі осында:
A) зейнетақы және жәрдемақы жөніндегі заңды іске асыру

B) зейнетақы және жәрдемақы мөлшерлерін бекіту
C) мемлекеттік бюджеттің ақысына әлеуметтік қызмет көрсетуді басқару органын құру
D) жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы төлеу
E) еңбек биржасын ұйымдастыру

88. Мемлекеттің аграрлы секторын дамытуды қамтамасыз ету мемлекеттің қай шарасына жатады:
A) өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын тиімді ұштастыруды қамтамасыз ету
B) кіші ауылдарды индустриализациялау бағдарламаларын іске асыру
C) ауыл шаруашылық жұмыстарын механизациялау деңгейін көтеру
D) жеке және ұжымдық меншікке негізделген шаруашылықтардың экономикалық өсімін ынталандыру механизмін анықтау және қолдану
E) дала және фирманың өкілділігін өсіру үшін ғылыми потенциалды қолдану

89. Егіс даласының шығымдылығын негіздеу үшін келесі факторлар есептеледі:
A) дән сапасы мен диқаншылық мәдениетін өсіру, топыраққа тыңайтқыш енгізу
B) топырақты өңдеу, өсімдіктерді бағу, шығымды уақытында жинау
C) жер иегерлерінің еңбегі мен өндірісін ғылыми ұйымдастыру, егіс даласын кеңейту
D) агротехникалық шаралар өткізу, өнім сапасын өсіру
E) жер иегерлерінің еңбегі мен өндірісін ғылыми ұйымдастыру

90. Ұлттық банктің құқығы бар:
A) кәсіпорындарға несие беру
B) кәсіпорындарға ағымды есепшот ашу
C) есептік мөлшерлемені өзгерту
D) халықтың салымдарын алу
E)жеке тұлғаларға несие беру

91. Тасылатын жүк көлемін анықтау үшін ұзақмерзімдік жоспарлауда қолданылады:
A) транспорттық баланс
B) халықтың транспорттық қимылының коэффициенті
C) өнімді өндіру және тұтынудың аудандық балансы
D) транспорттық сыйымдылық коэффициенті
E) локомотивтің өнімділігі

92. Иновациялық-инвестициялық саясатты құру және іске асыруда мемлекеттің басты ролі немен анықталады:
A) жаңа амортизациялық саясатты іске асыруды қадағалау және ғылыми дәлелдеу
B) жалпы мемлекеттік шығындарды жабу мақсатында өндірістің өсімін ынталандыру үшін бюджеттік қаражаттар мен субсидияларды бөлу
C) тиімді пайдалануды өсіру позициясынан капиталдық салымдардың ұдайы өндірістік және технологиялық құрылымдардың динамикасын қамтамасыз ету
D) макроэкономикалық проблемаларды шешу және кешенді-мақсаттық бағдарламаларды іске асыру
E) шетелден озық техника және технология тарту қажеттілігі

93. Муниципалдық бюджеттен тыс қорлардың басты көзі:
A) заңды және жеке тұлғалардың өз еркімен салған салымы
B) акцизалар
C) муниципалды құрылым территориясына жер салығы
D) заңды және жеке тұлғалардың меншігіне салығы
E) ресми трансферттер

94. Ақша бірлігінің тұрақтылығын маңызды жағдайы:
A) бағаны мемлекеттік реттеу
B) мемлекеттің эмиссиялық орталығының қызметін үкімет жағынан реттеу
C) ақша айналымын алтынмен қамтамасыз ету
D) ұлттық экономика шеңберінде базаның тұрақтылығы
E) ұлттық экономикалық тұрақты жағдайы

95. Ұлттық банк функциясына жатады:
A) кәсіпкерлерге қарыз беру
B) айналымдағы ақша массасын реттеу
C) үкіметтің шығындарын қаржыландыру
D) кәсіпорындардан салық жинау
E) B, D

96. Ұлттық банк қызметінің мақсаты болып тиабылады:
A) табыс табу
B) кәсіпорындарды несиелеу
C) вексельдердің алғашқы есебі
D) ұлттық валютаның тұрақтылығын және сатып алу қабілетін қолдау
E) C, D

97. Бәсекелестікті қолдау және монополиямен күресуді жүзеге асыратын мемлекеттік экономикалық шараларға не жатады:
A) ықтиярсыз демонополизация (ұсақталу)
B) ауыстырушы тауарлар құруды қолдау
C) монополиялық бағаны қолдауға бағытталған келісімдерге тиым салу
D) жаңа фирмаларды, орташа және шағын бизнесті қолдау
E) монополиялық бағаны қолдауға бағытталған келісімдерге қолдау көрсету

98. Несие функциясына жатады:
A) өндіріс тиімділігін ынталандыру
B) мемлекеттік шығынды қаржыландыру
C) ақшаны капиталға айналдыру
D) ұдайы өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету
E) B, C

99. Құлдырау кезеңінде трансферттік төлемдерді өсіру:
A) иеленетін табысты төмендетеді
B) инвестициялық белсенділікті тоқтатады
C) құлдырау тенденциясын күшейтеді
D) антикризистік әсер етеді
E) B, D

100. Кіріктірілген тұрақтандырғыш болып табылады:
A) прогрессивті салық салу жүйесі
B) аз дәулетті адамдарға мемлекеттік көмек
C) жұмыс бастылық бағдарламалары
D) жұмыссыздық бойынша жәрдемақы
E) B, D

101. Баланстанған бюджеттің мультипликатор концепциясына сай мемлекеттік шығындар мен салықтың тең қысқартылымдығы:
A) ұлттық өндірістің деңгейін жоғарылатады
B) ұлттық өндірістің деңгейін және табысты жоғарылатады
C) ұлттық өндірістің деңгейін және табысты өзгертпейді
D) бюджет тапшылығына әкеп соғады
E)өндірістің деңгейін және табысты төмендетеді

102. Инвестиция және табыс қозғалысының қатынасын көрсететін мультипликатордың негізі неде? Ол қалай анықталады:
A) инвестициялық көлемге табыстың өсімін көрсететін сандық коэффициент

B) бар табыстар мен жиналымдар өсімі жағдайындағы инвестициялар өсімінің сандық коэффициенті
C) бар инвестициялар өсімінде табыстың өсімінің сандық коэффициенті
D) табыстың абсалютті өсімі сомасының аналогтық инвестициялық өсімге қатынасы
E) бұндай қатынас болмайды

103. Пайыздық мөлшерлеме деңгейінің өзгерісі көрінеді:
A) ақшаға деген сұранымнан
B) қорлық құн ретінде ақшаға деген сұранымнан
C) істік ақшаға деген сұранымнан
D) жиынтық ақшаға деген сұранымнан
E) жиынтық ақша ұсынымынан

104. ЖҰӨ көлемін жоғарылату мақсатында ұлттық банк неге бағытталған шара колдануы керек:
A) банктік резервтерді өсіру
B) несиеге қол жетерлікті төмендету
C) несиеге қол жетерлікті жоғарылату
D) есептік мөлшерлемені жоғарылату
E) C, D

105. «Қымбат» ақша саясаты нені көрсетеді:
A) міндетті резервтер нормативін көтеру
B) есептік мөлшерлемені жоғарылату
C) есептік мөлшерлемені төмендету
D) міндетті резервтер нормативін төмендету
E) C, D

106. Айналымдағы ақша қысқарады, егер Ұлттық банк:
A) міндетті резервтер нормасын көтерсе
B) міндетті резервтер нормасын төмендетсе
C) есептік мөлшерлемені төмендетсе
D) есептік мөлшерлемені жоғарылатса
E) B, C

107. Несиеге пайыздық мөлшерлеменің инвестицияға қатынасы қандай:
A) пайыздық мөлшерлеме өсуімен инвестиция өседі
B) пайыздық мөлшерлеме өсуімен инвестиция азаяды
C) тұрақты пайыздық мөлшерлемеде инвестиция өседі
D) байланыс жоқ
E) пайыздық мөлшерлеме деңгейінің құлдырауымен инвестиция азаяды

108. Капиталдық салымдардың технологиялық құрылымы мынаған шығындар сомасының қатынасын көрсетеді:
A) құрылыс-монтаж жұмысы, ізденім-жоба қызметімен байланысты құрал-жабдыққа ие болу және құру
B) өнеркәсіпті, ауыл шарауашылықты, транспортты және т.б. дамыту
C) республика аймақтарын дамыту
D) қызмет ететін кәсіпорындарды кеңейту, өндеу, модернизациялау
E) қызмет ететін қуаттылықтарды қолдау техникалық қайта қаруландыру, жаңа кәсіпорындар құру

109. Капиталдық салымдарды тиімді қолдану көрсеткіштері мына көрсеткіштермен байланысты:
A) капиталдық салымдардың технологиялық құрылымы
B) капиталдық салымдардың салалық құрылымы
C) капиталдық салымдардың ұдайы өндірістік құрылымы
D) капиталдық салымдардың аймақтық құрылымы
E) B, D

110. ҚР Конституциясына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың басты функциясы:
A) сәйкес аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамдарын бекіту
B) әлеуметтік инфрақұрылым және өндіріс дамуының көрсеткіштерінің болуін бекіту
C) сәйкес аймақтың әлеуметтік бағдарламаларын және экономикалық жоспарларын бекіту
D) сәйкес аймақтың территориясындағы барлық шаруашылық субъектілердің стратегиялық даму жоспарын бекіту
E) тізбені және жергілікті салық мөлшерлемесін бекіту

111. ҚР Конституциясына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың басты функциясы:
A) аймақ шегінде халық шаруашылығын артықшылықты анықтау
B) сәйкес аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын болжау
C) жоспарлар әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар дайындау
D) шаруашылық субъектілер дамуының бағдарламаларын дайындау
E) бұндай функция анықталмаған

112. Жергілікті бюджет жоспарын және есептеуін кім бекітеді:
A) жергілікті атқарушы орган
B) жергілікті өкілетті орган
C) ҚР Президенті

D) ҚР Үкіметі
E) бюджеттік жоспарлау және экономика Министрлігі

113. Келтірілген стратегиялық жоспарлаудың анықтамаларының қайсысы дұрыс:
A) кәсіпкерді бірлестік қызығушылықтармен қыспақтамайтын заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік саяси қызығушылықтарының үйлесімділігін қамтамасыз ететін үрдіс
B) ұзақ мерзімдік болашақта белгілі бір басқару объектісіне тиімді қызмет етуді іске асыратын шешім қабылдау
C) үкіметтің мемлекеттің экономикалық саясатының жолдары мен тәсілдерін анықтау және ұйымдастыру мемлекеттің басты әлеуметтік-шаруашылық мақсаттарына жетудегі қызмет үрдісі
D) жобаға қарасты менеджерлермен қарастырылып отыратын күнделікті және майысқақ үрдіс
E) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси қызығушылықтарының үйлесімін қамтамасыз ететін үрдіс

114. Стратегиялық жоспарлау концепциясы нені білдіреді:
A) болжам, жоспар және бағдарламалардың жалпы ниеті
B) ресурстарды тиімді пайдалану жағдайында алдағы мақсатқа жылжу үрдісі
C) болжам, жоспар және бағдарламаларды дайындау процессінде қолданылатын басты әдістер мен қағидалар жиынтығы
D) экономиканың белгілі бір міндетін шешу және жоспарлаудың практикасы мен объектінің экономикалық заңдар ретінің жалпы қызметін көрсететін ұғым
E) жоспар кезеңінде әлеуметтік-экономикалық дамудың артықшылығын және глобалды мақсатын көрсететін жоспар, бағдарлама және болжамның жалпы ниеті және осыған жетудің жолдарын іздестіру

115. Стратегиялық жоспарлаудың ерекше белгісі:
A) жоспарланған объектінің ішкі және сыртқы ортасының өзгерісін алдын ала көру және оған бейімделу
B) әлеуметтік-экономикалық дамудың тактикалық мәселесін шешу
C) «жоғарыдан төмен» қағидасы бойынша жоспарлауды іске асыру
D) бір жылдан көп емес кезеңге жоспар дайындау
E) мемлекеттік ұлттық бағдарламаларды дайындау

116. Стратегиялық жоспарлау әдістемесіне жатады:
A) әлеуметтік және экономикалық процесстерді реттеу процессінде қоғам дамуының заңдар жүйесін танудан оны практикалық іске асыруға өтуін қамтамасыз ететін әдістер мен қағидалар жиынтығы
B) зерттеудің ғылыми әдістер жиынтығы
C) стратегиялық міндеттерді шешу жағдайларында нарық пен жоспардың диалектикалық ара-қатынасы
D) нарықпен басқарудағы әдістер, технико-экономикалық есептеулер, экономикалық заңдар жиынтығы
E) нарықпен және өндіріспен басқарудағы экономикалық заңдардың жиынтығы

117. Үкіметке заңдық сұрақтар бойынша көмек көрсету мақсатында құрылған Испания Конституциясымен жарғыланған ұйым:
A) ұлттық ассамблея
B) конгресс
C) қоғамдық әкімшілік
D) кортес
E) мемлекеттік кеңес

118. Стратегиялық жоспарлаудың әдістерінің дұрыс құрамы:
A) әлеуметтік-экономикалық анализ әдісі
B) статистикалық, математикалық, баланстік, орташа жылжымалық әдіс
C) әлеуметтік-экономикалық анализдер әдісі, нормативтік, баланстік, эксперттік, экономика-математикалық, жүйелік анализ және синтез әдісі, тура инженерлі-экономикалық есептеулер тәсілі
D) аналитикалық, тура есептеу әдісі, бағдарламалы-мақсатты, экономикалық-математикалық, тура инженерлі-экономикалық есептеулер тәсілі
E) баланстық, тура есептеу және жүйелік анализ және синтез әдісі

119.Табыстың өсімімен салықтың мөлшерлемесі де жоғарылайды, бұндай мөлшерлемеге жатады:
A) прогрессивті
B) регрессивті
C) катқыл
D) тепе-тең
E) жүзетін

120. Антиинфляциялық фискалдық саясат нені көздейді:
A) салықты және мемлекетік шығынды қысқарты
B) салықты жоғарылату және шығынды қысқарту
C) салықты және мемлекеттік шығынды жоғарылату
D) салықты және мемлекеттік шығынды төмендету
E) салықты төмендету

121. Стратегиялық жоспарлау жүйесінде басқару механизмі былай түсіндіріледі:

A) нарықтық механизмдердің қызметіне мемлекетің араласуы

B) барлық уақыт белдеуі мен деңгейінде стратегиялық жоспарлар мен тәсілдер жиынтығы

C) әкімшілік және экономикалық әдістер мен рычагтар арқылы экономикаға араласу

D) экономиканың ұзақ уақыт бойы тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуіне қажетті стратегия дайындау бойынша адамдардың практикалық қызметінің түрі

E) экономикаға әкімшілік әдістер арқылы араласу

122. Стратегиялық жоспарлау бойынша Агенствоның артықшылықтары:

A) ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарын дайындауда әдістік және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету

B) ұлттық есептеулердің ұлттық балансының координациялық жүйесін дайындауды іске асыру

C) индикативті жоспарды дайындау

D) стратегиялық жоспарлау және реттеу жүйесін жетілдіру және дамыту

E) стратегиялық жоспарды іске асыру бойынша мемлекеттік орган қызметін координациялау

123. Экономиканы мемлекеттік реттеуде басты әдістемелік ұғымда екі қағида есептеледі:

A) жүйелілік және тізбектілік

B) мамандандыру және пропорционалдқ

C) тізбектілік және үздіксіздік

D) жүйелілік және үздіксіздік

E) тура және тізбектілік

124. Экономикалық өсімді реттеудің басты бағытының бірі:

A) әлеуметтік-экономикалық ақпаратты жинау және анализдеу

B) экспорттық қызметті іске асыруда жасаушы компанияларға тура көмек

C) кәсіпорынды тура және жанама субсидиялауды тоқтату

D) мемлекеттік секторды қысқарту

E) антициклдік реттеу

125. Еріксіз көндіру, тиым салу, рұқсат беру шараларына бөлінстін құқықтық инфрақұрылыммен қамтамасыз етумен байланысты қызметті реттейтін рычагтар жиынтығы:

A) ақша-несие саясаты

B) экономикалық әдістер

C) институционалды әдістер

D) қаржы саясаты

E) әкімшілік әдістер

126. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының ағымды, орташа және қысқа мерзімдің жоспарлануының ұйымдастырушылық негізгі анықтамалары:
A) ҚР Үкіметімен
B) ҚР Президентімен
C) ҚР Парламентімен
D) стратегиялық жоспарлау бойынша Агенттікпен
E) Экономика және бюджетті жоспарлау Министрлігімен

127. Экономика және бюджетті жоспарлау Министрлігі қызметінің артықшылығы:
A) жоспарлардың орындалуын реттеуді іске асыру
B) болжамдық баланс және ұлттық есепшот жүйесін дайындау және үйлестіру
C) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативті жоспарын дайындау және іске асыруды әдістік және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету
D) орталық және жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен қысқа және орта мерзімдік индикативтік жоспар дайындау
E) жергілікті атқарушы органдарының қатысуымен қысқа және орта мерзімдік индикативтік жоспар дайындау

128. Стратегиялық жоспарлар мына қағида бойынша дайындалады:
A) «астынан – үстіне»
B) «мақсат үстіне – жоспар астына»
C) «үстінен астына»
D) «мақсат астына – жоспар үстіне»
E) «мақсат астына»

129. Стратегиялық жоспарлауда SWOT-анализ реттеуде түсіндіріледі:
A) жоспарлық мақсатқа жетудегі сыртқы, ішкі және ресурстық мүмкіншіліктерді анықтау
B) жоспарды іске асырудағы кездесетін бөгесіндер мен қауіп-қатерлерді ескере отыра объектінің күшті және әлсіз жақтарын анализдеу
C) мүмкін болатын қауіп-қатер мен бөгесіндерді уақытында анықтау
D) жоспарлау объектінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау
E) жоспарлау объектінің жағдайының негізгі деңгейін анықтау

130. Егер жұмыссыздықтың фактілі деңгейі оның табиғи деңгейінен 1 пайызға жоғары болса, ол ЖҰӨ-ді 2-2,5 пайызға артта қалуға әкеледі:
A) Оукен заңы
B) Фишис заңы
C) А. Смит заңы
D) А. Маршалл теориясы
E) Кейнс теориясы

Тесттік тапсырмалардың дұрыс жауаптары

Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап	Сұрақ нөмірі	Дұрыс жауап
1.	E	27.	A	53.	E	79.	B	105.	B
2.	C	28.	A	54	B	80.	E	106.	A
3.	C	29.	B	55.	D	81.	A	107.	E
4.	E	30.	C	56.	E	82.	C	108.	A
5.	D	31.	C	57.	B	83.	D	109.	A
6.	D	32.	D	58.	A	84.	C	110.	C
7.	B	33.	C	59.	C	85.	C	111.	D
8.	C	34.	B	60.	D	86.	E	112.	B
9.	B	35.	E	61.	E	87.	A	113.	C
10.	C	36.	D	62.	B	88.	B	114.	E
11.	D	37.	A	63.	D	89.	A	115.	A
12.	D	38.	C	64.	E	90.	C	116.	D
13.	E	39.	A	65.	A	91.	D	117.	E
14.	A	40.	B	66.	C	92.	C	118.	C
15.	D	41.	D	67.	B	93.	A	119.	A
16.	C	42.	B	68.	E	94.	B	120.	B
17.	D	43.	A	69.	C	95.	B	121.	B
18.	D	44.	E	70.	A	96.	D	122.	D
19.	B	45.	D	71.	D	97.	C	123.	A
20.	A	46.	E	72.	E	98.	C	124.	E
21.	A	47.	B	73.	B	99.	D	125.	E
22.	A	48.	C	74.	D	100.	A	126.	B
23.	A	49.	A	75.	C	101.	E	127.	C
24.	D	50.	C	76.	A	102.	B	128.	D
25.	A	51.	D	77.	D	103.	D	129.	B
26.	B	52.	A	78.	D	104.	C	130.	A

ГЛОССАРИЙ

Автоматты (кіріктірме) тұрақтандырғыштар – саяси шешімдерсіз, құлдырау кезіндегі жиынтық сұранысты ынталандыруға бағытталған қаржы-бюджеттік саясаттағы өзгерістер.

Адвалорлық кедендік баж – тауардың кедендік құнының белгілі бір пайыздық мөлшерін белгілеу.

Аймақтық салықтар – аймақтық бюджеттке аккумуляцияланған (жұмылдырылған) салықтар. Бұлар: кәсіпорын мүлкіне салық, табиғи ресурстарды қазып алуға салық.

Ақша жиынтығы – бұл тауарлар мен қызметтер үшін сатушылармен қабылданатын, қазіргі заманғы ақшалай қаражаттың жалпы сомасы.

Ақша-несие саясаты – инфляцияға қарсы күреске, ұлттық валюта бағамын қолдауға және нарықтың қалыпты жағдайда қызмет етуіне бағытталған мемлекеттің экономикалық саясатының құрам бөлігі.

Арзан ақша саясаты – несиені арзандату және беру тәртібін жеңілдету арқылы халық шаруашылығын дамыту, сондай-ақ елдің жиынтық шығындары мен жұмыс орындарын молайту.

Ашық нарықтағы операциялар – бұл есептік саясатты жоғарылату құралы. Орталық банк бағалы қағаздарды, банк акцептерін және басқа да кредиттік төлемдерді сатады және сатып алады.

Ашық экономикалық саясат – халықаралық еңбек бөлінісінде белсенді қатысатын, дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне кең интегралданған экономикалық саясат.

Баға кемсітушілігі – бір нарықта бірдей немесе біртектес тауарларды түрлі бағалармен әр түрлі сатып алушылар.

Бағаны және табысты реттеу саясаты – фискальдық және несие саясаты көп жағдайда баға мен табыстарды реттеудің құрамы бола алмайды. Сондықтан мемлекет барынша тікелей әсер ету құралдарын қолдануға тырысады. Осы мақсатта мемлекет баға мен табыстардың өсуінің жоғарғы иегін белгілейді, кейде олардың өсуіне тыйым салады.

Бекітілген табыстар - бұл бекітілген тәртіп негізінде немесе заңға сәйкес қатаң белгіленген тұрақты және ұзақ мерзімді кезеңге (5 жылдан кем емес) сәйкес бюджет деңгейіне түсетін аударымдар.

Бюджетаралық реттеу – теңгерімділік мақсаттарында жоғарғы бюджет ресурстарының бір бөлігін төменгі бюджетке беруден тұратын және керісінше, ақша қаражаттарын бөлудің жүйесі. Реттеу механизміне бюджеттік субвенциялар, бюджеттік алынымдар, реттеуші кіріс көздері жатады.

Бюджетке салықтық емес түсімдер – мемлекеттік меншікті және мемлекеттік мүлікті пайдаланудан, сыртқы экономикалық қызметтен,

мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден, мемлекеттік қарыздан, роялтидан түседі.

Дағдарысқа қарсы саясат – дағдарыс алдындағы жағдай мен экономикалық дағдарыстың дамуын жою кезеңдеріндегі экономикалық белсенділіктегі ауытқуларды реттеу бойынша мемлекеттік іс-шаралар жиынтығы.

Демпинг – фирма сатушыға пайда алуды қамтамасыз етпейтін тауарларды жасанды төмендетілген бағамен сату, ал кейде шығынның кей бөлігін жабу. Демпингтің пайдалылығы сонда, ол рыноктан бәсекелестерді ығыстырып шығаруға мүмкіндік береді.

Дисконттық саясат – несиелік институттарды қайта қаржыландыру жағдайының өзгеруімен ақша нарығындағы және капитал нарығындағы жағдайға ықпал ету.

Дискрециялық емес қазыналық (фискалдық) саясат – мемлекеттік шығындар мен салықтар деңгейіне қажетті өзгертулер автоматты түрде (автоматты тұрақтандырғыштар) енгізілетін пассивті саясат түрі, яғни үкіметтің арнайы шешімін талап етпейді.

Дискрециялық қазыналық (фискалдық) саясат – үкіметтің арнайы шешімі бойынша салықты, мемлекеттік бюджеттің сальдосын және мемлекеттік шығындардың көлемін мақсатты бағытта өзгерту.

Еңбек нарығы — бұл жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың жалпылама келісілген формасы.

Есеп-несие операциялары – есептеу операциясы және мемлекет пен банктерге қысқа мерзімді қарыз беру операциялары болып екі түрге бөлінеді.

Есептеу операциясы – орталық банктің мемлекет пен банктерден вексельдерді сатып алуы. Орталық банктің коммерциялық банктерден вексельдерді сатып алуын *вексельді қайта есептеу* деп атайды.

Жанама реттеу әдістері – негізінен адрессіз, бірақ барлық шаруашылық субъктілері үшін міндетті болып табылады. Олардың қызметі көбінесе экономикалық жағдайлардың шарттары нәтижесіне әсер етумен байланысты.

Жанама салық – бұл тауар немес қызмет бағасына үстеме түріндегі салықтар, олар өндірушімен емес, тұтынушымен төленеді. Оларға жататындар: қосымша құн салығы, акциздер, кеден баждары, монополиялық салық және т.б.

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі — бұл толық жұмысбастылық жағдайындағы жұмыссыздық деңгейі.

Индикативті жоспарлау – бұл нарық экономикасының қызметіне ықпал етудің негізгі әдістері, мемлекеттің әлеуметтік–экономикалық саясатын жүргізу құралы.

Интуициялық әдістер екі топқа бөлінеді: дербес эксперттік баға беру және коллективтік эксперттік баға беру әдістері. Бірінші топқа интервью жүргізу; логикалық анализ жасау. Екінші топқа: комиссия құру; коллективтік идеяны жинақтау және "Дельфин» әдісі кіреді.

Клейтон заңы – үкіметті қосымша өкілеттіліктермен қамтамасыз етте және монополияларға жеке соттық өкімдеге рұқсат берілді.

Консолидациялық бюджет – төменгі деңгей бюджеті (жергілікті бюджет) сәйкес бюджеттің қосындыларының жиынтығы. Яғни, облыстардың консолидациялық бюджетіне (аудан, облыс бюджеті) облыс-қала бюджеті жатады. Аудандық консолидациялық бюджетке аудан қалалардың, қала типтес бюджеттері жатады.

Қымбат ақша саясаты – ақша ұсынысын қысқарту аркылы қоғамның жиынтық шығындары мен инфляция деңгейін төмендету.

Қысқа мерзімді реттеулер – оның мақсаты – бірнеше айдың ішінде нәтижеге алуға есептелген ұдайы өндіріс процесіне әсер ету. Нарыққа өту жағдайында қысқа мерзімді реттеулер бағының шамадан тыс өсуімен күрес немесе мнфляцияны тоқтату үшін қолданылады. Қысқа мерзімді реттеудің мұндай бағыты дефляциялық саясат д.а.

Минималды бюджет – мемлекет минималды бюджет ұғымын қазіргі кездегі бюджеттің (ауыл, аудан) табыстарын есептеу үшін енгізіледі. Бұл жағдайда төменгі деңгей органдарының белгілі бір шығындары сәйкес жоғарғы органдардың бюджеті есебімен жабылады.

Несие-ақша саясаты – мемлекет нақты салалық және аймақтың проблемаларды шешу, ерекше мемлекеттік бағдарламарды жүзеге асыру максатты жеңілдікпен пайдаланатын несие береді.

Орталық банктің басты міндеті – ақша ұсынысын немесе жиынтығын бақылау және реттеу.

Реттеуші табыстар – бюджеттің табыстары мен шығындарының балансын сақтау мақсатында ағымдық-қаражылық жылда бекітілген нормативтер бойынша салықтардан және т.б. төлемдерден процеңттік аударымдардың түсуі.

Салық базасы – салық салынатын табыстың жалпы сомасы, яғни салық ставкасы қолданылатын табыс сомасы. Салық базасының көлемі салық салынатын табыстан заңды түрде алуға рұқсат етілетін шегерімдерден тәуелді.

Салық ставкаларын манипулияциялау – дамыған елдердің салық саясатының міндетті элементі. Қалыптасқан экономикалық жағдайға, шешілетін экономикалық міндеттерге, ҒТП-ны ынталандыру қажеттілігіне және құрылымдық өзгерістерге және басқа мәселелерге байланысты салық ставкалары төмендетілуі де, көтерілуі де мүмкін.

Салықтық түсімдер – міндетті салықтар түрлері және тұрғындардан, кәсіпкерлерден және мемлекеттік кәсіпорындардан алымдар.

Сыртқы қарыз – бұл шет мемлекеттерге, ұйымдарға және жеке тұлғаларға қарыз. Бұл қарыз – ел үшін үлкен ауыртпалық, өйткені, қарыз бойынша пайызды және қарыздың өзін қайтару үшін құнды тауарларды беру, белгілі бір қызмет көрсету қажет.

Сыртқы сауда саясаты – бір елдің басқа елдермен сауда қатынасына бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Табиғи монополия – белгілі бір қызмет түрлеріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелесті жағдай жасау мүмкін емес және қызметтің осы түрін көрсету және өндірістің технологиялық ерекшеліктеріне байланысты экономикалық мақсатқа лайықты емес, қызметтер.

Тактикалық жоспарлау – кәсіпорын басшылығында негізгі қызметтердің бәрі ғана емес, оның өзі жеке төрт қызметі түрінде кездеседі: Ұйымдастыру. Кадрлармен жұмыс істеу. Басшылық ету. Бақылау.

Тежеуші бюджет-салық саясаты (қазыналық шектеу) – экономикадағы циклдық өсуді тежеу мақсатын көздейді. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін, мемлекеттік шығындар төмендеп, салық мөлшері жоғарылайды немесе біріктірген, құрастырма шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Төтенше бюджет – елдегі төтенше жағдайлар енгізілген кезде бюджеттік заң негізінде белгіленетін ерекше құқықтық режим бюджеті.

Тікелей реттеу әдістері – көбінесе экономикалық процестердің өзіне және оның шамасына әсер етумен байланысты олар адрестік сипатта болады, яғни бір объектіге бағытталған.

Тікелей салық нақты жеке немесе заңды тұлғаның тікелей табысынан немесе мүлкінен белгіленеді. Олар екі түрге бөлінеді: нақты тікелей салық және жеке тікелей салық.

Ұзақ мерзімді реттеу – бірнеше және бойына нәтиже алуға есептелген ұдайы өндіріс процесіне мақсатты бағытта әсер ету б.т. нақты шаруашылық немесе белгілі бір әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу үшін қолданылатын арнайы шаралар жиынтығы түрінде болатын мақсатты бағдарлама ұзақ мерзімді реттеудің барынша тиімді түрі т.б.

Үкіметтік сауда комиссиясының заңы – антитресттік заңның әрекет етуін күшейту мақсатында комиссия құрылды.

Фискалдық саясат – мемлекеттік бюджеттік реттеу құралдарын қамтиды. Бұған ең алдымен мемлекеттік сатып алуды көбейту немесе азайту, ірі қаржылар жұмсау бағдарламасы, әлеуметтік төлемдер, кейбір

өндіріс салаларына, кәсіпорындарға бюджеттің есебінен берілетін жәрдем қаржылар (субсидия), салық шаралары жатады.

Целлер-Кефорер заңы – әртүрлі типтегі компаниялардың бірігуіне қарсы қабылданған заң.

Шерман заңы – монополияны қалыптастыруға немесе кәсіпорындардың сол мақсаттағы келісіп алуларына қарсы қабылданған.

Ынталандырушы бюджеттік-салық саясаты (қазыналық экспансия) – бұл саясат қысқа мерзімді кезеңде экономикадағы циклдық құлдырауды жою мақсатын көздейді.

Ығыстыру эффектісі (әсері) – бюджеттік экспансия нәтижесінде пайыздық ставканың жоғарылауымен болатын сұраныстың азаюы.

Ішкі қарыз – бұл мемлекеттің өз қалқына, сонымен бірге бюджеттен тыс қорларға, мысалы зейнетақы қорына немесе әлеуметтік сақтандыру қорына қарызы.

Экологиялық аудиттеу – кәсіпорындардың табиғатты ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің жай-күйін тексеру.

Экологиялық нормалау – ПДК қорғау саласында нормативтер белгілеу.

Экономикалық белсенді халық (жұмыс күші) — бұл еңбекке қабілеті бар және жұмыс істеуге дайын адамдар. Олардың құрамына жұмысшылар және белсенді түрде жұмыс іздеп жүргендер кіреді.

Экономикалық өсу деп экономикалық өмірдің қозғалысы, экономика элементтерінің даму үрдісі (өндіру көлемі, баға деңгейі, жұмыссыздық деңгейі және т.б.) түсініледі.

Экономикалық цикл – бұл экономика деңгейінің құлдырауы мен көтерілуінің бірнеше жылдар аралығында қайталануы.

Хасенова Кенжегүл Құлмұратқызы

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Оқу құралы

Шығарушы редактор Байкадамова М.С.
Компьютерде беттеген Әсіл М.Б.

Басылуға 11.05. 2013 ж. қол қойылды
. Пішімі 1/16. Көлем- 9,94. Офсеттік қағаз.
Таралымы 1500 дана. Тапсырыс № 346

Баспа орталығы «Профи-Полиграф»
010000, Астана қ., Ташенов көшесі 19, офис 84
тел. 8 (7172) 39-81-18, 39-81-69.